1. Ты натер ногу в пути, как облегчить боль? (Приложить лист подорожника.)

2. Плоды каких кустарников богаты витамином С? (Черной смородины, шиповника.)

3. Какая лесная ягода может заменить лимон? (Клюква, она содержит лимонную кислоту.)

4. Какую траву любят кошки? При каких болезнях она помогает людям? (Валериана. Капли и настои валерианы употребляют при бессоннице).

5. Какое болотное растение можно использовать вместо йода и ваты? (Мох сфагнум, или торфяной мох. Мох хорошо впитывает и содержит дезинфицирующее вещество.)

Категория «Знатоки родной природы»

1. В старину этого зверька называли векша. Он грациозен и красив. Его детёныши рождаются голыми, зато потом щеголяют в рыжих пушистых нарядах. Зверек очень доверчив. (Белка)

2. Почему, особенно весной, в начале лета нельзя шуметь в лесу, включать музыку, жечь костры? (Шум, запах дыма пугают лесных обитателей, заставляют птиц бросать гнезда, зверей - искать укромные места.)

3. Этого жучка издавна называли «солнышко». Он красненький и кругленький, очень безобидный, никому не опасен, кроме тли. На сгибах ножек у него появляется жидкость, похожая на молочко, что и натолкнуло людей на мысль о названии этого жучка. (Божья коровка)

4. Какую роль играет ива для берега реки, водохранилища? (Своими корнями ива укрепляет берега, защищает от излишнего испарения воды.)

5. Кто не удивляется их трудолюбию и терпению! Ежегодно они могут приносить в свой дом килограмм всякой добычи, около 1000 000 насекомых. Этим они полезны лесному хозяйству. Но они разводят как пастухи массу тлей - в этом их вред, который, однако, мал по сравнению с пользой. (Муравьи)

Категория «Их нужно спасти»

1. Довольно крупная птица, массой 23- 33 гр., с коротким толстым клювом на голове черная шапочка, у самца грудь и часть брюшка красного цвета. (снегирь)

2. Эта птица массой от 300 до 350 гр., размером с грача. Черного цвета с красной шапочкой на голове. Клюв прямой, крепкий, приспособленный к дроблению древесины. (дятел).

3. Блестяще – черная сверху, с ярко – белой поясицей, низ тела полностью белый. Поселяются колониями. Гнезда лепные крепят к зданиям в виде неполного полушария. (ласточка)

4. Размером с дрозда, масса 50 -100гр. Гнездится в лесистых местах. Окрас ярко-желтый с черными крыльями и хвостом. Самки прекрасно поют. Гнезда висят, в виде гамака или корзинки. (иволга)

5. В Казахстане гнездится в лесостепной зоне. Величиной с воробья масса 18 – 26 граммов. У самца оперение многоцветное, голова серо – стальная, спина коричневая, поясица желто – зеленая, грудь вишневого цвета. Поют громко. Первые трели выводят четко – зябь, зябь. (зяблик)

Ведущий: Все команды прекрасно справились с конкурсом «Эрудит». Думаю, что каждый из вас приложит силы к тому, чтобы предотвратить экологическую катастрофу. Пусть это будет посаженное вашими руками дерево или сохраненный уголок природы, вовремя потушенный пожар или костёр, заботливо расчищенный ручеек, защищенные гнёзда и муравейники.

Ведущий: Ни леса, ни реки, ни озёра, ни звери, ни птицы не могут защитить себя. Это должны сделать мы. Пусть пока немного. Что для этого нужно? Давайте разберёмся (раздаём зелёные и красные

карточки). Если согласны с высказыванием — поднимите над головой желтую карточку, если не согласны — оранжевую.

Внимательно слушайте и постарайтесь правильно отвечать за правильный ответ - жетон.

Сделать кормушки для птиц

Перенести муравейник в безопасное место, если он занимает лучшее место для палатки.

Из самых красивых цветов в лесу, собрать букет для мамы.

Не оставлять мусор после себя, сжечь его.

Чтобы не ехать в город на грязной машине, помыть её в реке.

Собрать мусор на берегу и сбросить его в реку.

Принести из леса ёжика и устроить ему дома тёплое гнездо.

Собрать мусор и спрятать в укромном месте.

Срубить березку для костра.

Собрать мусор и увезти его в специально отведенное место

Ведущий (2):

Вот и закончилось наше путешествие в мир природы. Надеюсь, что вам захочется вспомнить прочитанное, понаблюдать еще раз за поведением птиц и зверей, послушать повнимательнее песенки соловья и жаворонка. И очень может быть, что сегодня вы открыли для себя что-то необыкновенное.

Ведущий (1) А наше жюри подведет итоги.

Ведущий (2):

Нам жить в одной семье,

Нам петь в одном кругу,

Идти в одном строю,

Лететь в одном полете...

Давайте сохраним

Ромашку на лугу,

Кувшинку на реке

И клюкву на болоте.

О как природа-мать

Терпима и добра!..

Но чтоб ее

Лихая участь не постигла,

Давайте сохраним

На стрежнях - осетра,

Касатку - в небесах,

В таежных дебрях - тигра.

Коль суждено дышать

Нам воздухом одним,

Давайте

Наши души сохраним,

Тогда мы на земле

И сами сохранимся...

Ведущий: Теперь я уверена, что вы не навредите природе. И лесные жители будут ждать вас как добрых друзей!

Литература:

1. Акимовский И. Мир животных: Птицы. Рыбы, земноводные и пресмыкающиеся. - М. : Мысль, 1989. - 462 с.:ил.
2. Головкин Б. Н. О чем говорят названия растений. - М.: Агропромиздат, 1986. - 160 с.
3. Демина Л. А. Земля в вопросах, загадках, ребусах, кроссвордах. - М.: МИРОС, 1994. - 144 с.
4. Колвин Л., Спир Э. Живой мир: Энциклопедия. - М.: РОСМЭН, 1999. - 127 с.

Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы
Гродеково орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы
Суанбекова Роза Зикирияевна



«МАТЕМАТИКА - ӨМІРДЕ». ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫСҚАН БІЛІМ

Қазіргі заманда математика - тек теориялық ғылым емес, ол күнделікті өмірде, түрлі кәсіптерде, заманауи технологияларда кеңінен қолданылатын маңызды құрал. Осыны ескере отырып, "Математика өмірде" таңдаулы курсы әзірледім. Бұл бағдарлама оқушылардың математикалық сауаттылығын арттырумен қатар, оны нақты өмірлік жағдайларда қолдана білуге үйретуге бағытталған. Ұсынылып отырған бағдарлама 4 - сыныптың математика сабағына қосымша материал. «Математика өмірде» атты бағдарламаны білім алушыларға алған білімдерін практикада қолдана білуге бағыттап дайындадым. Бағдарлама білім алушылардың математикалық сауаттылықтарын қалыптастыруға, нақты өмірлік жағдаяттармен байланысты әртүрлі процестердің математикалық модельдерін құру дағдыларын дамытуға, логикалық, сыни және кеңістіктік ойлауды дамытуға бағытталған. Бұл бағдарлама білім алушылардың білім дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарының вариативті компонентінің құрамдас бөлігі. Мемлекеттік білім стандарты талаптарына және білім беру мекемесінің талаптарына сәйкес жасалған. Әр тапсырма бойынша берілген жұмыстар оқушылардың өздігінен ойланып жұмыс істеуіне, олардың ауызша, жазбаша тілін дамытуға септігін тигізеді. Бұл бағдарлама білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, негізгі және пәндік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. «Математика өмірде» бағдарламасы «Жалпы білім беретін ұйымдарға арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (ҚР Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы) сәйкес TIMSS халықаралық зерттеулерінің тапсырмалары қамтылды. Алынған тапсырмалар оқушыны мәселені талдау, нақтылау, ұғымды анықтау, ойын дәлелдеуге жаттықтырады. Бұл бағдарламаны құрылымында математиканы оқытуда жаңа технологияларды, зерттеушілік әдістерді және сараланған оқыту тәсілдерін тиімді үйлестіруге тырыстым. Оқушылардың математикалық сауаттылығын, пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында Wordwall, ClassDojo, view.genially.com, Lumio платформаларын тиімді қолдандым.

Бағдарламаның өзектілігі

Математика - адамзаттың өмірінде үлкен рөл атқаратын ғылым. Ол тек есептерді шығару мен формулаларды жаттаумен шектелмейді. Математикалық білім күнделікті өмірімізде, кәсіпкерлікте, техникада, экономикада, медицинада және басқа да салаларда кеңінен қолданылады. Алайда мектеп оқушылары, әсіресе бастауыш сынып оқушылары математика пәнінің өмірмен байланысын жиі түсінбей, оны тек теориялық пән ретінде қабылдайды. Осы мәселені шешу үшін «Математика - өмірде» атты бағдарламасын әзірледім. Бұл бағдарлама оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуіне бағытталған.

Мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның негізгі мақсаты - оқушыларға математиканың тек мектеп пәні емес, шынайы өмірдің маңызды бөлігі екенін көрсету. Алған білімдерін өмір жағдаяттарымен ұштастыруға бейімдеу. Ол үшін келесі міндеттерді қойдым.

- Математикалық білімді өмірлік жағдайларда қолдануға үйрету.

- Логикалық ойлау мен талдау қабілеттерін дамыту.
- Түрлі кәсіптерде математиканың рөлін көрсету.
- Оқушылардың зерттеу дағдыларын жетілдіру.

Бағдарламаның мазмұны

Бұл бағдарлама теориялық және практикалық бөлімдерден тұрады. Теориялық бөлімде математиканың негізгі ұғымдары өмірлік жағдайлармен байланыстыру арқылы түсіндіріледі. Ал практикалық бөлімде оқушылар нақты есептерді шешу арқылы өз білімдерін іс жүзінде қолданады.

Бағдарлама 5 бөлімнен тұрады:

I бөлім: Арифметика сыры 7 сағат – деңгейлеп оқыту тапсырмаларын орындау, сандар арасындығы заңдылықты анықтау, сандар тізбегін жалғастыру, математикалық фокустар құпиясын білу, сандар мен фигура арасындағы байланысты табу, сурет бойынша теңдеу құрастыру, бөлім бойынша алған білімін сынақ сабақ арқылы бекіту, өзін-өзі бағалау.

II бөлім: Қызықты геометриялық фигуралар 4 сағат- бұрыштардың ерекшелігін анықтау, білу, түсіну, түсіндіру, бас қатырғыш формулалардың құпиясын меңгеру, талдау, қоршаған ортамен байланыстыру, салыстыру, фигуралардың ерекшелігін, айырмашылығын ажырату, бөлім бойынша алған білімін сынақ сабақ арқылы бекіту, өзін-өзі бағалау.

III бөлім: Логикалық ойлауды жетілдіру 5 сағат- қызықты есептерді шығару, түсіндіру, талдау, математикалық сауаттылыққа берілген тапсырмаларды тиімді жолмен шығару, өмірмен байланыстырады, анализ жасау, сұйықтарды құю есебі, шамалармен есептер шығару, екітаңбалы сандардың бөлінгіштік қасиеттерін анықтау, бөлім бойынша алған білімін сынақ сабақ арқылы бекіту, өзін-өзі бағалау.

IV бөлім: Керемет бөлшектер 13 сағат - жай бөлшектерді ажырату, жай бөлшектермен есептер шығару, жай бөлшектер мен аралас сандарды қосу және азайту, есептер шығару, халық есептері, жай бөлшектер мен аралас сандарды көбейту және бөлу, бірлесіп орындалатын есептер, ондық бөлшектерді қосу және азайту, ондық бөлшектерді көбейту және бөлу, бөлім бойынша алған білімін сынақ сабақ арқылы бекіту, өзін-өзі бағалау.

V бөлім: Пайыздарға берілген есептер 5 сағат- Пайыздарға берілген есептерді шығару, өмірде жиі кездесетін есептерді талдау, тұжырымдау, қорытындылау, бөлім бойынша алған білімін сынақ сабақ арқылы бекіту, өзін-өзі бағалау.

Бағдарламаны жүзеге асыру әдістері

- Тәжірибелік сабақтар
- Жобалық жұмыстар
- Интерактивті ойындар
- Жеке, жұптық және топтық зерттеу жұмыстары

Күтілетін нәтижелері

- Өз бетінше есептер шығарып, математикалық модельдер құра алады;
- Математиканың өмірдегі рөлін түсінеді.
- Логикалық және сыни ойлау дағдыларын дамытады.
- Күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуде математиканы қолдана алады.

Қорытынды


Ойымды қорыта айтқанда, "Математика - өмірде" бағдарламасы оқушылардың математикалық сауаттылығын арттырумен қатар, олардың өмірге деген көзқарасын жаңаша қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл бағдарлама арқылы әрбір оқушы математика тек теориялық ғылым ғана емес, өмірдің барлық саласында маңызды рөл атқаратынын түсінеді. "Математика - өмірде" атты бағдарламам - оқушылардың математикаға деген көзқарасын өзгертіп, оны өмірлік қажетті құрал ретінде қабылдауына мүмкіндік беретін ерекше бағдарлама. Бұл курс арқылы оқушылар болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдауға, күнделікті өмірдегі есептерді шешуге және ғылыми-техникалық прогреске үлес қосуға дайындалады.

Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы
 №5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі
 Ағылшын тілі мұғалімі, педагог- модератор
 Исмаилова Айгерим Болатбековна



VOCABULARY AND LANGUAGE FOCUS. LITERARY GENRES

Unit 5 Reading for pleasure		Lesson 49	
School		Secondary School № 5	
Teacher name:		Ismailova A.B.	
Date:			
Grade: 9		Number present:	absent:
Lesson title	Vocabulary and language Focus. Literary genres.		
Learning objectives	9. 2. 6. 1 to determine the meaning from the context in a long conversation on various general and educational topics; 9. 3. 4. 1 to respond to unexpected comments within general and educational topics with a certain level of 9. 4. 2. 1 understand specific information in texts within the context of familiar general and reading topics, including some longer texts;		
Lesson objectives	Learners will be able to: - Learn how to make compound nouns to describe literary genres. - Practice using complex compound nouns to describe books. - Do a quiz on recognizing literary genres.		
Value links	"Law and Order" Know the basics of the legal system and human rights		
Plan			

Stages / Time	Teachers' actions	Students' actions	Assessment criteria	Resources
Beginning of the lesson 5 min	1. Greeting. Ask about the weather. <u>Warm-up</u> With books closed, write literature on the board. Ask students what they think it means. Ask: Are all novels literature? Encourage them to come to a conclusion by themselves. You might want to tell them literature often refers to books in which the writing is considered superior. <u>Lead – In</u> 	The aim: To develop Ss speaking skills and create friendly atmosphere Efficiency: By telling the wishes they show their appreciations .	At the organization moment T tries to award active Ss. <u>«The praise»</u> method is used to evaluate Ss with phrases like: “Good job! Well done!”	

Middle of the lesson Presentat ion part. 35 min	Ex:1 P:56 In pairs, students make a list of all the genres of books they can remember. Set a time limit. Ask a pair to read their list out and ask other students to add to it Differentiation: «Verbal support» method is used to help Students use new words in the text. Ex: 2 P:56 Ask a few students about the books they like to read. Ask: What genre is it? Then ask for more details. When was it written? If students say it was written a few years ago, tell them it is a contemporary novel. Ask: Who tells the story? Does the writer use I (the first person) or do they talk about the main character as he / she (the third person)? Continue to ask questions about the theme, building up a description of the book, until you can produce a description such as It's a contemporary novel about teenagers, written in the first person Ex: 3 P:56 Draw students' attention to the book covers in the quiz. In pairs and without reading the texts, students decide what the genres are from the cover photos. Invite students to give their answers to the class and explain why they came up with their description. Ex: 4 P:57 Remind students of the books in exercise 3. Ask them what the names of the books are and to briefly summarize them. Tell students they are going to listen to five people talking about the books and that they need to listen to what they say and match their descriptions with the books. Allow students to check their answers in pairs before replaying the recording. Ex: 5 P:57 Focus students' attention on the five descriptions of books on page 57 and the table. Tell students that each description is for a different type of book.	Students in pairs, make a list of all the genres of books you know. ANSWERS: adventure story, romance, horror, science-fiction, mystery, crime, humorous, thriller, poetry, drama Students put the words in order to make complex noun phrases to describe books ANSWERS: 1 nineteenth century romantic poetry 2 historical drama about social injustice 3 romantic novel told in the third person 4 twentieth century adventure story from an animal's point of view 5 nineteenth century gothic novel told in the first person Students read the literary extracts . Then match them with the descriptions in exercise 2 ANSWERS: A nineteenth century romantic poetry B historical drama about social injustice C romantic novel told in the third person D twentieth century adventure story from an animal's point of view E nineteenth century gothic novel narrated in the first person Students listen to two people talking about the books in exercise 3. Which of the books A–E are they talking about? ANSWERS: 1 Call of the wild 2 Daffodils 3 Wuthering Heights 4 Persuasion 5 The prince and the Pauper Students read the information about genres, and describe them using words in the table.	Descriptor: -work in pairs - make a list of all the genres Descriptor: - put the words in order - make complex noun phrases -Make CCQ questions Yes / No Descriptor: - read the literary extracts - match them with the descriptions  Descriptor: - listen to two people talking - match their descriptions with the books Descriptor:	
---	---	--	--	--

	Explain that the table will give students the word order for complex noun phrases the need to use to describe the genres. Students work in pairs to create phrases. Check answers as a class and go through any differences students have in their descriptions.	ANSWERS: 2 historical poem 3 contemporary fiction 4 contemporary spy story 5 Victorian horror story	- read the information - use words in the table	
End of the lesson 5 min	Giving the homework. Ex: 1 P:38 wb Self-reflection	Peer-assessment. Two stars and a wish. - You did a really good job on ... - I really like how you ... Maybe you could ...	Students use their stickers to show their knowledge according to the lesson.	Poster Success 

Алматы облысы, Іле ауданы, Ақсай ауылы
 "Ю.А.Гагарин атындағы № 16 орта мектеп" МКМ
 Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-сарапшы
 Тоганбаева Айнур Мамырбековна

МЕКТЕПТЕ ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бүгінгі таңда білім саласының алдында тұрған басты міндет-ұлттық құндылықтарды заманауи білім беру жүйесімен үйлестіру. Өйткені ұлттық құндылық-ұлттың ұлт болып қалуының негізі. Осы орайда халық ауыз әдебиетінің мол мұрасымен сусындатып, ұлттық нәрімізді бала бойына сіңіруіміз қажет.

Жыраулар поэзиясы-өткен тарихымыздан хабардар етіп, туған тіліміздің мол байлығымен оқушы бойында тілдік дағды, құзыреттілік қалыптастыруымен маңызды болып саналады. Сонымен қатар олардың тәрбиелік мәні де зор. Мәселен Асан қайғының:

Еділ бол да Жайық бол,
 Ешкімменен ұрыспа.
 Жолдасыңа жау тисе,
 Жаныңды аяп тұрыспа,-

деген жыр жолдарының ғибраты арқылы ынтымақ, бірлік мәселелері насихатталады.

Ал осы жыраулар поэзиясын мектепте қалай оқытып жүрміз? Жыраулар поэзиясының тәрбиелік мәнін оқушы бойына қалай дарытуға болады?-деген сұрақтарға жауап бере отырып, өз тәжірибеммен бөлісейін.

Жыраулар поэзиясының халықтың тәрбие-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен ұлттық болмысын бойға сіңіруде орны ерекше. Өйткені жыраулардың толғаулары арқылы ұлттық құндылықтарға баули аламыз. Сонымен қатар қазақ әдебиеті пәнінен оқушы қол жеткізуге тиісті оқу мақсаттарының кейбірі ұлттық құндылықтарға негізделген.

5.3.1.1 Шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау;

6.3.3.2 Шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;

7.3.3.1.Шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;

7.3.1.1. Кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру;

8.1.2.1. Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;

8.3.1.1. Шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау;

9.3.1.1 Шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау;

Міне, жоғарыда аталған оқу мақсаттары жыраулар поэзиясы арқылы білім алушылар бойында ұлттық құндылықтар қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан жыраулар поэзиясын оқыту барысында мынадай тапсырмалар беруге болады:

Сабақтың тақырыбы: Доспамбет жырау. «Қоғалы көлдер, қом сулар»

Оқу мақсаты: 6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру.

Сабақ мақсаты: Оқушыларды шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беруге үйрету.

Тапсырма

1. Өлеңнің тарихи және көркемдік құндылығын анықтаңыздар
2. Өлеңнің тарихи және көркемдік құндылығына бүгінгі заман тұрғысынан баға беріңіздер
3. «Қоғалы көлдер, қом сулар» өлеңіндегі негізгі ойды анықтап, «Қоғалы көлдер, қом сулар» өлеңінің тарихи құндылығы» тақырыбында 80-100 сөзден тұратын әдеби эссе жазыңыздар.

Осы тапсырмаларға мынандай әдістер қолдануға болады. Бұл жерде топтық жұмысқа ұсынылатын тапсырмалардың мәні зор. Жұптық жұмыстарға шағын кестелер мен салыстырма материалдарды, ұсынған тиімді.

«Тыңдап отырған үштік» әдісі бойынша оқушылар үш-үштен жұптасады да, өзара «шешен», «тілші», «хатшы» рөлдерін алады. Шешен рөліндегі оқушы тілшінің сұрақтарына жауап берсе, хатшы сұрақ пен жауаптың ұтымды не әлсіз тұстарын жазып отырады да, соңында қорытынды жасайды. Бұл әдістің тиімділігінің бір қыры, шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстырып, құндылығына баға беріп, аз уақытта көп мәлімет алуында болса, екіншіден, оқушы талданатын мәселеге сұрақ даярлау барысында тереңірек ойланады әрі сұрақ қою мен жауап беру, бағалау дағдылары қалыптасады.

Сабақтың тақырыбы: «Айналайын, Ақжайық» толғауы

Оқу мақсаты: 6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау

Сабақ мақсаты: Оқушыларға шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасауды үйрету.

Тапсырма

1. «Айналайын, Ақжайық» толғауында көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлін анықтаңыздар
2. Шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы 70-80 сөзден тұратын сыни хабарлама жасаңыздар

Осы тапсырмаларға орай мынандай жұмыстар жүргізуге болады: жеке, жұптық, топтық. Шағын және үлкен топтарда «уақыт шеңбері», «джиксо» (мазайка), «ақылдының алты қалпағы», «сұрақтар шеңбері», «ыстық орындық» әдістерін қолданып шығармадағы көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлін анықтап, талқылауды жүргізуге болады.

«Шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі» немесе «Жыраулық дәстүрге» қатысты методологиялық карта құрудың да маңызы бөлек. Ынтымақтастық оқытуда кері байланыс пен бағалаудың рөлі зор. Кері байланысты шағын эссе, сыни хабарлама, бастаған өлең немесе «екі жұлдыз, бір тілек» түрінде қабылдауға болады.

Жыраулар поэзиясын меңгергенде шығарманың рухани және ұлттық құндылығын таныта отырып, бала бойына дарыту көзделеді. Мәселен, Ақтамберді жыраудың «Балаларыма өсиет» өлеңі бойынша тапсырмаларды оқу мақсатына негіздей отырып, балалардың бойында адамгершілік, адалдық сынды асыл қасиеттерді сіңіре аламыз.

Сабақтың тақырыбы: Ақтамберді Сарыұлы «Балаларыма өсиет» толғауы

Оқу мақсаты: 8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу

Сабақ мақсаты: Оқушылар шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашуды үйренеді.

Тапсырма

1. «Балаларыма өсиет» толғауында Ақтамберді жырау қандай өсиет айтады?
2. Жырау айтқан өсиеттердің ұлттық мүддемен байланысын анықтаңыздар
3. Жырау толғауындағы идея мен пафосты ұлттық мүддемен байланыстырып, ғылыми жобаның кіріспе бөлімін әзірлеңіздер.

Осы тапсырмаларға сай мынандай әдіс қолдануға болады. «Үш қадамдық сұхбат» әдісінде төрт адамнан тұратын топтарды жұптарға бөлеміз: А және Ә, Б және В. Бірінші қадамда А Ә-ден, ал Б В-дан сұхбат алады. Екінші қадам бойынша керісінше Ә А-дан, ал В Б-дан сұхбат алады. Үшінші қадамда әр оқушы өз жұбынан алған ақпарат бойынша төрт адамдық топ ішінде бөліседі.

«Жұптық әңгімені» де сұрақ-жауапқа негіздей отырып жүргіземіз. Басты мақсат оқушылар өздері сұрақ даярлай отырып, оған топтың басқа мүшесінің ой-пікірін айтады, берілген тақырыптың ұлттық мүддемен байланысын анықтайды. Алған мәліметті топта талқылайды.

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әр түрлі салада қолдана білуін талап етеді. Жыраулар поэзиясы оқушыларға «21 ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттіліктерді меңгеруге мүмкіндік береді.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, мұғалімдер еңбегі сырттай қарағанда елеусіз тірлік сияқты болып көрінеді. Әйтсе де олар ұлы істер, ұлт мерейін өсіретін болашақ тұлғаларды тәрбиелеп жатқан жандар. Олардың алдынан біздің келешектегі көсегемізді көгертіп, керегемізді ұлғайтар кесек тұлғалар қанаттанып жатыр. Олай болса, білім беру мазмұнының түбегейлі тамырлы өзгерісінде ұлттық құндылықтармен қаруланған, бәсекеге қабілетті тұлғаны даярлау міндетімізді мүлтіксіз атқара білейік,-дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сабақ тиімділігін арттыратын 370 әдіс: әдістемелік нұсқаулық/ Б.К.Умирәлиева, З.А.Сапарбаева Шымкент- «Нұрдана-LTD» баспасы, 2017 ж
2. «Қазақстан мектебі» журналы №2 2007ж 42-бет

Атырау қаласы

" Атырау облысы Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы" мемлекеттік мекемесі

Тәрбиеші

Аймағамбетова Айнұр Қайратовна



КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ БЕЙІМДЕУ ОРТАЛЫҒЫ ЖАСӨСПІРІМДІ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ

Аннотация: мақала кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының маңыздылығына арналған. Мақалада мұндай орталықтардың жасөспірімдерге әлеуметтік бейімделу, психологиялық қолдау көрсету, құқықтық тәрбие беру, тұлғалық даму мен қоғамға қайта бейімделуде атқаратын рөлі қарастырылады. Әлеуметтік-реабилитациялық орталықтар жасөспірімдерге қиын жағдайлардан кейін қоғамға қайта оралу үшін қажетті дағдылар мен білім беру арқылы олардың толыққанды тұлға болып қалыптасуына көмектеседі. Қоғамның осы орталықтар арқылы жасөспірімдердің дамуы мен қалыптасуы үшін бірігіп жұмыс істеуі маңызды екенін атап өту қажет.

Кілт сөздер: кәмелетке толмағандар, бейімдеу орталығы, әлеуметтік бейімделу, психологиялық қолдау, құқықтық тәрбие, тұлғалық даму, әлеуметтік-реабилитациялық орталық, жасөспірімдер, қоғамға бейімделу, реабилитация.

Жасөспірімдік кезең — адамның өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Бұл кезең физиологиялық, психологиялық және социокультурлық өзгерістердің көптігімен ерекшеленеді. Жасөспірімдік шақ қарқынды өсу, ағзаның ішкі жүйелерінде үлкен өзгерістер, сондай-ақ когнитивтік және эмоциялық құрылымдарда күрделі қайта құрулармен сипатталады.

Жасөспірімдік кезеңнің маңызды ерекшелігі — ересек өмірге бейімделуге қабілетті, жетілген тұлғаның қалыптасуы. Бұл процесс барысында жасөспірім өз жеке қасиеттерін түсініп, қоршаған ортаға, әлеуметтік талаптарға жауап бере отырып, өзін-өзі анықтауға тырысады. Сонымен қатар, жасөспірімдер өздеріне тән ерекшеліктермен және көзқарастарымен ерекшеленетін адамдардың ортасында қарым-қатынас жасауды үйренеді. Бұл кезеңде тұлғаның жан-жақты дамуы мен әлеуметтенуі маңызды рөл атқарады.

Ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасөспірімнің өмірінде үлкен орын алады. Ата-аналар мен мұғалімдерге деген қарым-қатынас, сондай-ақ құрдастарымен болатын өзара іс-қимыл жасөспірімнің дүниетанымына, құндылықтарына және жеке көзқарастарына ықпал етеді. Әлеуметтік орта мен тұлғааралық қатынастардың өзгеруі жасөспірімнің өзіндік санасын қалыптастыруына әсер етеді.

Жасөспірімдердің дамуында маңызды аспект — бұл олардың эмоциялық тұрақтылығын, өзіндік бағалауын және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру. Бұл жастағы адамдар өздерін көрсету, өз пікірін білдіру және айналасындағылармен өзара әрекеттесу арқылы әлемді тануға тырысады. Сонымен қатар, осы кезеңде жасөспірімдер өзіндік тұлғалық қасиеттерді және өмірлік мақсаттарды айқындау процесінде болады. Осы кезеңде жасөспірімнің тұлғалық дамуына теріс әсер ететін бірқатар факторлар бар:

- Құрдастардың теріс ықпалы, әртүрлі стресстік жағдайларға жоғары сезімталдық;
- Мектепте бейімделу қиындықтары;
- Әлеуметтік желілер мен интернеттің теріс ықпалы;
- Психикалық және психологиялық мәселелердің болуы немесе күшеюі (депрессия, алаңдаушылық, өзін-өзі төмен бағалау);
- Алкоголь, есірткі және басқа да зиянды әдеттер.

Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында тәрбиеленетін жасөспірімдер ерекше топты құрайды. Бұл топтың құрамына физиологиялық, психологиялық ерекшеліктері мен қиын жағдайларға тап болу себептері ескерілетін жасөспірімдер кіреді. Орталыққа мұқтаж жасөспірімдерге мынадай категориялар кіреді: – Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

- Мінез-құлық ауытқулары бар жасөспірімдер;
- Мүгедектігі бар жасөспірімдер.

Бұл балалар ерекше көмекке мұқтаж, сондықтан олар үшін арнайы әдіс-тәсілдер мен қолдау қажет.

Мұндай жасөспірімдер жиі қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау кезінде қиындықтарға тап болады, себебі олар сенім білдіруге қорқады және коммуникативтік дағдыларының жетіспеушілігінен эмоцияларды толықтай түсіну мүмкіндігіне ие емес. Оларда жиі қатыгездік, немқұрайдылық және қарым-қатынаста қақтығыстар сияқты қасиеттер қалыптасады. Мұның бәрі болашақта тұлғаның қалыптасуына теріс әсер етіп, әлеуметтік дағдыларды пайдалану, эмоцияларды білдіру және денсаулықты сақтайтын адамаралық қатынастарды орнату мәселелерінде қиындықтарға әкелуі мүмкін.

Орталықтың қызметкерлері жасөспірімдердің деструктивті мінез-құлқын алдын алу және қауіпсіздік сезімін дамытуға ықпал ететін орта қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі.

Жасөспірімдердің өмірлік жағдайының ерекшеліктеріне қарамастан, оларға тәрбиелік көзқарас ерекше болғанымен, әлеуметтік реабилитацияда жүрген жасөспірімдер Конституция бойынша негізгі жалпы білім алуға деген құқықтарын жүзеге асырып, жалпы білім беретін мекемелерге барып оқиды.

Кейде әлеуметтік-реабилитациялық орталықтардағы жасөспірімдер мектептегі сыныптастарынан немесе басқа оқушылардан теріс көзқарасқа ұшырайды. Бұл жиі мазақ ету, буллинг немесе әлеуметтік оқшаулану түрінде көрінеді, өйткені құрдастар оларды «басқаша» деп қабылдайды, олар басқа балалардан ерекшеленеді. Мұндай қарым-қатынастың себептері көбінесе келесідей болады:

- Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында болғандығына қатысты теріс стереотиптер;
- Жасөспірімдердің өмірлік қиындықтарын түсінбеу немесе олар туралы жеткіліксіз ақпараттың болуы.

Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуінде жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдерінің рөлі ерекше маңызды. Мұғалімдердің қарым-қатынасы

оң (немесе бейтарап) болуы мүмкін, бірақ кейде теріс көзқарас та орын алады. Егер педагогтар осындай жасөспірімдердің жағдайын немесе оларды тәрбиелеу әдістерін толық түсінбесе, олар жиі осындай оқушыларды «қиын», яғни оқуда, тәртіпте қиындықтар бар балалар деп қарастырады.

Мектеп психологтары қиын жағдайға тап болған жасөспірімдердің мектеп өмірінде маңызды рөл атқарады. Олар жеке кеңестер жүргізіп, жасөспірімдерге стресс, алаңдаушылық және басқа да эмоциялық және психологиялық қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Топтық сабақтар барысында мектеп психологтары балаларға әлеуметтік дағдыларды, мысалы, коммуникацияны, әртүрлі қақтығыстарды шешуді және сау қарым-қатынастарды құруды дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, мектеп психологтары жасөспірімдерге тәжірибе алмасу мүмкіндігін ұсынады және бір-біріне қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына келген жасөспірімдерді әлеуметтік интеграциялау барысында психологтар сынып ішінде жұмыстар жүргізеді, балаларға мұндай балалардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін түсіндіреді, бұл болашақта сыныптастар мен мұғалімдер тарапынан толерантты және қолдау көрсетуші қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал етеді. Олар әлеуметтік педагогтармен, әлеуметтік жұмыс мамандарымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді, бұл қиын жағдайға тап болған жасөспірімдерге кешенді қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Мектеп психологтары әлеуметтік-реабилитациялық орталықтардан келген жасөспірімдерге бейімделу, даму және мектеп өмірінде жетістіктерге жету үшін маңызды қолдау көрсетеді.

Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының маңыздылығы өте зор, өйткені бұл мекемелер жасөспірімдерге әлеуметтік бейімделуге, психологиялық қалпына келуге және дұрыс бағытта дамуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік-реабилитациялық орталықтар кәмелетке толмағандардың өмірінде қиындықтар мен қиын жағдайларға тап болған кезде маңызды рөл атқарады. Мұндай орталықтар оларды қолдай отырып, олардың қоғамға қайта оралуына және әлеуметтік ортаға үйлесімді бейімделуіне ықпал етеді. Орталықтың негізгі мақсаттары мен маңыздылығы төмендегідей:

1. **Әлеуметтік бейімделу:** Орталықтар жасөспірімдерді қоғамға қайта бейімдеуге, оларды дұрыс әлеуметтік мінез-құлыққа үйретуге бағытталған. Әлеуметтік дағдыларды дамыту, қарым-қатынас жасау, конфликтілерді шешу сияқты маңызды қабілеттерді қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

2. **Психологиялық қолдау:** Бұл орталықтар жасөспірімдерге психологиялық көмек көрсетеді. Олар стресстен, алаңдаушылықтан және эмоциялық қиындықтардан арылуға көмектеседі. Психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер жасөспірімдердің психологиялық жағдайын қалыпқа келтіруге бағытталған жеке кеңес беру, топтық жаттығулар мен тренингтер жүргізеді.

3. **Құқықтық тәрбие:** Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, оларды заңды тұрғыда дұрыс бағыттау маңызды. Орталықтар жасөспірімдерге заң туралы білім беріп, оларға өз құқықтарын қорғау және дұрыс шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

4. **Тұлғалық даму:** Әлеуметтік-реабилитациялық орталықтар жасөспірімдердің жеке тұлғалық дамуына үлкен көңіл бөледі. Орталықта олар өзін-өзі тану, өзіндік құндылықтарын қалыптастыру, сондай-ақ болашақта жауапты азамат ретінде дамуға қажетті дағдыларды игереді.

5. **Қоғамға қайта бейімделу:** Орталықтар жасөспірімдерге қоғамға оралу үшін қажетті дағдылар мен білім береді. Бұл мекемелер олардың мектепке оралуына немесе болашақта жұмыс табуға, әлеуметтік ортада үйлесімді өмір сүруге мүмкіндік береді.

Яғни, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары жасөспірімдер үшін оңалту процесін жеңілдетіп, олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуында маңызды рөл атқарады. Орталықтар жастардың келешекте қоғамның белсенді және жауапты мүшелері болып қалыптасуына ықпал етеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, жасөспірімдер кезеңі адамның өміріндегі ең қиын кезеңдердің бірі болып табылатынын айтуға болады. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында тәрбиеленіп жатқан жасөспірімдер әртүрлі әлеуметтік мәселелерге, әсіресе білім беру ұйымдарында әлеуметтік бейімделу қиындықтарына жиі ұшырайды. Мектеп мұғалімдері мен психологтары оларға бұл қиындықтарды жеңуге көмек көрсетіп, оларды қолдайды, атап айтқанда, алаңдаушылық, стресс, сыныптастар тарапынан буллинг және басқа да мәселелерді шешуге көмектеседі. Мұндай балаларды қоршаған қоғам олардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін түсінуі маңызды. Тек бірлескен күш-жігердің арқасында ғана қиын жағдайға тап болған жасөспірімдердің сәтті әлеуметтік бейімделуі мен тұлғалық дамуы мүмкін болады.

**Түркістан облысы Арыс қаласы
№32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп
Ағылшын тілі пәні мұғалімі
Шинибекова Карлигаш Спандияровна**



ЖАСТАР АРАСЫНДА ЖИІ ҚОЛДАНЫЛАТЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ЕНГЕН КІРМЕ СӨЗДЕР

Қазіргі қазақ тіл білімінде ұлттық әдеби тілдің дәстүрлі нормаларын, оның дамуындағы негізгі тенденцияларды сақтау мәселелерін ғылыми-теориялық тұрғыдан шешу мәселесі өзекті саналады. Ана тілін қадірлей отырып, өзге тілді білуге ұмтылу – бізге қойып отырылған міндет.

Қазіргі кезде жаһандану үдерісінің күшеюіне, ақпараттық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерінің пайда болуына байланысты шет тіліндегі кірме сөздердің енуі ерекше маңызға ие болды. Тіл қарым-қатынас құралы ретінде мәдениетпен көптеген күрделі байланыстар арқылы жалғасады. Мәдениеттердің өзара әрекеттесуінің салдарының бірі лингвистикалық бірліктердің енуі болып табылады, бұл бір мезгілде мәдени құндылықтарды алу процесінің белгілі бір кезеңін білдіреді.

Кірме сөздердің ену мәселесі әрқашан лексикологиядағы ең даулы мәселелердің бірі болды. Қазіргі уақытта әртүрлі ғалымдар кірме сөздердің қазақ тілінде сөйлеу процесіне енуіндегі тікелей қарама-қарсы бағалауларды кездестіре алады. Кейбір ғалымдар шетел сөздерінің көбеюі қазақ тілінің құрылымын және тазалығын бұзады деп есептесе, басқалары кірме сөздерді қазақ тілінің сөздік құрамын кеңейтеді деп есептейді. Сонымен қатар, кірме сөздер тілдің жетілуіне және дамуына ықпал етеді, оған экспрессияның дәлдігін, эмоционалды-экспрессивті және стильдік әртүрлілікті енгізеді. Жалпы, тілге енген сөздердің енуіне тосқауыл қоятын белгілі бір тенденцияларға қарамастан, қазақстандық авторлардың көпшілігі бұл құбылысты тілдің даму процесінің толық табиғи құрамдас бөлігі деп санайды.

Е.Ф. Володарская өзге тілден кірме сөздердің енуінің келесі функцияларын анықтайды:

- Бөгде заттарды, құбылыстарды, идеяларды атау арқылы сөздік қорын байыту;
- Неғұрлым дәл семантикалық дифференциация, полисемияны түзету есебінен синонимдер сөздігін байыту;
- Реципиент тілдің грамматикалық, стильдік мүмкіндіктерін кеңейту;
- Лексиканың жаңа терминологиялық корпусын жасау және байыту;
- Вариация көзі.

Орыс тілімен қатар ағылшын тілі де танымал болуда. Бұған көптеген жағдайлар себеп. Ең бастысы – Қазақстанның сыртқы саясаты. Қазақстанда ағылшын тілі негізгі шет тілдерінің бірі болып табылады, оны оқу барлық оқу орындары мен мектептерде міндетті т.б. Бүгінгі күні жер шарының төрттен бір бөлігі ағылшын тілінде сөйлейді, ал миллиардтаған халық оны оқиды. Жаңа ақпараттық технологиялар халықаралық ғылыми конференцияларда айтылады, барлық баяндамалар ағылшын тілінде оқылады, халықаралық байланыс та, ағылшын тілінде жүргізіледі.

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев: «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, есейеді және өркендейді. Біздің балаларымыз және немерелеріміз сол мемлекетпен бірге ер жетеді. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жақсы игеріп, білетін болады» - дейді. Осы сөзі арқылы аталған үш тілді болашақта барлық қазақстандықтың саналы түрде қабылдап үйренетіндігіне деген сенімін білдіреді. «Қазіргі қазақстандық үшін үш тілді меңгеру – бұл өз игілігінің кепілі» - дейді елбасымыз.

Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде алдымызға үш тілді білу қажеттілігі өскелең ұрпақтың алдында бірнеше тілдерді білу міндеті тұр. Ғасырлар тоғысында ғаламдану барысында дүние жүзі халықтарының тілін ортақ жүйеге, ортақ үлгіге тоғыстыру үдерісі қазіргі кезде өрістеп келе жатыр. Осыған орай тілдер қарапайымданып, бір-біріне жақындай бастаса, ортақ сөздік қор қалыптасуы мүмкін.

Филолог Әсем Манарбекқызы өз зерттеуінде қазақ тіліне ағылшын тілінен енген сөздердің көп бөлігі жастар арасындағы қарым-қатынаста қолданысқа түсіп қалыптасқанын, сондай-ақ, ол сөздер көбінесе жаргон, арго, сленг сөздер болып келетінін айтады.

Кірме сөздерінің пайда болу жолдары:

1. Заман талабына сай қажет сөздер (ноутбук, органайзер, сканер);
2. Екі ағылшын тілі сөзінен құрастырылған сөздер (секонд-хэнд, видео-салон);
3. Біздің тілге келген кірме сөздер нақтылы заттардың аттарымен, жұмыс жүргізу тәртібімен қалыптасқан сөздер (фейс-контроль, пиллинг);
4. Тілдің мағынасын көрнекті түсініктермен толықтыру (имидж, прайс-лист, шоу);
5. Шетел сөздерінің мәртебесін жоғары бағалау (презентация, эксклюзив);

Кірме сөздерін бірнеше топқа бөлуге болады:

Тура аударылымдар. Біздің тілде бұл сөздер өзгертілмей дәл солай айтылады. Бұл сөздер: уик-энд – демалыс, мани – ақша.

Өз қалпында сақталған сөздер. Шетел тілінен пайда болған сөздер, бұл сөздердің фонетикалық, графикалық түрі сақталған. Бұл сөздер меню, пароль, диск, вирус, клуб.

Ағылшындардың ұлттық салтын бейнелейтін сөздер. Бұл сөздердің ерекшелігі олардың синонимдері жоқ. Мысалы: чипсы [chips], хот-дог [hot-dog], чизбургер [cheeseburger].

Зерттей келе қазіргі жасөспірімдердің лексиконына шетел сөздерінің енуінің бірнеше себептері бар:

1. Әр түрлі құбылыстарға, жаңа заттарға және түсініктерге атау қою қажеттігі. Мысалы: ноутбук, сканер, интернет, адаптер, миксер;
2. Біздің тілімізде кейбір заттардың балама атауларының болмауынан: чипсы, бейнеклип, т.б.;
3. Бір нәрсені сипаттау үшін сөз құрылымдарының орнына, көп түсіндіріп жатпай, англицизм көмегімен бір сөзбен ғана айтуға болады. Мысалы: пиллинг, мейк ап, уикенд, шопинг жасау, т.б.

Қазіргі уақытта жапсырмалары ағылшын тілінде жазылған түрлі тауарлар шығып жатыр. Аудио және бейнеаппаратураларда мынадай жазуларды көруге болады: Push, Stop, Wind, Low, High, Noise және т.б. Киімдердегі жазулар олардың қайда жасалғанын, киімнің сапасы немесе оны қалай күту керектігі туралы ақпарат болады: Made in China; 100% cotton. Соңғы жылдары киімдердегі әртүрлі жазуларды жарнама үшін, кейде географиялық атаулармен, күлдіргі сөздермен безендіру сәнге айналған. Мысалы, футболкалардағы мынадай жазулар: Kiss me!; California; Montana; Milk is better than Wine; Star Wars; Drink Coca-Cola; I love you!; Let's go shopping! және т.б. Көптеген жазулар біздің тілімізге әбден сіңіп кеткен кірме сөздерден тұрады. Мынадай сөз тіркестерін де жиі естуге болады: «Бұл сондай керемет шоу болды»; «тамаша клип»; «бестселлер сатып алу»; «бұл нағыз хит емес пе»; «Пицца сатып алу керек». Әртүрлі байланыс аясына жүгіне отыра, әрбір жасөспірім ағылшын тілді сөздерді кезіктіреді.

Жоғарыда келтірілген мысалдардың барлығы жас ұрпақтың әлемдік жаңалықтардан қалыс қалмай, жер шарындағы барлық жаңашылдықтарды қабылдай алатындығын көрсетеді. Дәл осындай қарқынмен «кірме сөздерге» айналған ағылшын сөздері көбейген сайын біздің өмір сүру салтымыз бен тұрмыстық мәдениетіміздің дамитындығын айтқым келеді. Демек, жастардың арасында пайдаланылатын ағылшын тілінен енген кірме сөздердің көбеюі әлемдік бәсекеге қабілетті тұлғаларды қалыптастыруға себепкер бола алады деп айта аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қызырова Ә.М. «Ағылшын кірме сөздерінің қазақ тіліндегі ассимиляция үдерісі». Диссертация авторефераты, Алматы 2007.
2. Брейтер М.А. «Ағылшын тілінен келген кірме сөздерінің тарихы». Владивосток, 2004.

Алматы облысы, Қарасай ауданы, Береке ауылы
“М. Бейсебаев атындағы орта мектебі” КММ
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
Альмуханбетова Жупаркуль Сейткалиевна



БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ШАРТТАРЫ

Қазіргі кездегі білім беру ісінің негізгі нысаны-жас ұрпақтың біліктілігін ғана қалыптастырып қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сонымен қатар оны ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі күнге лайықты өмір сүріп, қызмет етуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Бәсекеге қабілетті жетілген тұлғаны қалыптастыру үшін оқушыны ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытынды жасай білуге үйрету бастауыш сыныптан басталуы қажет. Бастауыш мектеп сатысынан-ақ зерттеушілік бағыттағы тапсырмалар ретінде зерттеу элементтерін қолдануға болады. Бұл заманауи білім беру үдерісінің маңызды міндеті — бастауыш мектептен бастап іздеу-зерттеу қызметіне баулу мәселесін шешпек.

Зерттеушілік қабілеттер оқушылар бойында өз жұмысын өзі ұйымдастыра білу, өздігінен жұмыс жасай білу, өздігінен үйрену, реттеу, өз-өзін билеу және өз-өзін дамыту қабілеттерінің болуын нұсқайды. Зерттеу тапсырмасын орындау нәтижесінде оқушының мәдени ой-өрісі кеңейіп, өзін-өзі тануы жүзеге асады. Оқушы өзі таңдаған пән алаңында зерттеу қызметін іске асырып, өз іс-әрекетінің нәтижесін талдау қажеттілігін түсінеді. Ал әрбір жеткен нәтижені қорытындылап-түйіндеу зерттеудің жаңа кезеңін тудырады, бұл жаңа ойлар мен шығармашылық жоспарлардың пайда болуына ықпал етеді. Міне, өзін-өзі танудың осы бір деңгейі оқушыға өзге ұжым мүшелері алдында бұрынғыға қарағанда функционалды, яғни, маңыздырақ «әріптес» рөліне енуіне мүмкіндік береді. Ал бұл өз алдына оқушының өз іс-әрекетін қорытындылап, қоршаған ортаға деген өзіндік қарым-қатынасының пайда болуына ықпал етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру шарттары:

- Мотивация. Оқушылар өздерінің шығармашылық зерттеу қызметінің маңыздылығын түсінуге, оны жүзеге асырудағы таланттары мен қабілеттерін, өзін-өзі жүзеге асыру тәсілдерін көруге көмектесуі керек.
- Мақсат қою және жүйелілік. Зерттеу дағдыларын дамыту бойынша жұмыс сыныптық және сыныптан тыс сабақтар түрінде жүзеге асырылуы тиіс. Мұғалім әдебиет, қазақ тілі, математика, дүниетану материалдарын пайдалануы керек.
- Шығармашылық орта. Мұғалім шығармашылық орта құрып, ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген қызығушылықты арттыруы керек.
- Психологиялық жайлылық. Мұғалімнің міндеттерінің бірі-оқушылардың шығармашылық ұшқындарын көру және олардың шығармашылық ізденістерге деген ұмтылысын бағалау. Олардың қателесуден қорықпауы маңызды. Әр оқушыға өзінің мықты жақтарын көруге және өзіне сенуге мүмкіндік берілуі керек.
- Мұғалімнің жеке басы. Зерттеу қызметін дамыту үшін шығармашылықпен жұмыс істейтін, шығармашылық орта құруға ұмтылатын, зерттеу жұмысын жүргізу үшін белгілі бір білімі мен дайындығы бар мұғалім қажет.

• Жас айырмашылықтарын ескеру. Зерттеу қызметі орынды, жасына сәйкес, қызықты және балалардың қабылдауы үшін пайдалы болуы керек. Зерттеу қызметін қалыптастыру процесі осы шарттар орындалған жағдайда ғана сәтті жүзеге асырылуы мүмкін деп санаймыз.

Зерттеу жұмысымен айналысу, шығармашылық жоба жазу оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдай алу қабілетін қалыптастырады. Оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға көмектеседі. Зерттеу түрлері:

- Теориялық– зерттеу мәселелерін теориялық талдау. Мәселелердің маңыздылығын, оның ерекшеліктерін, осы тақырып бойынша әртүрлі көзқарастарды сипаттау, сондай-ақ оның бүгінгі таңдағы шешілу жолдары. Осының барлығы зерттеу бөлімінің 1-ші теориялық мазмұнын құрайды.

- Фантастикалық- өмірде болмайтын фантастикалық құбылыстар мен заттар жөнінде.

- Эксперименттік – өзіндік байқаулар мен эксперименттерді жүргізуді талап етеді. Балалар үшін ең қызықты эксперимент-нақты заттарға және олардың қасиеттеріне жасалған тәжірибелер. Оқушыларға әр түрлі тақырыпты беруге болады. Экспериментальді (практикалық бөлім) зерттеу мәселелер мәнісін түсіндіретін немесе оны шешуге мүмкіндік беретін ғылыми әдістерді пайдалануды болжайды. Зерттеу жұмыстарының бұл кезеңі маңызды болып табылады, бұл кезеңде жоба авторы өзінің шығармашылық мүмкіндігін көрсете алады. Бұл кезеңде эксперименттер, байқау, сауалнама, әңгімелесу, сұрақ қою, интервью алу т.б. зерттеу әдістері пайдаланылады. Ғылыми зерттеуді жүргізу кезінде дұрыс ақпарат алу үшін бір емес, бірнеше әдістер жиынтығы қолданылады. Зерттеудің қол жетімді әдістері: 1. дербес ойлау 2. кітаптан оқып білу 3. кино, теле фильмдерден білу 4. интернет желісінен іздеп табу 5. басқа адамдардан сұрап білу 6. байқау 7. эксперимент жүргізу.

Зерттеу, іздеу белсенділігі-баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс. Зерттеушілік әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі. Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандыруға, көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Одан басқа зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Зерттеушілік қабілеттерді дамыту оқушыға төмендегі мүмкіндіктерді береді:

• оқушы зерттеу әдістерін игереді, кейін осы әдістерді ол кез келген басқа пән материалдарын игеру кезінде де қолдана алады;

• алынған білім мен біліктерді өзінің жеке мүддесі үшін қолдана алады, бұл оқушының әрі қарай өзін тануына, тұлға ретінде анықталуына мүмкіндік береді;

• ғылым түрлеріне, мектеп пәндеріне және жалпы танымдық процеске деген қызығушылығын дамытады.

Оқу-зерттеу әрекеті оқушы бойында төмендегі білім мен біліктерді дамытады:

• жаңа фактілер мен заңдылықтарды ешкімнің көмегінсіз, өздігінен түсіндіре және дәлелдей білуді;

• бұрын зерттелген құбылыстар мен заңдылықтарды жіктеуді, салыстыру, талдау және жинақтауды білуді;

• эксперименттер жасап, гипотезалар ұсына алады және оларды дәлелдей білуді үйренеді;

• себеп-салдарлық байланыстар мен қатынастарды орната білуді;

• фактіні, құбылыстар мен заңдылықтарды басқа қырынан, басқаша тұрғыдан қарастыра білуді;

• зерттеудің ғылыми әдістерін (теориялық анализ және синтез, эксперимент жасау, модельдеу және т.б.) қолдануды;

• шешімнің бірнеше нұсқасын ұсыну және ең қолайлысын таңдау, қорытындыны дәлелдеу; өзінің және жолдастарының зерттеу жұмысын бағалау және рецензиялау.

Қорытындылай келсек, зерттеу әрекеттері бала жаратылысына тән: білуге құмарлық, байқау жасауға талпыныс, өзінше эксперимент жүргізу сияқты табиғи құбылыстарды ынталандыра отырып, олардың жеке қасиеттерін ашуға жағдай жасайды. Зерттеушілік іс-әрекеттің оқушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтастықты орнатудағы маңызы да өте зор. Бұл үшін мұғалім оқу материалдарын жіті таңдап, оның мазмұнын талдаудан өткізуі керек. Осының негізінде ол оқушының өздігінен жұмыс істеуіне мүмкіндік беріп, танымдық қызығушылығын арттыратын тапсырмаларды жасауға қажетті сұрақтарды анықтай алады.

**Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің
"Маяковский атындағы орта мектебі" КММ
Көркем еңбек пәні мұғалімі
Нурланов Бакытнур Сабитович**



ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ НЕГІЗІНДЕ КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҚТАРЫНДА ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қазіргі қоғамда жеке тұлғаны дамытудың негізгі факторлары білім беру болып табылады. Жасөспірімдерде өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту қажеттілігі туындауы керек. Алайда, қазіргі мектеп оқушыларын бақылай отырып, оқу процесіне қатысты пассивтіліктің жеткілікті жоғары деңгейін көруге болады. Мүмкін, мектеп оқушылары білім беру мекемелерінде берілген білім кейінгі өмір үшін қажет емес деген пікір қалыптастырады. Алайда, бұл қазіргі қоғам, нанотехнология және ғылыми прогресс қоғамы интеллектуалды, шығармашылық, кең ойлы бастамашыл адамдарға мұқтаж, олар елді одан әрі дамыта алады, күштірек етеді, оның әлеуетін арттырады. Сондықтан мектеп түлектеріне жаңа білімді жетілдіру, игеру, оны алуға ұмтылу қажет. Әр адам өзінің еңбек қызметін бастамас бұрын технологиялық мәдениеттің элементтерін игеруі керек, олардың құрамдас бөліктері "Көркем еңбек" пәндік білім беру саласын зерттеу кезінде қалыптасуы керек.

"Көркем еңбек" оқу пәні негізінен практикалық қызметке негізделгендіктен, оқу процесінде пәнді оқыту сапасын арттыруға, сондай-ақ оқу уақытын тиімдірек пайдалануға мүмкіндік беретін заманауи педагогикалық технологиялар пайдаланылады.

Педагогикалық технология-білім беру мақсаттарын табысты іске асыруға мүмкіндік беретін оқыту мен тәрбиелеудің теориялық негізделген процестерін зерттеуді жаңғыртудың құралдары мен әдістерінің жиынтығы. Педагогикалық технологияны "Білім беру процесінің өзгеретін жағдайларында болжамды нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ететін іс-әрекеттердің, операциялар мен рәсімдердің реттелген жиынтығы" ретінде анықтауға болады.

Бүгінгі таңда педагогикалық міндеттердің бірі оқушыларға әртүрлі қызмет салаларында белгілі бір білім, дағдыларды игеруге, сондай-ақ олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға көмектесетін оқу процесіне осындай дамытушы технологияларды енгізу болып табылады. Бұл тапсырмаларды орындау кезінде көркем еңбек сабақтары маңызды рөл атқарады.

Көркем еңбек мектеп пәні ретінде ғылымның әртүрлі салаларындағы теориялық білімнің әртүрлі қызмет түрлерінде практикалық қолдануға үйрету болып табылады.

Ақпараттық-компьютерлік технологияларды көркем еңбек сабағының кез-келген кезеңінде қолдануға болады. Мысалы, жаңа материалды зерттеу сабағында компьютерлік технологиялар материалдарды тиімдірек зерттеуге, олардың ерекшеліктерімен, әртүрлі құралдармен, техникалармен және жұмыс принциптерімен таныстыруға көмектеседі. Білімді бақылау кезеңінде мұғалімге оқушылардың жаңа ұғымдар мен анықтамаларды меңгеру дәрежесін тез және сапалы бақылауға мүмкіндік беретін тест тапсырмаларын қолдануға болады.

Қазіргі уақытта оқушылардың жобалау жұмыстары өте танымал, мұнда компьютерлер оқушылардың өз жұмыстарын қорғауы үшін қолданылады. Сондай-ақ, сабақтарда оқушылардың жүргізген жұмысын, атап айтқанда олардың қызмет кезеңдерін және түпкілікті өнімді алуды көрсететін презентациялар үлкен рөл атқарады. Компьютерде жұмыс істейтін оқушылар ықтимал нәтижелерді

құрастыруға және модельдеуге мүмкіндік алады. Қажетті модельдерді жасауға, өнімнің қажетті формалары мен түстерін таңдауға мүмкіндік беретін арнайы бағдарламалар бар.

Мәселелік оқыту технологиясы оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін тиімді жандандыруға, оқушылардың жаңа нәрселерді ашу қажеттіліктерін пайдалана отырып, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін игеруге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда мәселелік оқыту дегеніміз-мұғалімнің басшылығымен мәселелік жағдайларды құруды және оқушылардың оларды шешу үшін белсенді тәуелсіз іс-әрекетін қамтитын оқу сабақтарын ұйымдастыру, нәтижесінде кәсіби білімді, дағдыларды шығармашылық игеру және ойлау қабілеттерін дамыту.

Мәселелік жағдайларды тудыру үшін мұғалім мектеп оқушыларын қайшылыққа алып келеді және оларды өздері шешудің жолын табуға шақырады:

- бір сұраққа әртүрлі көзқарастарды ұсынады;
- практикалық қызметте қайшылықтарға тап болады;
- сыныпқа құбылысты әртүрлі позициялардан қарастыруды ұсынады;
- оқушыларды салыстыру, жалпылау, жағдайдан қорытынды жасауға, фактілерді салыстыруға шақырады;
- нақты сұрақтар қояды (жалпылау, негіздеу, нақтылау);
- мәселелік теориялық және практикалық тапсырмаларды анықтайды;
- мәселелік міндеттер қоюды ұсынады.

Көркем еңбек сабақтарында мәселелік жағдайларды құру бағдарламада қарастырылған білім, дағдылар жүйесін қалыптастырып қана қоймайды, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытады, оқу процесінің тиімділігін арттырады, оқушылардың әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастырады.

Тұлғаға бағытталған технологиялар оқыту әдісі болып табылады, онда оқушының жеке басы, өзіндік құндылығы, әрқайсысының субъективті тәжірибесі алдымен ашылады, содан кейін білім мазмұнымен келісіледі. Мұндай тәсілді жүзеге асыру кезінде оқыту мен оқу процестері оқушылардың таным механизмдерін, ақыл - ой және мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып өзара келісіледі, ал "мұғалім-оқушы" қарым-қатынасы ынтымақтастық пен таңдау еркіндігі қағидаттарына негізделеді. Көркем еңбек сабақтарында бұл оқыту да өзекті, өйткені біз баланың барлық жеке қасиеттерін, оның мүмкіндіктерін ескеруіміз керек, мүмкін емес нәрсені талап етпеуіміз керек, баланың жағдайына кіруіміз керек.

Дамыта оқыту технологиясы оқушыларда орталықтан периферияға қарай спираль тәрізді қозғалыс ретінде жасырылатын негізгі ұғымдарды қалыптастырады, онда орталықта қалыптасқан ұғым туралы дерексіз-жалпы түсінік болады, ал периферияда бұл түсінік нақтыланады, жеке идеялармен байытылады және осылайша ғылыми-теориялық тұжырымдамаға айналады. Дамытушылық оқыту технологиясының мақсаты оқушылардың білімін, дағдыларын қалыптастыру емес, өзін-өзі жетілдіру бойынша белгілі бір қабілеттерді қалыптастыру, өзін-өзі өзгертетін оқу субъектісі ретінде даму үшін жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

Осылайша, ақпараттық-коммуникациялық, мәселелік, дамушы тұлғаға бағдарланған, жобалық сияқты "Көркем еңбек" сабақтарында заманауи педагогикалық технологияларды қолдану жаңартылған білім негізінде оқу процесін тиімдірек етеді, оқушылардың танымдық белсенділігін белсендіреді. Оқушылар әртүрлі салаларда сауатты, сенімді, жан-жақты болады. Олар ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамытады, білім деңгейін арттырады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Кульневич С.В. Современный урок / С.В. Кульневич, Т.П. Лакоценина. – Ростов-н/Д.: Учитель, 2016. – 288 с.;
2. Альтиментова Д. Ю., Рожко К. А. Информационные технологии в образовании // Концепт : научно-методический электронный журнал. — 2016. — Т. 11. — С. 826–830.

Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Жеңіс ауылы.
"Қызғалдақ" бөбекжай бақшасының тәрбиешісі
Ысмайыл Ақбаян Темірханқызы



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ДАМУШЫ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУ

Қазіргі уақытта инновациялық қызмет саласына жеке мектепке дейінгі мекемелер мен жаңашыл педагогтар ғана емес, барлық дерлік мектепке дейінгі мекемелер кіреді, осылайша, инновациялық қайта құрулар жүйелі сипат алуда. Мектепке дейінгі мекемелердің жаңа түрлері мен профильдері, баланың жеке даралығына және оның жанұясының қажеттіліктеріне бағытталған оқу-тәрбие процесінің вариативтілігін қамтамасыз ететін жаңа білім беру бағдарламалары жасалды. Білімді жаңарту үдерісін адамдар ұйымдастырады. Демек, оны жобалау, іске қосу және қолдау инновациялық қызметті ұйымдастырушылар ғылым жетістіктеріне және қоғамның қажеттіліктеріне сүйенетін дәрежеде тиімдірек болады.

Мектепке дейінгі білім берудің қазіргі стандарттары бала тұлғасын дамытудың бірнеше негізгі бағыттарын ажыратады, олардың бірі жеке білім беру саласы ретінде оқу-тәрбие жұмысының белгілі бір мазмұнын көздейтін және даму критерийлері бар танымдық даму болып табылады. «Танымдық даму» білім беру бағыты қиял мен шығармашылық белсенділікті дамытуды, қоршаған дүниенің объектілері, осы заттардың қасиеттері мен байланыстары (пішіні, түсі, өлшемі, саны, саны, бөлігі және бүтіндігі, кеңістік пен уақыт, т.б.) туралы түсініктерді қалыптастыруды көздейді.

Қарқынды дамып келе жатқан, түрлі ақпарат ағыны үлкендерді ғана емес, балаларды да бойына сіңіріп жатқан заманда баланың әлі жетілмеген санасын дұрыс жолға бағыттау маңызды. Бала ой еңбегінің әдісін, ойлау, дұрыс талдау, синтездеу қабілетін меңгеруі керек.

Баланы ойлауға үйрету үшін бұл процесті қызықты және танымды ету керек. Бұған әртүрлі әдістер арқылы қол жеткізіледі, олардың арасында менің балалармен жұмысымда оқу ойыны ерекше орын алады. Танымдық дамытуға арналған оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда В.Воскобовичтің оқу ойындарын өз жұмысымда сәтті пайдаланамын. Бұл ойын технологиясы керемет ойын кеңістігін құруды қамтиды, топтың объектілік-кеңістіктік ортасында балаларды тамаша қойылымдарда ойнауға, әртүрлі ертегі кейіпкерлерімен, жан-жануарлармен танысуға шақырады.

В.В.Воскобовичтің ойын дамыту процесіне балаларды қатыстыру баланың шығармашылық дамуына, танымдық процестеріне, зейінін белсендіруіне мүмкіндік береді. Бұл жай ғана ойындар емес – бұл балаларды ойлауға, шығармашылыққа баулитын ертегілер, шытырман оқиғалар, күлкілі кейіпкерлер. Сонымен қатар ертегі кейіпкерлері өз ертегілерімізді жасауға септігін тигізеді.

В.В.Воскобовичтің ойындары сенсорлық және танымдық қабілеттердің, кеңістіктік және логикалық ойлаудың, елестетудің, зейіннің еріктілігі мен шоғырлануына ықпал етеді. Ойын арқылы балалар сандардың сандық құрамы туралы түсінік алады, бөлшек және геометриялық пішіндермен, дыбыстар мен әріптермен танысып, оқу мен жазуды үйренеді. Жиынтықтағы барлық ойындар балалардың логикалық-математикалық дамуына, жобалау жаттығуларына, сенсорлық және танымдық қабілеттерін, көзді және екі қолдың ұсақ моторикасын дамытуға бағытталған, сонымен қатар олар психикалық процестердің (зейін, есте сақтау, ойлау, шығармашылық қиял) жақсартуға ықпал етеді.

Ойын технологиясы мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес келеді және баланың дамуының барлық саласын (әлеуметтік-коммуникативтік, когнитивтік, сөйлеу, көркемдік-эстетикалық,

физикалық) қамтиды. Білім беру стандарты балалардың зияткерлік, шығармашылық, танымдық, психикалық, физикалық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың дамуы үшін үйлесімді жағдайлар жасауға бағытталған. В.Воскобовичтің ойын технологиясының даму бағыттарына мемлекеттік білім беру стандартының қойған мақсаттары мен міндеттері сәйкес келеді. Сондай-ақ балалармен бірлескен іс-әрекетте технологияларды қолдану, оларды практикада пайдалану нақты білім беру мәселелерін шешуге және оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін атап өткім келеді.

Воскобовичтің оқу ойындарын педагогикалық процесте қолдану балалармен үйреншікті іс-әрекеттен танымдық ойын әрекетіне көшуге мүмкіндік береді. Ойын баланың шығармашылық қабілеттерінің көрінуін ынталандырады, оның тұлғалық дамуына жағдай жасайды. Оның оқу ойындары - көп функциялы. Осы ойындардың көмегімен тәрбиешілер көптеген оқу тапсырмаларын шеше алады. Оның ойындарының мақсаты - балалардың шығармашылық, танымдық деректерін, интеллектуалдық, ақыл-ой және математикалық қабілеттерін дамыту.

Ойындық танымдық әрекетті ұйымдастыруда ересек адамға ерекше рөл беріледі. Біз балаларды ертегі кейіпкерлерімен және бейнелі терминологиямен таныстырамыз, баланың қабілеті мен қызығушылығына қарай ойын тапсырмаларын таңдаймыз, олармен ойнаймыз, оқытамыз.

В.В.Воскобович технологиясының дамытушы ойындарын іс жүзінде қолданып көрген, ойнаған балалар бастауыш сыныпқа жақсы даярланған, оқу, жазу, санау дағдыларын оңай меңгерген келеді. В.В. Воскобовичтің танымал ойындарының бірі «Игровой квадрат», «Геоконт», «Чудо», «Математические корзинки», «Чудо-головоломки», «Конструктор букв», «Ларчик» ойындары. Бұл ойындар мектеп жасына дейінгі балалардың даму үрдісін арттырады.

«Геоконт» — немесе оны «шегелері бар тақтайша» немесе «түрлі-түсті өрмек» деп атайды. Ол координаттық үлдір жағылған шеге тақтайша түрінде болады. Ойын алаңына пластмасса шегелер бекітілген және оларға түрлі-түсті «динамикалық» резеңкелер тартылып тағылады. Осындай құрылымдау нәтижесінде пәндік мүсіндер, геометриялық пішіндер, айшықтар, сандар, әріптер шығады.

В.В. Воскобович ойындары бойынша сабақтар барысында педагогтың келесілерге баса назар аударғаны жөн:

- Дайындық. Балаға ойынды ұсынар алдында алдымен әдістемелік кеңестермен және ойынның өзімен танысып алу;
- Сөйлеу. Негізінен балалар қолмен жұмыс істеп, аз сөйлейді. Сабақ барысында баладан оның не істеп жатқанын, не себепті басқасын емес, дәл сол пішінді таңдап алғанын сұрау, ертегі тапсырмасын мазмұндап беруін сұрау немесе жаңа сюжет ойлап табу.
- Орнықтылық. Ойын материалдарымен ойнай отырып, бала көбінесе бір қалыпта отырады. Балалардың жастық ерекшеліктерін есепке алып, «ойын қызығына» түсіп кеткен балалардың назарын басқаға уақытылы аударған жөн.
- Ыждаһаттылық. В.В. Воскобович құралдарымен ойын үшін ыждаһаттылық қажет. Кез-келген бала оған шыдай алмайды.

В. Воскобовичтің оқу ойындарының басты ерекшелігі - әдеттегі шеңберді өзгертпей немесе қайта құрмай, тұрақты ойын процесіне енгізудің қарапайымдылығында. Ал бұл ертегілердегі ересек адам жасына, тәжірибесіне қарамастан баланың толыққанды серіктесіне айналады.

Балаларды оқытудың басты міндеті – оларға дайын білім беру емес, олардың өзі «ашылулар» жасайтын, мәселелік міндеттерді шешу арқылы жаңа нәрсені үйренетін балалардың іс-әрекетін ұйымдастыру. Осылайша, оқыту процесінде қолданылатын ойын сәттері, оқу мен жаңалық ашу қуанышы балалардың танымдық мотивациясын қалыптастырады.

Түркістан облысы, Түркістан қаласы
ЖШС "Ботақан" бөбекжай балабақшасы
Тәрбиеші
Сырлыбек Индира Ерланқызы



«САНАП ҮЙРЕНЕМІН»

Мақсаты: 1-10 көлеміндегі сандарды санауға, тура және кері санауға үйрету. Заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмерін атау. ойлау қабілеттерін, қиялын, есте сақтап түсіну, сұрақтарға толық жауап беру дағдысын қалыптастыру. Балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.

Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, жақсы тілек тілейді:

Шаттық шеңбері

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылсын.

Құтты қонақ келіпті,

Төрімізге еніпті.

Амандасу үлкенге,

Тәрбиенің басы ғой.

Ал ,кәнекей, бәріміз

Сәлем дейік үлкенге!

Сәлеметсіздерме қонақтар!

Өткен оқу қызметін қайталау

1-тапсырмасы: «Санды тап»

Заттардың санын табу.

2-тапсырмасы: «Таныс сандарды қорша»

Өздеріңе таныс сандарды қоршап сызу.

1ден -10ға дейінгі сандар туралы бейнеролик көрсету. Бейнероликте көргеніміздей балалар бүгін біз

1ден -10ға дейінгі сандармен танысамыз.

1ден -10ға дейінгі сандарды тәрбиешімен бірге қосылып санау. (тура және кері санау).

Сандардың көрші сандары туралы мағлұмат беріп өту.

Тақтаға «Бауырсақ» ертегісінің суретін іліп қою. Ертегі қалай басталатынын және де бұл ертегіде қандай кейіпкерлер барын атау.

Бауырсақ ертегісінің басы қалай басталушы еді? Кәнеки кім айтады?

— Балалардың жауабы. Дұрыс айтасындар.

Бүгінгі біздің бауырсақ ертегіміздің ерекшелігі бауырсаққа әр кездескен аңдар «мен сені жеймін» деген сөздің орнына, ерекше әдемі бір өз тапсырмасын береді екен.

Бірақ тапсырма бауырсаққа қиын болмас үшін, біз оған көмектессек қайтеді балалар?

1.Қоянның тапсырмасы. «Сәйкес сандарды қос» ойыны.

Бұл тапсырмада сурет сандарын реттік сандармен сәйкестендіру.

2. Қасқырдың тапсырмасы.«Көршісін тап»ойыны.

Бұл тапсырмада сандардың көрші сандарын табу.

Сергіту сәті:

Бейне таспа: «Алма санау»

3. Аюдың тапсырмасы. «Жоғалған сандарды тап»

Бұл тапсырмада жоғалған сандарды жазу.

4. Түлкінің тапсырмасы.

«Ауызша есеп»

1) Екі балапан тұр,

Екі балапан отыр.

Шатаспай тез ойлансаң,

Барлығы қанша балапан?(4)

2)- Бес алманың үшеуін,

Досың сұрап алды.

Айтшы, сонда нешеуі,

Өз қолыңда қалды? (2)

3)- Тал бойында тізіліп

алты жапырақ тұр еді.

Жел соқты да үзіліп,

Ұшып кетті үшеуі.

Ілініп тұр әлі

Жапырақтың нешеуі? (3)

4)- Алма ағашта жеті алма,

Қандай тәтті жесе алма.

Бесеуін жеп қойсам,

Қалады сонда неше алма? (2)

Қорытынды.

— Балалар бүгін біз қандай сандармен таныстық?

— 1ден-10ға дейінгі сандарды тура және кері санату.

«Бұлттан жауған сандар» ойыны арқылы балалардың білімін бекіту.

Балаларды мақтау, мадақтау.

Сыйлықтарын табыстау

Алматинской область, Уйгурский район, Кыргызсай

Школа Кыргызсай ОМ

Учитель биологии

Бахитжанова Халидам Бахитжановна

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация: мақалада қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты білім беру жүйесінің жаңару қажеттілігі мен биология пәнін оқытудың тиімділігін арттыру мәселелері қарастырылады. Білім беру жүйесіндегі инновациялық әдіс-тәсілдер мен жаңа стандарттардың енгізілуі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың зерттеу, талдау және сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Биология пәні қоршаған орта, денсаулық сақтау және табиғатпен қарым-қатынасқа қатысты білім беруде маңызды рөл атқаратын пән болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы мен тұлғаға бағытталған әдіс-тәсілдердің қолданылуы оқушылардың ғылыми білімдерін тереңдетіп, олардың жеке тұлғалық дамуын және экологиялық, этикалық көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етеді. Мақалада жаңа білім беру стандарттары мен оқыту әдістерінің биология пәнін оқытуға енгізген өзгерістерінің оқу процесінің тиімділігіне әсері талқыланады. Сонымен қатар, оқу процесінде оқушылардың белсенділігін арттырып, шығармашылық және зерттеу қызметіне ынталандыратын тәсілдер мен әдістер ұсынылады.

Кілт сөздер: биология пәні, оқыту әдістемелері, инновациялық тәсілдер, білім беру стандарттары, тұлғаға бағытталған оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Әлемдегі және қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты жоғары сапалы білімі бар, өзін-өзі дамытуға және шығармашылық кәсіби еңбекке қабілетті, туындайтын мәселелерді стандартты емес шешуге тез бейімделе алатын белсенді түлектерге деген қажеттілік айқын көрініс табуда. Бұл жағдай білім беру жүйесін жаңарту, әртүрлі пәндер бойынша инновациялық әдістемелерді енгізу және білім сапасын арттыруды талап етеді. Жаңа білім беру стандарттарының қабылдануы білім беру процесінің барлық аспектілеріне әсер етіп, оқу бағдарламалары мен оқыту әдістеріне жаңа көзқарастар енгізуде. Бұл өз кезегінде білім беру қызметінің нәтижелерін бағалаудың жаңа тәсілдеріне, оқушылардың тұлғалық дамуына және олардың әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге бейімделуіне бағытталған.

Биология пәні орта және жоғары сынып құрылымында маңызды рөл атқарады. Биологиялық білім беру адамның қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтетін, денсаулықты сақтау мен табиғатпен қарым-қатынасты дұрыс құруда шешуші рөл атқаратын пән болып табылады. Жаңа білім беру стандарттарының енгізілуіне байланысты биология пәнін оқыту жүйесіне жаңа әдіс-тәсілдер мен инновациялық көзқарастар енгізілуде. Бұл өзгерістер білім беру процесін тиімді әрі қызықты етуге, оқушылардың биология пәніне деген қызығушылығын арттыруға, сондай-ақ олардың зерттеу, талдау және сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Қазіргі қоғамның дамуы мен өзгерістеріне сәйкес, білім беру жүйесінде көптеген жаңалықтар енгізілуде, оның ішінде биология пәнінің оқытылу тәсілдері мен мазмұны да өзгереді. Биология пәнінің мазмұндық бөлігі енді әлем бейнесінің негізгі ұғымдарын қамтуға бағытталған, ол білім алушылардың дүниетанымдық көзқарастары мен сенімдеріне негізделіп, ғылым мен табиғаттың байланысын түсінуге көмектеседі.

Жаңа білім беру стандарттары мен бағдарламаларының енгізілуіне байланысты, биология пәнін оқыту нәтижелері пәндік және мета-пәндік білімдерден тұрады. Оқушылар тек биологияның ғылыми негіздерін меңгеріп қана қоймай, оларды өз өмірінде қолдануға, ғылыми көзқарасқа негізделген дүниетаным қалыптастыруға мүмкіндік алады. Бұл өз кезегінде олардың жеке тұлғалық дамуына, кәсіби өмірге дайындықтарына және қоғамдағы белсенді азаматтық рөлдерін атқаруына ықпал етеді.

Биологияның пәндік мазмұны ғана емес, сонымен қатар оның оқыту процесі де жаңа әдістемелермен толықтырылған. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы білім беру процесін жаңаша құруға ықпал етеді. Оқытудың жаңа бағдарламалық және техникалық құралдары биология сабақтарының тиімділігін арттырып қана қоймай, оқушылардың ғылыми зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Цифрлық білім беру ресурстары мен әдістемелерінің қолданылуы оқушылардың биологиялық ақпаратты іздеуі, талдауы және синтездеуі қабілетін жетілдіреді. Сонымен қатар, бұл технологиялар оқушылардың шығармашылық және зерттеу қызметіне деген қызығушылығын арттырып, биологияны тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Биология пәні қазіргі кезеңде тек ғылыми білімді беру емес, сонымен қатар оқушыларды табиғатқа деген этикалық, эстетикалық көзқарастармен таныстыруды да мақсат етеді. Баланың әлемге деген жеке көзқарасының қалыптасуы оның болашақ мамандық таңдауы мен өмір салтына әсер етеді. Бұл тұрғыда биология пәні тек табиғаттың заңдылықтарын үйретіп қана қоймай, оқушылардың өздерінің өмірлік көзқарастарын кеңейтеді. Сонымен қатар, жаңа білім беру стандарттарының және инновациялық әдіс-тәсілдердің енгізілуі оқушылардың болашақ маман ретінде дербес өмірлік көзқарастарын қалыптастыруға зор мүмкіндік береді. Бұл, ең алдымен, оларды ғылыми зерттеу мен жобалау қызметіне тарту арқылы жүзеге асырылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, цифрлық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің қолданылуы биология сабақтарын қызықты әрі тиімді етеді, сондай-ақ оқушылардың мотивациясын арттырады. Осылайша, биологияны оқыту арқылы білім алушыларға ғылыми білімді ғана емес, сондай-ақ өмірге деген жауапкершілік пен ғылыми тұрғыдан ойлау дағдыларын да қалыптастыруға болады.

Биологияны оқытудағы тұлғаға бағытталған тәсіл – бұл оқушының жеке қабілеттерін, қызығушылықтарын, қажеттіліктерін және даму деңгейін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру әдісі. Бұл тәсілдің мақсаты – оқушылардың өзіндік шығармашылық потенциалын ашуға, биология ғылымын терең түсінуге және оны өмірде тиімді қолдана білуге дағдыландыру.

Тұлғаға бағытталған тәсілдің негізгі принциптері мен ерекшеліктері:

1. Жеке көзқарас және әр оқушының әлеуетін ескеру. Бұл тәсіл әр оқушының өзіндік ерекшеліктерін, қызығушылықтарын мен қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Биология пәнін

оқыту барысында әр түрлі әдістер мен құралдарды қолдана отырып, оқушының шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту көзделеді.

2. Оқушылардың белсенді қатысуы. Тұлғаға бағытталған тәсілде оқушы тек тыңдаушы емес, оқу процесіне белсенді қатысушы болып табылады. Оқушыларға зерттеу жүргізу, эксперименттер жасау, топтық жұмыстарға қатысу мүмкіндіктері беріледі, бұл олардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

3. Кері байланыс және рефлексия. Оқушылар өздерінің жетістіктері мен қателіктерін түсінуге мүмкіндік алады. Тұлғаға бағытталған тәсілде мұғалім оқушылардың жұмысын үнемі бақылап, оларды дұрыс бағытта жетелеу үшін кері байланыс береді. Оқушылар өздерінің оқудағы жетістіктерін талдап, өз даму траекториясын түсінуге мүмкіндік алады.

4. Жеке және топтық жұмыс. Тұлғаға бағытталған тәсілде оқушылардың топта жұмыс жасау дағдылары да дамиды. Топтық жұмыс барысында оқушылар бір-бірінен үйреніп, өз білімдерін бөліседі, ал жеке жұмыста өз қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес биология тақырыптарын тереңірек зерттейді.

5. Практикалық дағдыларды дамыту. Биология пәнінде тұлғаға бағытталған тәсілдің басты мақсаты – оқушыларға тек теориялық білім беріп қана қоймай, сонымен қатар практикалық дағдыларды дамыту. Оқушыларға зертханалық жұмыстар, эксперименттер, табиғатта бақылаулар жасау арқылы биология ғылымына деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік беріледі.

6. Тұлғалық даму. Биологияны оқытуда оқушылардың ақыл-ой және тұлғалық дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Оқушылар биологиялық құбылыстарды түсінумен қатар, экологиялық және этикалық мәселелер туралы ойлап, олардың өмірдегі маңыздылығын түсінеді.

Бұл тәсіл оқушының жалпы білім деңгейін арттырып қана қоймай, сонымен қатар оның жеке тұлғалық қасиеттерінің дамуына үлкен ықпал етеді. Тұлғаға бағытталған тәсіл биологияны оқыту барысында оқушылардың білімін тереңдетіп, олардың сын тұрғысынан ойлау, шығармашылық, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Сабақтардағы нәтижелі жұмыс жағдайына мұғалімнің білім алушыларда белсенді танымдық және ақыл-ой қызметін қалыптастырудағы рөлін арттыру арқылы қол жеткізіледі. Осыған байланысты оқушылармен жұптық және жеке жұмыс сияқты ұйымдастырушылық формаларды қолдану тиімдірек болады, бұл оқытудың мәнін өзгертеді: мұғалім процесті түсіндіретін субъекті қана емес, ол белсенді жұмыс істейтін бірлескен орындаушы және оқушының тапсырмаларды орындаудағы серіктесі, оның білімді досы және түсіндірме жолдасы. Бұл оқушының өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тану қабілеттерін дамыта алады.

Мәселелік оқыту - бұл тағы бір инновациялық технология: ұсынған материалдар қандай да бір жолмен қазіргі қоғамның алдында тұрған мәселелерді қозғауы керек, осы мүмкін нақты жағдайда өзекті болуы керек. Ақпараттық технологияларды, компьютерлік техниканы, мультимедияны қолдану және өткізілетін сабақтың интерактивтілігін енгізу тақырыпты мүдделі және дәлелді қабылдауды жандандырады және ұсынылған материалдың көрнекі тартымдылығын арттырады.

Мұғалімнің барлық инновациялық қызметі өзіндік ерекшелік пен креативті ойлауды, білім мен дағдыларды игеруге шығармашылық және саналы қатынасты тәрбиелеуге бейімделуі керек. Дәл осы аталған технологияларды қолданған кезде танымдық іс-әрекетке, білім мен дағдыларды белсенді игеруге, жалпы оқу процесіне шұғыл қажеттілік артады. Психологтардың пікірінше, оқытудың осы түрімен оқушы түсінетін объект немесе құбылыс туралы жаңа білімнің үнемі сұранысына ие болады және оқу мотивтерінің контуры айқынырақ болады. Білім берудің түпкі мақсаты - "Өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі оқытуға қабілетті" бай рухани-адамгершілік тұлғаны тәрбиелеу.

Қазіргі оқу процесінің жеке бағдарлануы отандық білім беруді дамытудың инновациялық кезеңінің перспективалық мүмкіндіктерін ашатын өзекті талап болып табылады. Тек бұл осы жүйені тиімді реформалауға мүмкіндік береді және жаңа білім беру стандарттарын енгізуге бағытталған жағдайды үздіксіз және динамикалық өзгерту жолында нақты нәтижелер береді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Арбузова, Е.Н. Инновационные технологии в преподавании биологии: учебное пособие для вузов / Е.Н. Арбузова, Р.В. Опарин. — М.: Издательство Юрайт, 2023. — 242
2. Матяш, Н.В. Инновационные педагогические технологии: проектное обучение: учебное пособие для студентов ВПО. 2-е изд., доп. / Н.В. Матяш. - М.: Академия, 2020. – 156 с.

MODERN METHODS OF TEACHING ENGLISH: EFFECTIVE AND ENGAGING APPROACHES

The need for learning of modern schoolchildren is determined by several factors, first of all, the need to master new things, maintain the necessary level of awareness in a particular field of knowledge, find the necessary information, study the latest data, etc. In addition, these factors include the nature of the text, its linguistic and compositional features, genre and stylistic features, the degree of saturation with information, the level of linguistic complexity. The purpose of this article is to consider the possibilities of using elements of the synectic method in mastering a foreign language text among high school students, structuring and supplementing their knowledge in various subject areas. The theoretical significance of the work is determined by the fact that it considers the possibilities of using synectic signs in the process of text action in foreign language lessons, the practical value of the work is determined by the possibility of using elements of the synectics method in the practice of teaching foreign languages, in the development of curricula, elective courses, in the process of text action with professionally oriented texts.

The main tool for developing cognitive interest in senior school students at school age is texts. Professionally oriented authentic texts that can provide new knowledge are of great interest to senior school students. It should be noted that students have certain knowledge acquired during their studies in the field of natural and mathematical sciences in primary school and perceive additional material more easily. A foreign language allows them to access them using information sources such as physics, chemistry, biology, geography, mathematics, etc.

In this case, the opinion of M.V. Lyakhovitsky is justified, who noted that the success of learning, that is, understanding the content of the read text, depends on knowing which subject the text is intended for. The author notes that the degree of knowledge of the subject is always directly proportional to the depth of penetration into the meaning of what is read. In addition, a very good knowledge of the subject in accordance with the educational profile can often compensate for the lack of knowledge of a linguistic nature.

In teaching professionally oriented learning, we use an interdisciplinary method. Interdisciplinary communication, in this case, is considered as a way of organizing the cognitive activity of students in the developmental education system, since it affects the selection and structure of educational material, increases the consistency of knowledge, develops cognitive interest, ensures cognitive activity and contributes to improving the consistency of educational material in the natural science and mathematics cycle and the quality of teaching in these subjects.

Interdisciplinary communication also trains schoolchildren to independently master knowledge (intersubjectively), forms the skill of reading with a comprehensive understanding, understanding the main idea and searching for the necessary information. It should be noted that students can use these skills in any field of knowledge.

In teaching reading, elements of the synectics method are used as a means of developing imaginative creative thinking, a cognitive method, an active method of learning, a means of conditional speech situations of communication.

The text, as we all know, is characterized by its belonging to one or another style: journalistic, business, colloquial. For high school students, scientific and cognitive texts, special texts that bring high school students closer to their future professional activities are of particular importance.

In this article, we propose to use synectics capabilities when working with profile text. The use of elements of the synectics method is possible in practical lessons (lessons), but to a greater extent in elective courses.

The author of the synectics method, American inventor William Gordon and his colleague George Prince, in the early 50s of the 20th century, proved in their research that individual and collective creativity are similar to each other. The uniqueness of the synectics method is explained by the possibility of its application in various fields of knowledge and areas of activity. The term "synectics" means the combination of heterogeneous elements. Synectics is defined as a research methodology based on socio-psychological motivation, collective



intellectual activity. The main mechanism for achieving synectic results is analogies that contribute to the transfer of knowledge from one subject area to another, which first preserve existing interpretations, and then transform the results into new knowledge.

The method of synectics can be used as a methodological method in the methodology of teaching foreign languages, for example, when organizing design and research work. The use of synectic teaching elements in a foreign language lesson contributes to creating a creative atmosphere, expanding knowledge on the educational profile, activating mental activity, and developing associative thinking of senior students in finding the right solution.

The use of synectic opportunities allows schoolchildren to predict the content of the text they work on, using all the associations that arise when understanding the topic of the text. Associations are built on the meaning of words, phrases. It is also possible to use associative connections in teaching terminology. We believe that the use of elements of the synectic method will rationalize the learning of senior students.

Using elements of the synectics method in foreign language lessons, the teacher acts as a synector, encouraging schoolchildren to search for new solutions and involving them in the discussion process. Solving a problem often requires knowledge from different subject areas, so the synector teacher may invite subject teachers (chemistry, physics, biology, mathematics, etc.) depending on the topic of discussion. During the lesson, students reflect, express their opinions, compare facts, draw conclusions, feel the need to communicate in a foreign language. We consider the use of synectics features in teaching text activity as a motive for acquiring new knowledge through a foreign language.

In the process of text activity, synectics teaching elements help to analyze the problem, question, task being studied by creating an analogy, that is, during the discussion, senior students get the opportunity to use new non-standard solutions to solve it. The use of analogies streamlines students' actions and leads to the rigor of the algorithm.

In practical lessons in a foreign language, the subject content of teaching is implemented in the form of texts and is the product of speech activity. Texts have unity of subject and intention, relative completeness, continuity, integrity, internal structure - syntactic (at the sentence level), compositional and logical, a certain purposefulness and pragmatic situation. The perception of the text is provided not only by the linguistic units included in them, but also by the background knowledge that makes up its subject content. Some researchers consider the text to be a product of speech activity and its completeness, consistency, integrity, internal structure - syntactic, compositional-logical purposefulness and pragmatism are characterized.

A foreign language makes a certain contribution to the upbringing of the personality of high school students. When choosing the content of education, it is important to proceed from the conditions of the actual use of a foreign language by students. In this regard, interdisciplinary connections play an important role. Interdisciplinary connections contribute to the transfer of knowledge, skills and abilities from the subjects of the natural science and mathematics cycle to a foreign language and vice versa. This is possible due to the saturation of practical lessons (lessons) with important information regarding the future professional activities of students.

The idea of using synectic signs in teaching text activity is to divide students into groups according to their interest in a given topic. Given that the group of students in a foreign language is 10–11 people, two groups (4–6 people each) can participate in the discussion of the problem. Each group tries to come to a solution to the research problem using the methods of comparison, analysis, synthesis, generalization.

At the first stage, the problem is discussed in general terms; at the second stage, the problem is analyzed, the formulation of the problem is formulated; at the third stage, the correlation of the first solutions is introduced, new ideas are searched for to solve the set problem; at the fourth stage, the difficulties of solving the research problem are identified; fifth – selection of leading questions and transition to solving the problem using analogies.

Here are examples of tasks for high school students using synectic features:

□ Read the title of the text carefully: “Nanorobots venture inside cells” and try to understand it. Focus your attention on the title, look at the words below, analyze their meaning and say which field of knowledge this text belongs to and what problem it is intended for. Justify your answer. Micro- and nano-robots, venture inside cells, build for medical purposes, to venture deep within our bodies, to repair damage, to deliver drugs selectively, external guidance system, to operate nanorobots inside individual cells.

□ Professional texts differ from literary texts in their special vocabulary and terms. Students have experience working with similar texts by studying physics, chemistry, biology, geography, etc. in accordance with their future profession. Read the words, say what associations they cause in you and what field of knowledge

they belong to, highlight unfamiliar words and try to determine their meaning by comparing and drawing analogies with words you have encountered in the texts of the natural science and mathematics cycle: microbes, species, organisms, molecules, microorganisms, bacteria, cells, cancer cells, tissue, fungi, antimicrobial compounds.

It should be noted that the results of the study are confirmed by the knowledge gained by students in the natural science and mathematics cycle through a foreign language. One of the types of active work that contributes to the development of cognitive interest of schoolchildren in the English lesson can be considered the use of elements of the synectics method in the process of textual activity.

In conclusion, we note that synectics is considered by us as a method of cognition, an active method of teaching, a means of developing cognitive interest and imaginative thinking of schoolchildren. The use of elements of the synectic method in the process of textual activity in the English language lesson ensures the accumulation of knowledge on the subject and contributes to the expansion of the knowledge space of high school students through a foreign language. The experience accumulated in the process of textual activity develops associative thinking, which helps students create new, non-standard, original ideas, develops imagination, thinking, and also contributes to the development of memory. With the help of imagination, schoolchildren can perceive facts and phenomena in the subjects of the natural science and mathematics cycle in terms of the information they have about these facts and phenomena.

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы
"Балнұрым-1" бөбекжай-балабақша

Тәрбиеші

Жолдибаева Жаина Батирбековна



ТӘРБИЕШІ - БАЛАБАҚША ЖҮРЕГІ

Аннотация: бұл мақалада тәрбиешінің балабақшадағы рөлі мен маңызы жан-жақты қарастырылған. Тәрбиешінің баланың тұлға болып қалыптасуындағы орны, кәсіби шеберлігі мен жеке қасиеттері туралы терең мағлұмат беріледі. Сонымен қатар, заманауи тәрбиешінің жаңа талаптарға сай болуы қажеттілігі мен оның қоғамдағы маңызы талданады. Мақалада тәрбиешінің жүрек жылуы мен мейірімділігінің бала дамуына тигізетін ықпалы ерекше атап өтіледі.

Тірек сөздер: тәрбиеші, балабақша, тәрбие, білім беру, мейірімділік, кәсіби шеберлік, заманауи тәрбиеші.

Мақаланың өзектілігі: қазіргі заманғы білім беру жүйесінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісі ерекше маңызға ие. Балабақша – баланың тұлға болып қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Осы орайда тәрбиешінің рөлі ерекше, себебі ол баланың білімге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, адамгершілік қасиеттерін де қалыптастырады. Тәрбиешінің кәсіби шеберлігі мен жеке тұлғалық қасиеттері тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына тікелей ықпал етеді. Сондықтан тәрбиешінің кәсібилігі мен жаңашылдығын арттыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Мақсаты: тәрбиешінің балабақшадағы маңыздылығын айқындау, оның кәсіби шеберлігі мен жеке қасиеттерінің бала дамуына әсерін талдау, сондай-ақ заманауи тәрбиешіге қойылатын талаптарды айқындау.

Міндеттері:

1. Тәрбиешінің балабақшадағы рөлін ашып көрсету;
2. Тәрбиешіге қойылатын кәсіби және жеке талаптарды талдау;
3. Заманауи тәрбиешінің қызметіне қатысты жаңашыл тәсілдер мен әдістерді қарастыру;
4. Тәрбиешінің кәсіби дамуы мен қоғамдағы рөлін анықтау;
5. Тәрбиеші еңбегінің бала тұлғасын қалыптастырудағы ықпалын зерделеу.

Балабақша – бала өмірінің алғашқы баспалдағы, дүниетанымының қалыптасу ортасы, білім мен тәрбие бастауы. Осы қасиетті мекенде баланың жан дүниесін нұрландырып, болашағына бағыт-бағдар беретін негізгі тұлға – тәрбиеші. Тәрбиеші – ұрпақ тәрбиесінің алтын діңгегі, балабақшаның жүрегі, қоғамның рухани шамшырағы. Балабақшадағы тәрбиешінің орны ерекше, өйткені ол баланың алғаш білім алып, адамгершілік қағидаларын меңгеретін ортасындағы ең жақын адам болып табылады. Тәрбиеші тұлғасы – мейірімділік пен жанашырлықтың, парасаттылық пен адамгершіліктің жарқын үлгісі. Тәрбиеші – баланың ең алғашқы ұстазы ғана емес, оның өмірге деген көзқарасын қалыптастыратын жетекші тұлға. Бала балабақшаға келген сәттен бастап тәрбиеші оны жылы қабақпен қарсы алып, сенімін оятады. Бала жүрегіне жол табу үшін тәрбиеші ерекше қасиеттерге ие болуы қажет: шынайылық, мейірімділік, төзімділік және балаға деген сүйіспеншілік. Бала өзін қауіпсіз әрі жайлы сезінетін ортада ғана тұлға ретінде дамиды, ал тәрбиеші осы ортадағы ең сенімді тұлға ретінде қабылданады.

Тәрбиешінің басты міндеті – әр баланың бойындағы табиғи дарынын байқап, оның дамуына қолдау көрсету. Балалар әлемі – таза, пәк, шынайы, сондықтан тәрбиеші олардың сенімін жоғалтпай, әрдайым қолдап отыруы тиіс [1, 45]. Тәрбиеші әр баланың жеке қабілетін ескере отырып, оның бойындағы жасырын таланттарын ашуға тырысады. Ол үшін тәрбиеші шығармашылық қабілетін дамытып, түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады.

Тәрбиеші бейнесі – бала үшін ерекше тұлға. Оның жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, іс-әрекеті бала санасында үлкен із қалдырады. Сондықтан тәрбиеші өз бойында жоғары мәдениеттілік пен тәрбиелілік қасиеттерін қалыптастыруы қажет. Ол баланың тек білім алуына ғана емес, адамгершілік қасиеттерін сіңіруіне де ықпал етеді. Бала үлкендерді сыйлауды, құрметтеуді, ізеттілікті тәрбиеші арқылы меңгереді. Тәрбиешінің тағы бір маңызды қыры – ата-анамен байланыс орнату шеберлігі. Бала тәрбиесі тек балабақша қабырғасында шектелмей, отбасымен бірлескен жұмыс арқылы жүзеге асуы тиіс. Осы орайда тәрбиеші ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатып, бала тәрбиесіне қатысты ақыл-кеңестер беріп, ортақ мақсатқа ұмтылуы қажет. Ата-аналармен өзара сенім мен сыйластыққа негізделген байланыс бала дамуының тиімділігін арттырады. Тәрбиеші болу – үлкен жауапкершілік пен төзімділікті талап ететін күрделі жұмыс. Бала мінезінің қалыптасуы мен психологиялық саулығына тікелей ықпал ететін маман ретінде тәрбиеші үнемі өзін-өзі жетілдіруі тиіс. Күн сайын өзгеріп отыратын білім беру талаптарына сай болу үшін тәрбиеші өз біліктілігін арттырумен қатар, заманауи әдістемелер мен технологияларды меңгеруі қажет. Тәрбиешінің жүрегі әрдайым мейірімге, жылулыққа толы болуы тиіс. Ол балалардың қуанышын бөлісіп, мұңын тыңдай алатын жақын досы бола білуі керек. Бала қандай жағдай болмасын тәрбиешіге сенім артып, оның қолдауын сезінуі тиіс. Балабақшадағы әр күн балалар үшін ерекше, сондықтан тәрбиеші сол күндерді қызықты әрі пайдалы өткізуге бар күш-жігерін жұмсауы қажет.

Тәрбиешінің бойында болуы тиіс қасиеттер:

- Мейірімділік пен адамгершілік – бала жүрегіне жол табатын басты кілт.
- Кәсіби шеберлік – заманауи әдістерді меңгеріп, оларды тәжірибеде қолдану.
- Төзімділік пен шыдамдылық – әр баланың мінез-құлқын түсініп, қолдау көрсету.
- Шығармашылық қабілет – балаларды қызықтырудың жаңа жолдарын табу.
- Жауапкершілік – бала өміріне деген үлкен жауапкершілікті сезіну.
- Психологиялық дайындық – баланың ішкі жан дүниесін түсіну [2, 107].

Тәрбиешінің қызметінің маңыздылығы

Балабақшада бала ең алғаш рет қоғаммен тікелей байланыс орнатып, өз қатарластарымен араласады. Осы кезде тәрбиеші баланың бойында мейірімділік, құрмет, достық сияқты ізгі қасиеттерді қалыптастырады. Әр баланың мінез-құлқына қарай жеке көзқараспен қарап, оның табиғи дарынын ашу – тәрбиешінің басты міндеттерінің бірі.

Тәрбиешінің күнделікті қызметі:

1. Оқыту мен тәрбиелеу – баланың жас ерекшелігіне сәйкес оқу бағдарламасын жүзеге асыру;

- 
2. Психологиялық қолдау көрсету – баланың жан дүниесін түсініп, психологиялық қолдау жасау;
 3. Әлеуметтік бейімдеу – балаларды қоғамдық ортада өзін ұстауға үйрету;
 4. Шығармашылық дамыту – әр баланың қабілетін ашып, шығармашылық әлеуетін қолдау;
 5. Ата-анамен байланыс – баланың тәрбиесіне ата-ананы белсенді қатыстырып, тығыз қарым-қатынас орнату [3].

Заманауи тәрбиеші – жаңашылдық пен креативтілік үлгісі

Қазіргі заманның тәрбиешісі – тек білім беруші ғана емес, баланың тұлғалық дамуын жан-жақты қолдайтын жаңашыл маман. Ол шығармашылық ойлау қабілетімен, креативті тәсілдерімен және заманауи көзқарасымен ерекшеленеді. Бала тәрбиесіне деген жаңаша көзқарас – уақыт талабы. Сондықтан тәрбиеші өзінің кәсіби деңгейін үздіксіз жетілдіріп, дамудың жаңа бағыттарын меңгеруге ұмтылады. Бүгінгі таңда тәрбиеші – жаңашылдық пен шығармашылықтың қайнар көзі. Ол дәстүрлі әдістерді заманауи технологиялармен шебер ұштастырып, балаларға қызықты да мазмұнды орта қалыптастырады. Әр сабақты тартымды ету үшін мультимедиялық құралдарды, анимациялық материалдарды және ойын элементтерін кеңінен пайдаланады. Мәселен, танымдық тапсырмаларды мобильді қосымшалар арқылы орындату немесе виртуалды экскурсиялар ұйымдастыру балалардың қызығушылығын оятып, жаңа білімді жеңіл әрі тез меңгеруге ықпал етеді.

Креативті тәрбиеші балалардың ойлау қабілетін дамытуға ерекше көңіл бөледі. Шығармашылық ойындар, театрландырылған қойылымдар, эксперименттік зерттеулер арқылы балалардың қиялы мен логикалық ойлауын жетілдіреді. Олар ойды еркін жеткізуге, өз идеяларын ортаға салуға мүмкіндік алып, белсенділіктерін көрсете алады. Бұл тәсілдер балалардың ішкі әлеуетін ашып қана қоймай, өзіне деген сенімділігін де арттырады. Сонымен қатар, заманауи тәрбиеші әр баланың жеке ерекшелігін ескеріп, оның қызығушылығын оятатын әдістерді іздестіреді. Мысалы, табиғатқа саяхат жасау арқылы экологиялық сауаттылықты қалыптастыру немесе шығармашылық шеберханаларда түрлі қолөнер бұйымдарын жасау арқылы эстетикалық талғамды дамыту – осындай тәсілдер балалардың таным көкжиегін кеңейтеді. Заманауи тәрбиеші тек балаға ғана емес, ата-анаға да серіктес бола білуі керек. Ол ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатып, баланың дамуына қатысты маңызды ақпараттармен бөліседі. Отбасымен бірлесе жұмыс істеп, тәрбиелік шараларды ұйымдастырып, ортақ мақсаттарға жету үшін өзара қолдау көрсетеді. Ата-аналармен сындарлы әңгімелер жүргізіп, бала тәрбиесіне қатысты кеңестер береді. Тәрбиешінің жаңашыл болуы – балабақшаның жалпы дамуына да ықпал етеді. Оқыту процесіне жаңалық енгізу арқылы ол балалардың ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, олардың бойында жауапкершілік, ынтымақшылдық пен дербестік қасиеттерін қалыптастырады. Әрбір іс-шараны ерекше жоспарлап, балалардың қызығушылығын оятатын тың идеяларды жүзеге асырады [4, 88].

Қазіргі заманғы тәрбиеші тек оқыту әдістерін жетілдірумен шектелмей, өздігінен дамуға да уақыт бөледі. Ол педагогикалық тренингтерге қатысып, тәжірибе алмасып, заманауи білім беру технологияларын меңгереді. Жаңашылдық пен үздіксіз ізденіс – кәсіби біліктіліктің ажырамас бөлігі. Заманауи тәрбиеші – шабыт беруші тұлға. Ол балаларды шығармашылыққа баулып қана қоймай, олардың бойында өмірге құштарлық пен білуге деген ынта қалыптастырады. Оның әрбір әрекеті – тәрбие мен оқытудағы жаңашылдықтың жарқын үлгісі.

Тәрбиеші еңбегінің қоғамдағы рөлі

Тәрбиеші еңбегі – қоғамның рухани дамуы мен болашақ ұрпақтың қалыптасуындағы ең маңызды факторлардың бірі. Ол баланың алғашқы әлеуметтік дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, оның адамгершілік қасиеттерін дамытады, өмірге көзқарасын қалыптастырады. Балабақшадағы тәрбиенің сапасы – елдің болашағын айқындайтын басты көрсеткіштердің бірі. Тәрбиешінің еңбегі, ең алдымен, қоғамның әлеуметтік іргетасын нығайтады. Бала балабақшада тек ойын ойнап, уақыт өткізбейді, ол ортада өзін-өзі ұстай білуге, өз ойын ашық айтуға, өзгелермен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Мұндай дағдылар оның болашақта қоғамның толыққанды мүшесі болып қалыптасуына тікелей әсер етеді. Яғни, тәрбиеші еңбегінің нәтижесінде бала қоғамға бейімделген, саналы, жауапты азамат болып өседі. Тәрбиешінің күнделікті еңбегі – келешекке салынған инвестиция. Ол әрбір баланың бойына білімге деген қызығушылықты, мәдениеттілік пен жауапкершілікті сіңіреді. Мектепке дейінгі жастағы балалар алған тәрбие олардың тұлғалық дамуының іргетасы болып табылады. Егер тәрбиеші баланың бойына мейірімділік, адалдық, еңбекқорлық сияқты құндылықтарды сіңірсе, олар есейгенде сол қасиеттерін сақтап, қоғамның дамуына өз үлесін қосады. Сонымен қатар, тәрбиешінің еңбегі ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бала жас кезінен логикалық ойлауды, шығармашылық

қабылетті дамытуды үйренсе, болашақта түрлі салаларда жетістікке жетіп, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосады. Осы тұрғыда тәрбиеші – білімді, білікті мамандардың жаңа буынын тәрбиелеуші тұлға. Ең бастысы, тәрбиеші еңбегінің ұзақ мерзімді әсері елдің болашақ дамуына ықпал етеді. Ұлттың зияткерлік әлеуетін көтеріп, рухани байлықты сақтау арқылы тәрбиеші қоғамның өркендеуіне жол ашады. Жас буынның бойына сіңірілген ізгілік пен адамгершілік құндылықтар уақыт өте келе елдің рухани келбетін айқындайды. Сондықтан тәрбиешінің еңбегін бағалау, оның кәсіби дамуына жағдай жасау – болашаққа салынған инвестиция болып табылады.

Қорытындылай келе, тәрбиеші – балабақшаның жүрегі ғана емес, бүкіл ұрпақтың тәрбиешісі. Оның еңбегі зор жауапкершілікті, шексіз шыдамдылықты, жүрек жылуын талап етеді. Тәрбиешінің мейірімділігі мен жанашырлығы баланың болашағына жол салып, ізгілік пен адамгершілік негіздерін қалауға ықпал етеді. Тәрбиеші еңбегі – қоғамның рухани және әлеуметтік дамуының негізі. Оның бала бойына дарытқан тәрбие тағылымы уақыт өте келе қоғамның мәдениеті мен санасына терең сіңіп, өркениетті ұлт қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тәрбиешіге құрметпен қарау – қоғамның өз болашағына деген жауапкершілігі мен қамқорлығының көрінісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтбаева, Г.Ж. (2020). Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқытуды ұйымдастырудың заманауи әдістері. Алматы: «Білім» баспасы;
2. Әлжанова, Қ.М. (2019). Педагогика және психология негіздері. Астана: «Фолиант» баспасы;
3. Нұрмұханбетова, Л.Қ. (2022). Тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігі және оны дамыту жолдары. Тәрбие және білім журналы, №3, 45-52 беттер;
4. Омарова, Ж.Б. (2017). Мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру мазмұнын жаңарту. Астана: «Ұлағат» баспасы.

Түркістан облысы, Төлеби ауданы
Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебінің дене шынықтыру мұғалімі
Шынтаев Нұрболат

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫ – МЕКТЕПТЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРІ»

Мектептегі дене тәрбиесі оқушылардың ақыл ой және дене қабілеттерінің дұрыс дамуына көмектеседі, ерік сапаларын қалыптастырады, күшін арттырып, денсаулығын нығайтады, организмін шынықтыру мен спорт саласындағы керекті дағдылармен қаруландырады.

Жоғарыда саналып өткен міндеттер негізінен дене шынықтыру сабақтарында жүзеге асатын мектептердегі дене тәрбиесінің бүкіл жүйесін дұрыс жолға қойған жағдайда ғана ойдағыдай шешіледі. Сондай-ақ, оқушыларға оқу сабақтары басталғанға ұдайы гимнастика жасатып, оқу күні барысында дене шынықтыру минуттарын, үзілістерді, ұзақ үзіліс кезінде, серуен, денешынықтыру шараларын ұйымдастыру өте маңызды.

Әр мұғалім, әсіресе сынып жетекшісі оқушылардың дене тәрбиесіне өте үлкен көңіл бөлуі қажет, өйткені қимыл әрекет балалар мен жасөспірімдер организмінің жетілуінің басты шарты болып саналады.

Дене шынықтыру жаттығулары бұлшық ет жүйелерін қимылға келтіреді де, сол арқылы барлық қалған органдар мен жүйелердің де қызметтерін күшейтіп, организмдегі жалпы алмасу мен әрекеттік мүмкіндіктің артуына көмектеседі. Сондықтанда дене жаттығуларымен үнемі шұғылданып жүрген оқушылармен дене жағымен жақсы жетілген, мектептегі үлгерім жағынан ең озат, техникалық оқыту кезіндегі еңбек операцияларын игеруі жағынан басқаларға қарағанда шпшаң келеді.

Дене шынықтыру жаттығулары табиғаттың табиғи күштерін (күн, ауа, су) барынша мол пайдалана отырып, тиісті гигиеналық жағдайларда өткізілген кезде ғана зорсауықтырғыш нәтижеге жетеді.

Дене шынықтыру жаттығулары өте қатаң мөлшерленіп, шұғылданушылардың жасы, жынысы, дене дайындығын есепке ала отырып жасалуы және жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Сабақтар біртіндеп қиындауы, қиын жаттығулар жеңіл жаттығулар мен алмастырылып отырылуы керек. Бұлай етпеген жағдайда дене жаттығулары оқушылардың артық күш жұмсап, шаршауына әкеп

соғуы мүмкін. Егер шұғылданушылардың қимыл үйлестігі бұзылып, көңіл-күйі, ұйқысы нашарласа, тітіркенгіштік, бозарушылық, тынысы тарылу, жүрек маңынан ауруы және т.б. байқалғандай болса, сабақ уақытша тоқтатыла тұруы қажет.

Үздіксіз жүргізілген дәрігерлік бақылау ғана дене шынықтыру жаттығуларын оқушылардың организміне жағымды әсерін қамтамасыз етуі мүмкін.

Дене шынықтыру сабағы.

Дене шынықтыру сабағы – мектептегі дене тәрбиесінің негізгі түрі. Дене шынықтыру сабақтары оқушылардың ой жұмысынан дене жұмысына ауыстырады, әрі олардың жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтірудің жақсы құралы қызметін атқарады. Дене шынықтыру сабақтарын ең жақсы оқу күнін ортасына қойған жөн.

Дене шынықтыру сабақтарында сауықтыру; білім беру және тәрбие міндеттері шешілуге тиіс. Сабақтың жалпы қабылданған схемасы үш бөлімнен: кіріспе негізгі және қорытындыдан тұрады.

Сабақ өткізгенде оқушылардың анатомиялық – физиологиялық, жыныстық ерекшеліктері, олардың сабаққа дайындығы ескерілуі қажет. Қыздар үшін күштілік, шыдамдылық, жылдамдық жаттығуларының нормасы азайтылады, сондай-ақ салбырау, өрмелеу және тырмысу жаттығулары да азайтылып, әлі толық кірігіп болмаған жамбас сүйектері тайып кетпес үшін, қатты секірту жүргізілмейді.

Жасөспірімдер өз күштері мен мүмкіншіліктерін арттық бағалауға бейім тұрғанын ескеріп, олардың денесіне түсетін күшті қатаң мөлшерлеу және көп күшті талап ететін жаттығуларды бермеу керек, бұл организмнің өсуі мен жүрек қан тамырлары, сүйек және басқа жүйелерінің қызмет күйіне қолайсыз әсер етуі мүмкін.

Дене шынықтыру минуттары мен үзілістері мектептегі оқу жұмысы балаларды бірте – бірте шаршауға, әлсіреуге алып келеді. Егер осындай шаршау кезінде оқушыларды аз уақытқа әрекеттің басқа түріне мысалы, оларға бірнеше дене жаттығуларды ұсыну, олардың жұмысқа қабілеттілігі тез қалпына келеді.

Осы мақсатпен сабақ арасында, сондай-ақ сабақтың өзінде де оқушылар бірнеше дене жаттығуларын орындайтын дене шынықтыру минуттарын немесе үзілістерін енгізу ұсынылады.

Ұзақ үзілістегі дене шынықтыру шаралары оқушылардың белсенді дем алуының бір түрі болып саналады. Олар оқушылар ақыл - ойының шаршауын азайтады. Дене шынықтыру шаралары оларды ашық ауада өткізгенде, аса зор нәтиже береді.

Ұзақ үзілістегі дене шынықтыру шаралары аптасына 2-3 рет өткізіледі. Үзіліс кезінде жақсылап дем алу оқушыларға «еріксіз таңылмауға» тиіс, әрі оқушылардың оған қатысуы міндетті емес.

Таңдап алған спорт түрінен басқа оқушылар спорттың басқа әсіресе таза ауада өткізілетін спорт түрлерімен шұғылдануы керек. Барлық спорт сабақтары мүмкіндігінше таза ауада, тоғай, далада, паркте, стадионда және т.б. жерлерде өткізілуі ұсынылады.

Спортпен шұғылданушы балалар күн режимін, жаттығулар мен жарыстардың жоспарын қатаң сақтауға тиіс.

Режимді жакс спортсменнің дене дамуын, оның нерв жүйесінің жеке ерекшелігін, үлгерімін, еңбек және қоғамдық қызметін ескеріп, жаттықтырушы, мұғалім және дәрігер бірлесе отырып жасайды. Тек осындай жағдайда ғана жатығу мен жарыс кезінде жас спортсменнің жұмысын біртіндеп ауырлатуға мүмкіндік туады, бұл олардың денсаулығын сақтау үшін аса маңызды.

Денсаулық күнінің мазмұны ауа – райы, климат жағдайлары мен мектептің материалдық - техникалық базасын, сондай-ақ балалардың жас ерекшеліктері мен қызығуларына байланысты. Дене шынықтыру және спорт шараларына мектептің барлық оқушылары белсене қатысуға тиіс.

Дене шынықтыру мен спорт күнінің мазмұнына спорттық ойындар, әскери ойындар, шаңғы, шана, коньки тебу, экскурсия, туристік жорық, көпшілік кросс, т.б. кіреді.

Бұл шараларды жүзеге асыруда организмді жұмысқа бірте - бірте үйрету, денеге түсетін ауырлықты азайта отырып, ұйымдасқан түрде аяқтау т.б. сияқты дене жаттығуларын ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын жалпы талаптарды сақтаған жөн.

**Абай облысы білім басқармасының Көкпекті ауданы білім бөлімінің
"А.С.Пушкин атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші
Бахтиярова Анаргүль Мухаметкаримовна**



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ-ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Аннотация: мақалада мәтінмен жұмыс жасаудың оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудағы маңызы қарастырылады. Мәтінді дұрыс түсіну, талдау және қолдану дағдыларын дамыту мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдер ұсынылады. Бұл жұмыс түрлері оқушылардың ақпаратты іздеу, өңдеу, жүйелеу және өз ойларын жүйелі түрде жеткізу қабілеттерін жетілдіреді. Мақалада мәтінмен жұмыс істеудің тиімді әдістері, оның ішінде болжау, мәтіндегі маңызды сөздермен жұмыс, инфографика қолдану сияқты тәсілдер қарастырылған.

Кілт сөздер: мәтінмен жұмыс, функционалдық сауаттылық, оқушылар, талдау, мәтінді түсіну, сыни ойлау, ақпаратты қолдану, оқыту әдістері.

Қазіргі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылық ерекше орын алады, себебі бұл дағды оқушыларға тек мектепте алған білімдерін ғана емес, сонымен қатар өмірде қолдануға мүмкіндік береді. Функционалдық сауаттылық оқу мен ақпаратты түсіну қабілетінен ғана емес, сол ақпаратты тиімді пайдалану, оны шешімдер қабылдау мен нақты әрекеттерге айналдыру қабілетінен тұрады.

Білім беру процесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін олардың оқу, жазу, математикалық дағдыларын ғана емес, ақпаратпен жұмыс істей алу қабілеттерін де қалыптастыру қажет. Бұл орайда оқу сауаттылығы маңызды рөл атқарады, себебі оқу процесінде оқушылар ақпаратты түсініп қана қоймай, оны түрлі контекстерде қолдана алуы тиіс. Қазіргі уақытта оқушылардың ақпараттық кеңістікте өзін-өзі дамытуы мен оқыған материалдарын сыни тұрғыдан бағалауы өте маңызды.

Әсіресе, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығы төмендеген жағдайда, функционалдық сауаттылықтың да деңгейі төмендейді. Ақпаратты дұрыс қабылдай алмау, мәтіннің мәнін түсінбеу немесе оны өмірде қолдана алмау сияқты мәселелер туындайды. Бұл функционалдық сауаттылықтың болмауынан туындайтын проблемаларға әкеліп соғады. Сондықтан мектепте оқушыларды кітап оқуға ынталандыру, мәтіндермен дұрыс жұмыс істеуге үйрету, ақпаратты өз мақсаттарына сай пайдалану дағдыларын дамыту маңызды. Оқушыларға мәтіндер мен деректерді дұрыс талдап, оларды нақты өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілетін дамыту арқылы функционалдық сауаттылықты арттыруға болады.

Осының нәтижесінде, оқушылар тек мектеп бағдарламасын меңгеріп қана қоймай, ақпаратты сын тұрғысынан қабылдауға, өз өмірінде тиімді пайдалана білуге қабілетті тұлға ретінде қалыптасады.

Оқу сауаттылығы дегеніміз — адамның мәтіндерді дұрыс оқып, түсініп, оларды өмірде қолдана алу қабілеті. Бұл дағды тек оқыған материалды түсінумен шектелмей, оны терең зерделеу, ой елегінен өткізу, мәтіннің мазмұнын талдау және алынған ақпаратты әртүрлі жағдайларда тиімді пайдалану мүмкіндігін қамтиды. Оқу сауаттылығы адамның ақпаратты дұрыс қабылдауына, оны шешім қабылдау, пікір қалыптастыру және өз көзқарасын білдіру үшін қолдана білуіне мүмкіндік береді.

Оқу сауаттылығының маңызды аспектілері:

1. **Мәтіннің мағынасын түсіну** — оқыған мәтінді толық түсініп, оның негізгі ойы мен мәнін ұғыну.
2. **Ақпаратты талдау** — мәтіннен қажетті ақпаратты таңдап, оны дұрыс бағалау.

3. **Ақпаратты қолдану** — оқығанды өмірде немесе түрлі жағдайларда тиімді қолдана алу дағдысы.

Оқу сауаттылығы — бұл адамның білімін тереңдетуге, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауға, әлеуметтік өмірге белсене қатысуға мүмкіндік беретін негіз болып табылады. Сондықтан, бұл дағдының дамуы оқушылардың интеллектуалды және тұлғалық дамуы үшін өте маңызды.

Мәтінмен жұмыс — бұл тек мәтінді дұрыс түсінуді ғана емес, сонымен қатар оны талдай білу дағдыларын дамытуға бағытталған қызықты әрі пайдалы жұмыс түрі. Мәтінді талдау — бұл мұғалім мен оқушылардың бірлескен жұмысы болуы тиіс процесс.

Мәтінді түсіну — бұл бастауыш мектепте қалыптасатын негізгі дағды. Қазіргі әлемде ақпараттың артықтығы мәтіндерді дұрыс түсінудің мәселесіне айналып отыр. Баланы мәтіндерді қабылдауға және талдауға үйрету үшін әртүрлі ақпарат көздеріне жүгіну маңызды, ал көркем мәтіндер — тек бір бөлігі ғана. Сонымен қатар, баланы графиктер мен диаграммаларды, бейнемазмұнды, суреттерді, комикстерді, фотосуреттерді, мұғалімнің әңгімелерін және аудио хабарламаларды түсінуге де үйрету қажет — яғни, кез келген ақпарат көзімен жұмыс істей білу керек. Бұл мақсатқа жету үшін оқырмандық сауаттылық маңызды рөл атқарады.

Оқырмандық әрекеттер мыналарды қамтиды:

- мәтінде тікелей аталған ақпараттың мәліметтерін анықтау (деректерді оқу);
- осы ақпараттан нақты тұжырымдар жасау;
- мәтіннің жеке бөліктерін түсініп, біріктіру және интерпретациялау;
- мәтіннің жалпы мазмұнын, тілін және формасын бағалау.

Бұл дағдылар оқушының ақпаратты тиімді өңдеуге, оны талдап, дұрыс шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Педагогикалық қызметте оқырмандық сауаттылықты қалыптастыру үшін мәтінмен жұмыс істеудің бірнеше түрлері қолданылады. Әрбір түрі оқушылардың мәтінді дұрыс түсіну, талдау және қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.

Мәтінмен жұмыс істеудің түрлері:

1. **Түсініп оқу:** Оқушыларға мәтінді дұрыс және толық түсіну үшін оның негізгі идеяларын, мақсатын және құрылымын анықтауға көмек көрсетіледі. Бұл жұмыс оқушылардың мәтіннің мағынасын терең түсінуіне ықпал етеді.

2. **Тақырыптық оқу:** Белгілі бір тақырыпқа қатысты мәтіндер оқытылады. Бұл әдіс оқушыларға оқығандары бойынша өз пікірлерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3. **Негізгі ойлар мен маңызды детальдарды бөліп оқу:** Оқушыларға мәтіннен негізгі ойлар мен маңызды мәліметтерді бөліп шығару тапсырмасы беріледі. Бұл дағды оқушылардың мәтінді сараптай отырып, маңызды ақпаратты анықтауға көмектеседі.

4. **Сұрақтар мен тапсырмалармен жұмыс:** Мәтінді оқып болғаннан кейін оған қатысты сұрақтар мен тапсырмалар беріледі. Бұл тапсырмалар оқушылардың мәтінді тереңірек түсінуіне, ақпаратты талдап, бағалауға көмектеседі.

5. **Мазмұнды талқылау:** Мәтіннің мазмұнын сыныпта талқылау арқылы оқушылар өз ойларын жеткізіп, мәтіннің маңыздылығын тереңірек түсінеді. Талқылау кезінде пікір алмасу оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытады.

6. **Өз мәтіндерін құрастыру:** Оқушыларға өз ойларын мәтін түрінде жазу тапсырмасы беріледі. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және мәтін құрастыру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Өз тәжірибемде жиі қолданатын негізгі әдістерге тоқтала кетсем:

1. **Кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен оқиға желісінің болжау.** Мәтінді талдаудың келесі кезеңі — болжау жасау. Бұл әдіс жаңа білімдерді қолданудың тиімді жолы болып табылады. Оқуды тоқтатып немесе аяқтаған соң, баладан: «Сенің ойыңша, кейіпкер енді не істейді?» деп сұрау ұсынылады. Бұл тәсіл оқушыларға әртүрлі жағдайларды ойлап, талқылауға мүмкіндік береді және оқырмандық сауаттылық тапсырмаларының көпшілігі осындай болжау жасауға бағытталған.

2. **Кілт сөздермен мәтіннің толықтырылуы.** Оқушылардың өткен сабақтағы мұғалімнің айтқанын қаншалықты түсінгенін тексеру үшін, оларға сабақ тақырыбы бойынша мәтін беріледі, бірақ мәтінде кейбір маңызды сөздер — зат есімдер, етістіктер мен жалғаулықтар жоқ болады. Оқушылар осы сөздерді табуы қажет. Мұндай тапсырмалар оқушының оқу сауаттылығын дамытуға көмектеседі және олардың маңызды ақпаратқа назар аудару дағдыларын қалыптастырады.

3. Инфографика. Инфографика — деректерді графикалық түрде ұсынудың әдісі, ол күрделі ақпаратты жылдам әрі анық түсіндіруге бағытталған. Бұл әдіс оқушыларға білімдерін жүйелеуге, ұғымдар арасындағы байланыстарды анықтауға немесе нақты тапсырмаларды орындау үшін іс-әрекеттердің алгоритмін жасауға көмектеседі. Инфографика мәтіндік ақпараттан қарағанда оңайырақ қабылданады. Оқушылар тек дайын инфографиканы пайдаланып қана қоймай, өздері де схемалар, алгоритмдер, белгілер, тапсырмалар мен сұрақтар құрастыра білуі тиіс. Бұл үрдіс оқушыларға қажетті мәліметтерді өздігінен тауып, өндеуге мүмкіндік береді.

Барлық осы тапсырмалар баланы мәтінді түсінуге, онымен жұмыс істеуге және оқырмандық сауаттылығын дамытуға үйретуге бағытталған. Оқушылар қажетті ақпаратты іздеу дағдыларын меңгеріп, негізгі оқу әрекеттерінің алгоритмдерін (мәтінді бөліктерге бөлу, жоспар құру, көркемдік құралдарды табу және т.б.) игеріп, оқырмандық сауаттылықты қалыптастыруға арналған әдістерді үйренулері қажет.

Қорытындылай келе, мәтінмен жұмыс жасау оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың маңызды әдісі болып табылады. Қазіргі қоғамның талаптарына сай оқушылардың оқу, түсіну, ақпаратты өндеу және қолдану дағдыларын дамыту үшін түрлі тапсырмалар мен әдіс-тәсілдер қажет. Мәтінмен жұмыс істеу оқушылардың тек ақпаратты қабылдауы ғана емес, сонымен қатар оны сыни тұрғыдан талдау, проблемаларды шешу, және өз пікірін білдіру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл тәсілдер оқушыларды дербес ойлауға, мәтінді тиімді пайдалануға және оны түрлі жағдайда қолдануға үйретеді.

Түркістан облысы, Төлеби ауданы

Әл-Фараби атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Орынбаев Жанболат

"ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ: ЖАҢА ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ"

Бүгінгі таңда біздің мемлекетіміз үшін қазіргі заман талаптарына байланысты өзіндік көзқарасы, саяси түсінігі бар, білімді әрі жоғары білікті жас ұрпақ тәрбиелеу қажеттігі туындап отырғаны сөзсіз.

Қазіргі заман балалардың функционалды сауатты болуын талап етсе, соның бірі -оқу сауаттылығы.

Оқу сауаттылығы:

- Ақпаратты табу;
- Мәтінді интерпретациялау;
- Рефлексия және бағалаудан тұрады.

Оқу сауаттылығы дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда бала өзі оқып отырған ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білуі.

Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қазіргі кезде түрлі технологияларды пайдалануға болады.

Оқу сауаттылығы түсініп оқудан басталып, сөздер мағынасына, грамматика және тілдік, мәтіндік құрылымдарға талдау жасауды қамтиды.

Оқуды түсіну дегеніміз не және ол неліктен маңызды?

Оқып түсіну – оқырманның мәтіннің немесе шығарманың айқын және жасырын мағынасын түсіну қабілеті.

Мағынаны толықтыру үшін сөздік білім мен сөзді тану шеңберінен шығады. Оқушылар түсініп оқу дағдыларын қолданса, олар сөздерді ой мен идеяға айналдырады.

Оқу – оқушылар үшін жаңа ақпаратты алудың ең маңызды тәсілдерінің бірі. Оқуды түсіну - оқырмандарға оқудан ләззат алуға және сабақтарға көбірек қатысуға көмектеседі.

Оқуды түсінудің екі негізгі құрамдас бөлігі – сөздік білім және мәтінді түсіну. Осы екі дағдының қосындысы оқушыларға мәтінді барынша пайдалануға көмектеседі.

Сөздік білім

Сөздік білім дегеніміз – оқуды түсінудің басталатын жері. Сөздік қоры жақсы оқушылар сөздердің нені білдіретінін түсінеді және берілген мәтінді түсіну үшін қажетті негізгі білімге ие болады.

Сондай-ақ ол бейтаныс сөздердің мағынасын анықтау үшін контекстік анықтамаларды пайдалану стратегияларын қамтиды. Оқушылардың сөздік қоры немесе жаңа сөздерді меңгеру қабілеті болмаса, оқуды түсіну процесі басталмай тұрып аяқталады.

Мәтінді түсіну

Мәтінді түсіну – мәтіннің нақты нені білдіретінінің жалпы көрінісі. Бұл оқушыларға не айтылғанын және одан не үйрену керектігін түсіну үшін мәтінмен өзара әрекеттесуге көмектеседі.

Оқушылардың мәтінді түсіну дағдылары жақсы болса, олар автордың не айтып жатқаны туралы сұрақтарға жауап бере алады, үзіндіні қорытындылай алады және мәтіндер немесе алдыңғы білімдер арасындағы ақпаратты байланыстыра алады.

Қысқасы, бұл оларға сөзбе-сөз түсінуден ойлаудың жоғары деңгейлеріне өтуге көмектеседі.

Түсінуді жақсарту, есте сақтауды жақсарту және байланыс орнату үшін оқуды түсіну стратегияларын пайдалану ешқашан кеш емес. Әр оқушы әртүрлі, сондықтан оқыту әдістемелерін соған сәйкес реттеймін!

Көптеген оқушылар әртүрлі себептерге байланысты мәтінді оқып түсінуі қиынға соғады. Солардың ішінде:

- Олар басқа оқу стилін қалайды (комикстер, манга)
- Олар оқуға да, жазуға да қызықпайды (ұялы телефон, әлеуметтік желі)
- Олардың мәтінді түсіну үшін қажетті алдын ала білімдері жоқ, сөздің қоры аз.
- Олар бір уақытта бір сөзге назар аудару қиынға соғады және маңызды ойларды жіберіп алады.

Әрбір оқушы сыни тұрғыдан түсіну дағдыларын дамыту мүмкіндігіне лайық. Оқушылардың оқуға деген сүйіспеншілігін ояту үшін сыныпта өзім қолданатын стратегияларды ұсынамын.

1. Бар білімге сүйену

Оқуды түсінудегі ең үлкен кедергілердің бірі - бастапқы білімнің болмауы.

Мысалы, астрономия бойынша мәтінді оқып жатқанда, оқушылардан күн жүйесі туралы не білетіндерін жазып немесе түсіндіруді сұраймын. Түсінуді жеңілдету үшін оқушылардан жылдам сұрақтар қоямын немесе KWL (Білемін, білгім келеді, үйрендім) жұмыс парағын толтырып және нәтижелерімен бөлісуді сұраймын.

Мәтінді оқымас бұрын, барлық оқушылардың мәтіндегі негізгі терминдер мен идеяларды түсінгеніне көз жеткіземін. Ол үшін мәтінде берілген жаңа сөздердің сипаттамасын ағылшын тілінде беремін. Оқушылардан мәтінге көз жүгіртіп, бейтаныс сөздердің астын сызуды сұраймын. Сыныптағы оқушылармен жаңа немесе таныс емес сөздердің мағынасы мен сипаттамасын тақтаға жазамын.

Бұл оқушыларға қорытынды жасауға және мәтін мен бұрыннан білетін нәрселер арасында байланыс орнатуға көмектеседі, бұл алдыңғы білімге қатысты ой-өрісін теңестіреді.

2. Көрнекі құралдарды қолдану

Оқушыларға оқып жатқан нәрсесінің ойша бейнесін жасауға көмектесу үшін көрнекі құралдар мен визуализация әдістерінің пайдасы зор. Бір мәтінді оқып бастамас бұрын, сол мәтіннің тақырыбын ашатын бірнеше сурет немесе видеоролик көрсетемін. Осыдан кейін, оқушылардың өздері мәтіннің тақырыбы мен негізгі мазмұны не болуы мүмкіндігі жайлы ойландыратын жетелеуші сұрақтарды қойып, тақырыпты анықтаймыз.

Сыныптағы дауыстап оқу оқушылардың мәтінді елестетіп, көз алдарына бейнелерді сомдауға ықпал етеді. Сондықтан дауыстап оқығаннан кейін, оқушыларға жазбаша сұрауларды пайдаланамын, мысалы:

Сіз қандай гүлдерді көп көрдіңіз?

Басты кейіпкерді қалай сипаттар едіңіз?

Одан да тереңірек түсіну үшін оқушыларға көріністі, кейіпкерді немесе оқиғаның суретін салуды сұраймын. Кейбір оқушылардың осы тапсырманы орындау барысында қызығушылық танытып, ақпаратты жақсырақ меңгергенін байқаймын.

3. Сөздік қорын дамыту

Сөздік мәтінді түсінудің маңызды бөлігі болып табылады және оқуды жеңілдету және еркін оқу үшін өте маңызды. Сөздік оқу стратегиялары оқушыларға жаңа сөздерді өздігінен түсінуге арналған құралдарды жасауға көмектеседі.

Оқушыларға жаңа сөздерді үйренуге және есте сақтауға көмектесу үшін мына әрекеттерді орындаймын:

Мәтіндегі жаңа сөздерді ерекшелеп, мағынасымен сәйкестендіру

Жаңа сөздерді синонимдері мен антонимдері арқылы жаттау

Жаңа сөздерді сөз таптарына ажырату

4. Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын жүзеге асыру

Оқушыларды мәтін бойынша сыни тұрғыдан ойлауға ынталандыру үшін келесі сұрақтарды қойамын:

Неліктен автор белгілі бір жанрды немесе стильді таңдады?

Олар оқиғаға дейін немесе кейін не болды деп ойлайды

Кейіпкерлер неге солай әрекет етті?

Бұл сұрақтар оқушыларды мәтіннің терең мағынасы туралы ойлануға мәжбүр етеді және негізгі ойларды іздеу кезінде сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін пайдалануға көмектеседі. Оқушылар мәтінде не айтылғанын түсінбеген кезде нақтылайтын сұрақтар қойып, немесе идеяларды бұрынғы біліммен байланыстыру үшін ақыл-ой картасын құруға шақырамын.

5. Негізгі ақпаратты анықтау және қорытындылау

Оқушылар оқып болғаннан кейін мәтінді қорытындылау оларға көмектеседі

Негізгі мәліметті бөлектеп, қосымша ақпараттан ажыратамыз. Оқушылар келесі тапсырмаларды орындайды:

Пікірлерден фактілерді ажырату

Қосымша ақпарат арасынан негізгі идеяларды табу

Маңызды сөздер мен сөз тіркестерін анықтау

Олар түсінбейтін сөздік қорын іздеу

Оқушыларды мұны саналы түрде қалай жасау керектігін үйрету олардың миын автоматты түрде жалпылауға жаттықтыруға көмектеседі, бұл жалпы оқуды жақсы түсінуге әкеледі.

6. Болжам жасау

Түсініп оқу жаттығулары кезінде екі оқушы жұмыс дәптерімен жұмыс жасайды.

Болжамдар студенттер болжау үшін мәтіннің басынан бастап дәлелдерді пайдаланған кезде болады:

Әрі қарай не болады?

Олар мәтін не туралы болады деп ойлады?

Автор өз дәлелдерін растау үшін қандай мәліметтерді пайдаланады?

Оқудың басында оқушылардан өз болжамдарын жазуды сұраймын. Оқу аяқталғаннан кейін олардың нені дұрыс және нені дұрыс орындамағанын талқылаймыз. Олардың болжамы туралы ойлануына не себеп болды? Автор олардың үмітін орындады ма, әлде бұзды ма?

Бұл оқуды түсінуді дамытып қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларды материалға сыни тұрғыдан ойлауға итермелейді және мәтіндік дәлелдер келтіруге үйретеді.

7. Қорытынды жасау

Оқушылар қорытынды жасағанда, олар білмегені туралы қорытынды жасау үшін білетін ақпаратты пайдаланады.

Әрі қарай не болатынын болжаудың орнына, студенттер оқиғадан тыс ақпарат туралы қорытынды жасайды - оқиға басталғанға дейін не болғанын, оқиға қай жанрда екенін немесе оқиға аяқталғаннан кейін не болатынын.

Болжау сияқты, сіз дауыстап оқу немесе басшылыққа алынған сұрақ қою арқылы қорытындыларды модельдей аласыз. Оқушыларға әңгімеге преквел жазуды немесе мәтіндік дәлелдерге негізделген кейіпкерге арналған тарихты жасауды ұсынамын.

Қорытынды оқушыларға мәтін мен әлемнің қалай жұмыс істейтіні туралы бұрынғы білімдері арасында қорытынды жасауға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл олардың шығармашылық қабілетін арттыруға көмектеседі!

Мәтіндерді оқу – оқушылардың сөздік қорын молайтып қана қоймай, олардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытады. Сыни оқу оқушыларға әлемді түсінудің әртүрлі идеялары мен тәсілдерін кездестіруге мүмкіндік береді, оларды неге сенетіні және неліктен сенетіні туралы ойлануға мәжбүр етеді. Оқушылардың оқу сауатталығын арттыру барысында, мұғалім олардың дүниеге деген көзқарасын өзгертіп қана қоймай, өз білімін келешекте қолдануға жол салады.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Үлкен Нарын ауданы бойынша білім бөлімінің
"Қ. Дамитов атындағы орта мектебі" КММ
Математика пәні мұғалімі
Чекушева Гульнафис Нургожиновна



ЕКІ ТАҢБАЛЫ НАТУРАЛ САНДАРДЫҢ КВАДРАТЫН ТАБУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

*Математика — ғылымдардың патшасы,
арифметика — математиканың патшасы.
Карл Гаусс (1777-1855) — неміс математигі*

Математика — қоршаған ортаның (әрине бізді қоршаған) әрі нақты дүниедегі барша заттардың сан түрінде бейнеленген (өрнектелген) қатынастарын және осы заттардың кеңістіктегі пішіндерін зерттеуге арналған жалпылама ғылым болып табылады.

Математика — ең алғашқы ғылым

Арифметика (грекше «арифмос» - сан) - математиканың сандар, бірінші кезекте теріс емес рационал сандар (бүтін және бөлшек сандар) туралы және оларға амалдар қолдану жөніндегі саласы. **Арифметика** математиканың өзге бір саласы болып табылатын **алгебрамен** тығыз байланысты. Алгебрада сандардың жеке қасиеттеріне назар аудармай-ақ оларға амалдар қолдану тәсілі зерттеледі. Бүтін сандардың жеке-дара қасиеттері сандар теориясында қарастырылады.

Натурал сандар арқылы математикалық талдаудың негізгі түсінігі – **нақты сан** анықталды. Сан ұғымына логикалық талдау жасау теориялық арифметиканың үлесіне тиген.

Ежелгі замандардағы **санау** және қарапайым **өлшеулердің** қажеттілігінен туындаған арифметика – тұрмыстық қажеттілік, есептеу, қашықтық өлшеу, уақыт анықтау, аудан шамасын анықтау және өзгедей ғылымдардың сұранысы мен мұқтаждықтарын қанағаттандыру мақсатында дамытылған. Алғашқы кездері санау – мөлшері көп емес нәрселердің жиынын анықтау үшін қолданылғаны белгілі. Үйреншікті санау шегінен артық болған заттар «көп» деген бір атаумен аталған

Қосу, азайту, көбейту, бөлу, дәрежелеу және түбір табу амалдары – **алгебралық амалдар** деп аталады.

Математиканың әр даму кезеңдері теориялық жаңа мәселелермен толығып отырды.

Қазіргі кездегі басқарудың жалпы мәселелеріне қатысты математикалық зерттеулер мен есептеу техникасының жетістігі нәтижесінде адамның ой еңбегінің автоматтандырылғандығына жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Математика бүгінгі таңда адамға ақылшы, кеңес беретін «ақылды» ғылымға айналып отыр. Сонымен қатар, ұсынғалы тұрған екі таңбалы сандардың квадратын табудың тиімді жолдарын пайдаланып, өміріңізді әлдеқайда жеңілдетіге әбден болады.

Квадрат – санның квадраты, a -ның квадраты – $a \cdot a = a^2$ көбейтіндісі. Қабырғалары a -ға тең квадраттың ауданы осындай көбейтіндімен анықталғандықтан осылайша аталған. Санның квадраты, көбінесе санның 2-дәрежесі деп аталады. Төмендегі кестені барлығымыз жатқа білу мүмкін емес, алайда тиімді тәсілмен жеңілдету мүмкіндігі туындады.

	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9
10	100	121	144	169	196	225	256	289	324	361
20	400	441	484	529	576	625	676	729	784	841
30	900	961	1024	1089	1156	1225	1296	1369	1444	1521
40	1600	1681	1764	1849	1936	2025	2116	2209	2304	2401
50	2500	2601	2704	2809	2916	3025	3136	3249	3364	3481
60	3600	3721	3844	3969	4096	4225	4356	4489	4624	4761
70	4900	5041	5184	5329	5476	5625	5776	5929	6084	6241
80	6400	6561	6724	6889	7056	7225	7396	7569	7744	7921
90	8100	8281	8464	8649	8836	9025	9216	9409	9604	9801

Ең алдымен 11.....91 арлығындағы сандардың квадратын табудың тиімді әдісін талдайық.

Бірмен аяқталатын екі таңбалы сандардың квадратын табу үшін алдымен бірінші санды өзіне-өзін көбейтеміз, өзіне-өзін қосамыз, бірді соңына тіркейміз. Бірді соңына тіркеудің себебі бірмен аяқталатын сандардың квадраты бірмен аяқталады. Оны кваддраттар кестесінен көре аламыз.

$$(\overline{a1})^2 = (a*a)(a+a)1$$

Мысалы, 11^2 он бірдің квадратын табу үшін алдымен бірді бірге көбейтеміз $1*1=1$, бірге бірді қосамыз $1+1=2$, бірді соңына тіркейміз, сонда 121 шығады:

$$11^2 = (1*1)(1+1)1 = 1(2)1 = 121$$

$$21^2 = (2*2)(2+2)1 = 4(4)1 = 441$$

$$31^2 = (3*3)(3+3)1 = 9(6)1 = 961$$

$$41^2 = (4*4)(4+4)1 = 16(8)1 = 1681$$

$$51^2 = (5*5)(5+5)1 = 25(10)1 = (25+1)(0)1 = 26(0)1 = 2601$$

$$61^2 = (6*6)(6+6)1 = 36(12)1 = (36+1)(2)1 = 37(2)1 = 3721$$

$$71^2 = (7*7)(7+7)1 = 49(14)1 = (49+1)(4)1 = 5041$$

$$81^2 = (8*8)(8+8)1 = 64(16)1 = (64+1)(6)1 = 6561$$

$$91^2 = (9*9)(9+9)1 = 81(18)1 = (81+1)(8)1 = 8281$$

Келесі 15.....95 арлығындағы сандардың квадратын табудың тиімді әдісіне тоқталайық. Беспен аяқталатын сандардың квадратын табу үшін бірінші санды және бірінші саннан кейінгі санды (санақ бойынша, бір болса келесі сан екі болады) көбейтеміз де 25-ті соңына тіркейміз, себебі беснің квадраты жиырма бес (мұнда беспен аяқталатын сандардың квадратын тауып жатырмыз)

$$(a5) = (a*(a+1))25$$

Ендеше осы тәсілмен он беснің квадратын тауып көрейік. Он бес санындағы бірінші цифр бір, бірден кейінгі сан екі, бірмен екінің көбейтіндісі екіні береді ($1*2=2$). Ал көбейтіндінің мәніне жиырма бес тіркесек, жауабы 225 шығады:

$$15^2 = (1*2)25 = 225$$

Жиырма беснің квадратын табар болсақ, жиырма беснің бірінші цифрына сол санның кейінгі санды көбейтеміз, яғни екіге үшті көбейтеміз де ($2*3=6$), соңына жиырма бес тіркесек 625 шығады:

$$25^2 = (2*3)25 = 625$$

$$35^2 = (3*4)25 = 1225$$

$$45^2 = (4*5)25 = 2025$$

$$55^2 = (5*6)25 = 3025$$

$$65^2 = (6*7)25 = 4225$$

$$75^2 = (7*8)25 = 5625$$

$$85^2 = (8*9)25 = 7225$$

$$95^2 = (9 \cdot 10)25 = 9025$$

Енді 19.....99 арлығындағы сандардың квадратын табудың тиімді әдісін сипаттайық. Тоғызбен аяқталатын сандардың квадратын табу үшін алдымен сол санға бірді қосамыз. Шыққан санның өзіне-өзін көбейтіндісінен (немесе квадратынан) өзіне-өзін қосқандағы мәнін (немесе екі еселенген мәнінен) азайтып, жауапқа бірді қосамыз:

$$a9^2 = \{[(a9+1) \cdot (a9+1)] - [(a9+1a) + (a9+1)]\} + 1$$

немесе

$$a9^2 = [(a9+1)^2 - 2(a9+1)] + 1$$

Он тоғыздың квадратын тауып көрейік. Он тоғызға бірді қоссақ жиырма. Енді өз-өзіне көбейтсек төрт жүз(400) шығады, ал өз-өзіне қоссақ қырық (40) шығады. Шыққан мәндерді азайтып, бірді қоссақ үш жүз алпыс бір шығады ($400 - 40 + 1 = 361$)

$$19^2 = (19+1)^2 - 2(19+1) + 1 = 361$$

Жиырма тоғыздың квадратын табар болсақ, жиырма тоғызға бірді қоссақ отыз (30) болады. Отыздың квадраты білеміз тоғыз жүз (900), отызға отызды қоссақ алтыс (60). Шыққан мәндерді азайтсақ, яғни тоғыз жүзден алпысты азайтсақ сегіз жүз қырық (840), оған бірді қоссақ сегіз жүз қырық бір болады:

$$29^2 = (29+1)^2 - (30+30) + 1 = 841$$

$$39^2 = (39+1)^2 - (40+40) + 1 = 1521$$

$$49^2 = (49+1)^2 - (50+50) + 1 = 2401$$

$$59^2 = (59+1)^2 - (60+60) + 1 = 3481$$

$$69^2 = (69+1)^2 - (70+70) + 1 = 4761$$

$$79^2 = (79+1)^2 - (80+80) + 1 = 6241$$

$$89^2 = (89+1)^2 - (90+90) + 1 = 7921$$

$$99^2 = (99+1)^2 - (100+100) + 1 = 9801$$

Сонымен 50.....59 арлығындағы сандардың квадратын табудың тиімді әдісін сипаттайық. Алдымен берілген сандардың квадраттарын жазып шығайын:

$$50^2 = 2500 \rightarrow 2(5+0)00^2$$

$$51^2 = 2601 \rightarrow 2(5+1)01^2$$

$$52^2 = 2704 \rightarrow 2(5+2)02^2$$

$$53^2 = 2809 \rightarrow 2(5+3)03^2$$

$$54^2 = 2916 \rightarrow 2(5+4)04^2$$

$$55^2 = 3025 \rightarrow 2(5+5)05^2$$

$$56^2 = 3136 \rightarrow 2(5+6)06^2$$

$$57^2 = 3249 \rightarrow 2(5+7)07^2$$

$$58^2 = 3364 \rightarrow 2(5+8)08^2$$

$$59^2 = 3481 \rightarrow 2(5+9)09^2$$

Байқасаңыз, шарт бойынша сан квадратталып тұр. Теңнен кейін сол квадрат бірінші сан болып тұр, одан кейін 2-ші қатарда тұрған сан берілген санды құраушы екі цифрдық қосындысы. Ал үшінші және төртінші қатарда тұрған сандар берілген санның соңғы цифрының квадраты. Үшінші қатардағы нөлдің мәні мынада: бір таңбалы санның квадраты төртке дейін бір таңбалы, ал төрттеп бастап екі таңбалы, сондай-ақ екі таңбалы сандардың квадраты отыз екіден бастап төрт таңбалы. Енді ойлап отырған шығарсыз “елу бестен бастап неге бірінші қатардағы сан үш?” — деп, баста айтқанымдай бірінші қатардағы сан екі күйінше қала береді, тек оған берілген санды құрайтын екі цифрдың қосындысын құрайтын санның ондығы қосылады да, есеп ешбір мәселесіз шешіледі.

Келесі 90.....99 арлығындағы сандардың квадратын табудың тиімді әдісін қарастырайық. Берілген сандардың квадраттарын жазып алайын:

$$90^2 = 8100 \rightarrow 8(10^2)$$

$$\begin{aligned}
91^2 &= 8281 \rightarrow 8(2*1)9^2 \\
92^2 &= 8464 \rightarrow 8(2*2)8^2 \\
93^2 &= 8649 \rightarrow 8(2*3)7^2 \\
94^2 &= 8836 \rightarrow 8(2*4)6^2 \\
95^2 &= 9025 \rightarrow 8(2*5)5^2 \\
96^2 &= 9216 \rightarrow 8(2*6)4^2 \\
97^2 &= 9409 \rightarrow 8(2*7)3^2 \\
98^2 &= 9604 \rightarrow 8(2*8)2^2 \\
99^2 &= 9801 \rightarrow 8(2*9)1^2
\end{aligned}$$

Көріп тұрғаныңыздай жанына шығарылу жолы жазылған, көп созбай түсінікті тілмен айтайын. Берілген санның ондығы тоғыз, тоғызға дейін бізде сегіз немесе $9^2=81$ алғашқы цифры сегіз. $90^2=8100$ екені бәріне мәлім, тоқсан бірдің квадратынан бастайын: жаңағы сегіз санын бірінші қатарға жазамын, екінші қатарға берілген санның бірлігін екі еселеп жазамын. Ал үшінші және төртінші қатарларға, ол енді қызық, жүз болуға тоқсан бірге тоғыз жетпейді ал $9^2=81$. Сонымен үшінші және төртінші қатарларға жүз болуға жетпей тұрған санның квадратын жаза саламын. Енді тоқсан бестен бастап бірінші қатарда тоғыз жазылған ол ше? Берілген санның бірлігі – 5, екі еселегенде он болады. Он санының ондығы бірінші қатардағы сегізге қосыла салады, қалғандары да дәл осы жолмен шығарылады.

Барлық екі таңбалы сандардың квадратын табуға арналған формула. Бұл формула өте оңай әрі қысқаша көбейту формулаларының алғашқысының негізінде жасалған:

$$(ab)^2 = a^2 (2ab)b^2 \quad (1)$$

Бұл жердегі жақша орындарды береді: a^2 - мыңдық, $2ab$ - жүздік, b^2 – бірлік. Есептеулер барысында берілген орнынан асып кеткен жағдайда алдыңғы разрядқа қосылады. Бұл формуланы баған түрінде екі таңбалы санды көбейтіп шықан сандарды қалай қосамыз, дәл солай қолданамыз.

$$(ab)^2 = a^2*100+2ab+b^2 \quad (2)$$

Формулаға 100 және 10 сандарын мыңдық пен жүздіктің орындарын көрсету үшін қостым.

Кез келген адам креативті ойлай алады, бұл жай ғана – логика! Логикаңыз мықты болса кез келген есептерді логикаға сала отырып оңай шығара аласыз. Тіпті сол есепті шығаруға арналған формуланы да ойлап таба аласыз. Санның квадратын табудың оңай әдістері не үшін керек? Математикада есептерді шығару үшін қысқаша көбейту формуласы қолданылады. Ол әрине квадратпен жұмыс істеу керек дегенді білдіреді. Ал оқушылар барлық екі таңбалы сандардың квадраттарын жаттап ала алмайды. Әсіресе ҰБТ тапсыру барысында барлығын ұмытып қалады. Бұл формулалар оқушыларға, тіпті барлық адамдар үшін де өте пайдалы әрі тиімді. Басты мақсаты да сол, адамдардың ойлау қабілетін арттыру әрі оқушылардың математика ғылымына деген қызығушылықтарын арттыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Нұрқан Көбенқұлұлы — Математика әлемі (математикалық энциклопедия), «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, Алматы, 2011, 496 бет
2. В.А.Гусев, А.Т.Мордкович — Математика (оқушыларға арналған анықтамалық материалдар), «Ана тілі» баспасы, Алматы, 1993 ж, 304 бет
3. Нұрқанат Көбенқұлұлы — Математикалық ойшар (математикалық қысқаша энциклопедия,

Түркістан облысы, Түркістан қаласы
№28 мектеп-лицей
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Қалиева Айкерім Бахтиярқызы



LESSON STUDY ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН МЕКТЕП ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде білім мазмұнын жаңарту бағдарламасының енгізілуімен үлкен өзгерістер болып жатыр. Мектепте басталған реформалардың табысты болуы көп жағдайда оның кәсіби дайындығына, ішкі сеніміне байланысты. ХХІ ғасырдағы білім беру жүйесі мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықты арттыруды көздейді, оның аясында мұғалімдер бірлесіп жұмыс істей алады, жаңашыл және тиімді идеялармен алмаса алады, сол арқылы оқыту мен оқудағы практикалық тәсілдердің әсерін арттырады. Мұндай жағдайда мұғалім дәстүрлі білім берудің ескірген стереотиптерін бұзатын білікті практик, зерттеуші, бақылаушы болуы керек. Мұғалімдердің әрқайсысы «Балаларды қалай оқыту керек?», «Оқушыларды білім алуға қалай ынталандыру керек?», «Оқудағы қиындықтарды қалай жеңуге болады?» деген сұрақтарға жауап іздейді.

Осы мәселелік жағдаяттардың шешімі мектептегі оқыту тәжірибесінде Lesson Study әдісін қолдану болды.

Lesson Study – педагогикалық тәжірибе саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған педагогикалық технология, оның өзі сабақтағы іс-әрекетті зерттеудің ерекше объектісі болып табылады. Бұл педагогтар тобы бірлесіп жоспарлайтын, оқытатын, бақылайтын және талдаған кемінде үш деңгейді қамтитын цикл. Lesson Study көмегімен педагогтар өз зерттеулері мен оқуларын демократиялық жолмен жүргізе алады, білім сапасына әсер ете алады. Lesson Study технологиясы оқушылар мен мұғалімдердің қателіктерін көруге, одан қалай құтылуға болатынын түсінуге, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Негізінде Lesson Study – мұғалімдерді оқытудағы және олардың оқыту мен оқу тәжірибесін дамытудағы бірлескен технология.

Lesson Study-дің ерекшелігі мынада:

- Біріншіден, сабақ-зерттеу – мұғалімдер ұжымы жүзеге асыратын ұзақ процесс;
- Екіншіден, ол оң динамикаға, сабақтарды өзгертуге және жақсартуға бағытталған практикалық және зерттеушілік сипатта. Белгілі бір сыныпта оқытудағы негізгі мәселе мәліметтерді жүйелі жинау және талдау арқылы шешіледі;
- Үшіншіден, бұл - топтық жұмыс, мұнда қызығушылық танытқан мұғалімдер тобы зерттеу сабағының үш циклі ішінде белгілі бір сыныпта оқытудағы өзекті мәселені шешу бойынша зерттеулер жүргізеді;
- Төртіншіден, іс-әрекеттегі зерттеудің үш циклі кезінде нақты рефлексия мен нақты нәтижелерді алу үшін талқылау мен талдау көзі қызметін атқаратын мәліметтерді жинауды жүйелеу мен талдауға ерекше көңіл бөлінеді;
- Бесіншіден, жинақталған жұмыс тәжірибесін жариялау және тарату мақсатында үш цикл бойынша сабақ-зерттеу жұмыстарының бүкіл процесі хаттамаға жазылады.

Lesson Study зерттеуі үшін мектебіміздің әкімшілігі 5 сыныптарын тандады. Осы сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдер ұжымы құрылды. Топ мүшелері арасында рөлдер бөлінді: модератор, сабақты жүргізетін мұғалім, ABC деңгейлі білім алушылардың назарын бақылаушылар, хатшы және оператор.

Алдағы уақытта осы үш санаттағы оқушыларды оқыту мен дамытуға көңіл бөлінді.

Алдымен мектеп психологымен бір топ мұғалімдер құрастырған оқушылармен сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей:

- А деңгейіндегі оқушы сауалнамаға жауап бергенде оқуға деген ынтасы жоғары, тапсырманы орындауда сенімді және өзіне сенімді көшбасшы ретінде танылады;

- В деңгейлі оқушының оқуға деген қызығушылығы нақты белгіленген тапсырманы орындауда аздап қиындайды, көшбасшылық қабілеттерін арттыруды талап етеді;

- С деңгейіндегі оқушының оқуға деген қызығушылығы төмен, тапсырманы орындау кезінде басқалардың көмегіне жүгінеді.

Зерттеу Lesson Study тәсілі арқылы әртүрлі тақырыпта ұйымдастырылды. Әр мұғалім қатарынан 4 сабақ берді. Жұмысты бастамас бұрын фокус-топ отырысы өтті. Мұғалімдерге сабақ өткізу мақсаты қойылды. Сабақта топтық жұмыс, ауыспалы композиция жұбы, тұрақты композиция жұбы және жеке жұмыс болып 4 түрде жұмыс жасаймыз деп шештік. Сабақтың барлық формаларын салыстыра отырып, тиімдісін таңдаймыз. Барлық сабақтарда мұғалімдер сыни тұрғыдан ойлау құралдарын пайдалана отырып оқытуды қарастыруы қажет. Топтық жұмыс формасында оқушылардың бір-бірімен қалай әрекеттесетінін, оқу процесіне барлығының қатысатынын, жұппен оқытуда бірігіп білім игеретінін, бір-біріне сұрақ қоюды, оларға жауап беруге және өзара тексеруге үйренетінін анықтау қажет. Мұндай жұмыс түрлері оқушылардың ашылуына, өзін-өзі танытуына көмектеседі.

Мұғалімдердің негізгі міндеті – сабақтың барлық кезеңдерінде белсенділікті, қызығушылықты, қозғалысты сақтау.

Дәл Lesson Study тәсілі білім алушылардың жаңа идеялар мен ақпаратты өз сөздерімен қаншалықты жеткізетінін ашады. Оқушылар өз контекстінде түсінгендерін өз сөздерімен айтып, жақсы есте сақтайды, сондай-ақ балалардың ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік беретін қызу пікір алмасулар орын алады.

Мұғалімнің міндеті:

- оқушылардың күш-жігерін белгілі бір бағытқа бағыттайды;
- өз бетінше шешім қабылдауға ынталандыратын жағдайлар жасайды;
- білім алушыларға өз бетінше қорытынды жасауға мүмкіндік береді;
- бар жағдайлардың ішінде жаңа когнитивті жағдаяттарды дайындайды.

Зерттелетін сынып оқушыларына сауалнама жүргізу және бақылаушылардың бірлескен талқылауы, Lesson Study әдісін қолдану нәтижелерін ұсыну мұғалімдерге сабақты қалай құру керектігін, оқушылардың белсенділігін арттыру үшін қандай әдіс-тәсілдер мен оқыту әдістерін қолдану керектігін көруге мүмкіндік береді.

Мысалы, зерттеу жүргізілетін сабақ барысында А деңгейлі оқушылар топпен жұмысты ұйымдастыруға тырысты, балаларға бағыт-бағдар беріп, көмектесті, сол арқылы өзінің көшбасшылық қасиеттерін дамытты.

В деңгейлі оқушылар өз бетімен, жеке жұмыс жасауды жөн көрді. Бұрын топпен жұмыс істеу дағдысы болмағандықтан, ол постерде практикалық жұмысты талқылауға белсене қатыса бастады, жұптағы досына көмектесті. Бұл оның әлеуметтік аспектідегі өсуін көрсетеді.

Оқыту барысында С1 оқушыларын бақылай отырып, мұғалімге оқушылардың топтағы рөлін анықтауға ұсыныстар берілді, себебі топтың бір мүшесі ретінде барлығымен бірдей жауапкершілікке ие, бұл оның сабаққа тыңғылықты дайындалуына және сабақта белсенді жұмыс істеуіне көмектеседі. Уақыт спикері ретінде өз міндетін анық орындады.

Шығармашылық үй тапсырмасын бірлесе орындау С2 оқушысының өз бетімен ұқсас тапсырмаларды дайындауға деген құштарлығын оятты.

Мектебімізде оқыту мен оқу тәжірибесіне Lesson Study әдісін енгізу сәтті жүзеге асырылуда. Балалар сабаққа қуана келеді. Мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекетіне бағытталған мақсаттар зерттелетін сыныптағы мәліметтерді талдау және жинақтау негізінде өз нәтижесін көрсетіп, мәселелік тақырыпты шешуге ықпал етті.

Lesson Study технологиясының нысандары мен әдістерін тәжірибеге енгізу кезінде оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларының қалыптасу деңгейі келесі әрекеттерде атап өтілді:

- оқушылардың әртүрлі көзқарастары қалыптасты, өз пікірін толық қорғауға, сыныптастарының пікірлеріне сыни көзқараспен қарауға үйренді;

- оқушылар бір-бірін сыйлауға, ұсыныс жасауға, тыңдауға үйренді.

Эксперимент барысында оқушылардың оқу үдерісінде белсенділіктері мен пәнге қызығушылықтары артып, сыни тұрғыдан ойлау деңгейіндегі тапсырмаларды орындап, сұрақ қою арқылы орындап, бақылайтыны дәлелденді.

Қорытындылай келе, ғылыми-зерттеу сабақтарын өткізу ұстаздар ұжымын жұмылдырып, кәсіби шеберліктерін шыңдауға, тәжірибе алмасуға ықпал еткенін айтқым келеді. Біз сенімді қарым-қатынас орнаттық, нәтижеге барлығы жауапты болатын командада жұмыс істеуді үйрендік. Ең бастысы, балаларды жауапкершілікті сезіне отырып, бірлесе оқуға үйреттік.

**Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы
Ойыл қазақ орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі
Сиябаева Сәнім Мақсатқызы**



МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Математикалық сауаттылық дегеніміз – математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру.

Ой - өрісі кең тұлғаны қалыптастыруда жаратылыстану пәндерінің орны ерекше. Қазіргі кезде математика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор.

Бүгінгі күнде математика пәнін сапалы оқыту ізденістері – пән мұғалімін толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Сыни тұрғыдан ойлау барысында, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Математика пәнін оқуда сыни тұрғыдан ойлау технологиясының тиімділігі. Математиканы оқытудың мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологияларды тиімді пайдалану қажет. Математика сабағында оқушылар өз бетінше білу дағдыларын дамыту баға жетпес құндылықтарының бірі. Жаттығуларды өз бетінше тексеріп, қорытынды жасай білетін тұлға қалыптастыру мақсатында жаңа технологиялар әдістерін кеңінен қолдану қажет. Математика сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әр түрлі стратегияларын қолдана отырып, өз бетінше жұмыс істеу факторы – есептерді шығара білу.

Шапшаңдылық дағдыларын ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзыреттілігін арттыру арқылы шығармашылықтарын дамыту. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада шешім қабылдауға көмектесетін бірден бір тиімді технология. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа деген көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып тұжырым жасау.

Ой қозғай отырып оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап естіген-білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп білмегенін өзі реттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп тұжырым жасауға шығармашылық жұмыс жасау.

Жарыс сабағы барысында оқушылардың пәнге қызығушылығы мен ойлау қабілеті артатыны байқалды. Бұл ойын түрін сабағыма пайдаланудағы мақсатым – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, пәнге қызығушылығын арттыру.

«Математикалық-лото» ойынында түрлі кеспе қағаздарға есептер дайындаймын. Кеспе қағаздардың артына сурет салынады. Жауаптарын дұрыс орналастыратын болса, кеспе қағаздағы сурет дұрыс шығады. Ал, суреттің дұрыс құрастырылуы балалар қызығушылығын арттыра түсері анық. 7 сынып геометрия сабағында «Математикалық-лото» ойынын сынып оқушыларын екі топқа бөліп беруге де болады. «Математикалық-лото» ойының мынандай түрде де жүргізуге болады. Мұнда геометриялық фигуралардың аттары жазылып, тақтаға ілінеді. Оқушылар осы фигуралардың аудандарының формулаларын дұрыс тауып қоюлары керек. Логикалық ойындарды сергіту сәті ретінде қолданамын.

Әрбір оқушының және бүкіл сыныптың оқу материалын меңгеру деңгейін анықтау үшін білімін жазбаша тексеру тәсілдерінің бірі семантикалық картамен жұмыс. Семантикалық картамен жұмысты жаңа сабақты бекіту мақсатында ұйымдастырылған тиімді деп ойлаймын. Семантикалық карта көмегімен анықтамаларды, ережелерді, қасиеттерді тұжырымдау, сондай-ақ есеп шығару барысында қолдану іскерліктерін қалыптастырады. Мектепте жаңа буын оқулықтары бойынша математикадан сабақ беріп келемін. Оқулықтағы тапсырмалар деңгейлік тапсырмалар болып бөлінген.

Мұндағы I деңгей тапсырмалары: меңгерілген білімді үлгі бойынша пайдалана білу, II деңгей меңгерілген білімді өзгертілген жағдайда қолдана білу, III деңгей шығармашылық, яғни математика оқулығындағы әр түрлі сұрақтар, есептер, оқушылардың логикалық ойлау, шығармашылықпен ойлауын дамытатын, әр түрлі әдіс-тәсілдермен меңгертуге көмектеседі, яғни жеңілден күрделіге қарай тапсырмалар реттілікпен сақталып берілген.

Қазіргі ғылым мен техниканың даму кезінде алдымыздағы шәкірттің жан-жақты білімді, ой-өрісі кең болып шығуына ықпал ететін мұғалім екені түсінікті. Сабақта шығарылатын есептер оқушының ойлау қабілетін математика тілін дамытып, шығармашылықпен жұмыс істеуге негізделіп құрылған. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін оқушылардың сапалы есептерді өз бетінше шығаруына көп көңіл бөлемін. Деңгейлік есептер оқушының логикалық ойлау қасиетін шыңдайды және пәнге деген қызығушылығын арттырады. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші мұғалімдеріміз оқушыларды жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Педагогтің шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өткізуі – бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

Северо-Казахстанская область, Уалихановский район, с.Биданк
КГУ "Биданкская средняя школа"
Учитель английского языка, педагог-исследователь
Нуржанова Марфуга Каратаевна



РАЗВИТИЕ НАВЫКА ГОВОРЕНИЯ ПОСРЕДСТВОМ КАРТОЧЕК НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

В статье рассматриваются флеш –карты с идиомами и фразовыми глаголами в целях развития устной разговорной речи. Автор рассматривает способы развития разговорной речи через использование различных идиом и фразовых глаголов. В работе дается понятие флеш-карта и рассматриваются приемы развития устной речи обучающихся.

Статья будет интересна учителям и преподавателям, работающим по проблеме развития навыка говорения.

Ключевые слова: флеш-карта, идиома, фразовый глагол, ситуация.

Изучение иностранного языка подразумевает овладение четырьмя видами речевой деятельности, к которым относятся говорение, аудирование, чтение и письмо. Следует отметить, что самым востребованным и сложным является именно говорение, так как, благодаря ему устанавливается контакт, происходит обмен информацией и достижение взаимопонимания между участниками общения. Вот почему обучение говорению как самостоятельному виду речевой деятельности является одной из основных целей обучения иностранным языкам.

Существуют определенные требования к уровню подготовки обучающихся говорению. На сегодняшний день эта тема актуальна. Подтверждением этому является ИМП, где указано, что для развития навыков **говорения** необходимо предлагать обучающимся разнообразные мотивирующие задания, которые представляют возможность использовать свои языковые ресурсы для уверенного общения. Планировать использование целенаправленной разговорной речи можно на различных этапах урока: при работе с письменным или устным текстом (отвечать на вопросы по тексту), а также при устной практике грамматического или лексического материала. [1, с.29]. Обучающийся передает основное содержание текста в рамках изученных тем, выстраивая логический ход событий; использует формальный и неформальный стили; презентует информацию в рамках изученных тем; прогнозирует возможное содержание текста по заглавию, иллюстрации, ключевым словам, отрывкам из текста в рамках изученных тем; задает простые и сложные вопросы для получения конкретной информации; взаимодействует со сверстниками (в паре, группе) для выполнения учебных задач; сравнивает и противопоставляет тексты в рамках изученных тем; высказывает мнение, обосновывая свою точку зрения [2].

На уроках английского языка обучающиеся сталкиваются с такими проблемами при говорении, как: небольшой словарный запас и нехватка речевых средств, неумение использовать грамматические конструкции правильно и к месту. Обучающиеся стесняются говорить, потому что боятся сделать ошибку.


Для решения данной проблемы был апробирован набор флеш-карт. Обучение с помощью флеш-карт основывается на методе Лейтнера (широко используемый метод для эффективного запоминания и

повторения с помощью флеш-карточек, предложенный немецким ученым и журналистом Себастьяном Лейтнером в 70-е годы XX века)

Перед началом использования данного метода был проведен опрос среди обучающихся для выявления общих трудностей в процессе.

1. Легко ли тебе составлять устное сообщение на английском языке?
2. Трудно ли тебе беседовать на английском языке во время урока?

Диаграмма 1.



В опросе участвовали обучающиеся 8 класса. Опрос показал, что 5 из 8 обучающихся, т.е. 63% из класса сложно составлять устное сообщение на английском языке.

Диаграмма 2.



50% испытывают трудности при устном общении на английском языке, остальной половине это не составляет сложности. Сложность для обучающихся составляет незнание слов по теме и построение в предложение. Из этого следует, что учителю необходимо введение заданий с определенным набором слов и сочетаний на каждый урок.

Нет ни одного человека на планете, который бы не мечтал путешествовать. Неважно, в какую страну вы отправляетесь, практически все экскурсии проводятся и весь обслуживающий персонал общается с туристами на английском. Чтобы не попадать в неловкие ситуации, свободно общаться с людьми со всего земного шара и полноценно узнавать и открывать для себя этот мир — нужно знать английский. [3]

Раздел “Travel and transport” о путешествии и транспорте. По итогам проведенного опроса и учитывая мнение обучающихся, учитель пришел к выводу, что для развития навыков говорения необходимо обогатить словарный запас обучающихся при помощи введения на каждом уроке идиом и фразовых глаголов по разделу «Путешествие и транспорт».

Идиома (лингвистика) — оборот речи, употребляющийся как единое целое; фразеологическое сращение.

Фразовый глагол (англ. *Phrasal verb*) — комбинация глагола и предлога, глагола и наречия, либо одновременно глагола и предлога с наречием, которая является одним членом предложения и образует таким образом цельную семантическую единицу. Предложение может содержать как прямое, так и не прямое дополнение к составному глаголу. Фразовые глаголы особенно часто встречаются

в английском языке. Фразовый глагол часто имеет значение, весьма отличное от значения основного глагола.

Почему же все-таки идиомы и фразовые глаголы? Во-первых при обучении языку и сталкиваясь именно с проблемой говорения, заучивать выражения и учиться употреблять их в речи, это выход из ситуации. А когда учитель вводит отдельные слова и их нужно собрать в предложение, учитывая грамматическую структуру и порядок слов в предложении, это очень сложно.

Учителем были выбраны идиомы и фразовые глаголы по тематике.

	Идиома	Значение
1	To soak up the sun	нежиться на солнце
2	To have itchy feet	начать скучать от места или ситуации, в которой вы находитесь, и иметь неудержимое желание переехать куда-то или начать делать что-то новое; не терпится что-то делать; чешутся пятки .
3	To pack light/ to travel light	брать только самое необходимое; ехать «порожняком»; собираться на скорую руку.
4	To travel on a shoestring	путешествовать с очень маленьким бюджетом; с пустыми карманами.
5	Hop on hop off	«зашел-вышел»; купив билет на такой автобус, туристы могут неограниченно выходить из автобуса и снова садиться на него на специальных остановках на кольцевом маршруте.
6	To hit the road	отправиться в путешествие; покинуть определенное место.
7	Live it up	отрываться на полную; круто провести время.
8	At the crack of dawn	на рассвете; на заре; ни свет, ни заря.
9	To cancel someone's Christmas	разрушать чьи-то планы.
10	Live out of a suitcase	переезжать с места на место; жить на чемоданах.


	Фразовый глагол	Значение
1	See off	Провожать
2	Set off	отправляться в путешествие, в путь
3	Get in	входить, влезать, прибывать
4	Get on	сесть на автобус, поезд, самолет
5	Take off	взлететь о самолете
6	Get off	выходить из автобуса, сходить с поезда
7	Get away	взять отпуск, уезжать на отдых
8	Hold up	задержаться, останавливаться (где-то)
9	Check in	зарегистрироваться в отеле, в аэропорту
10	Check out	расплатиться в гостинице и уехать

Учитель вводит новую лексику, а именно идиомы и глаголы посредством флеш-карт и видеонарезок из фильмов. Учитель распределил идиомы и фразовые глаголы по ситуациям и раздал карточки. Задача обучающихся составить диалог по ситуации и выступить перед классом. Большое значение имеет при построении предложений порядок слов. На доске повесить опорные схемы построения предложения, чтобы они были перед глазами обучающихся. Для закрепления данных слов, Объясняет значение этих выражений на английском языке, используя синонимы, мимику и жесты.

Флеш-карты с идиомами на тему «Путешествие и транспорт»



Флеш-карты с фразовыми глаголами на тему «Путешествие и транспорт»



Card 1. Make up a dialogue, using idioms and phrasal verbs, given below.

Hit the road, see off, hold up, at the crack of dawn, cancel someone's Christmas, live it up

Ansar: Hello!

Zhaniya: Hi! Where are you going?

Ansar: I am going to hit the road. Can you see me off?

Zhaniya: Why are you in a hurry? You've got only a small luggage.

Ansar: I hope nobody cancels my Christmas. Maybe, I have to hold up and I want to live it up. Can you take care of my cat?

Zhaniya: Don't worry. I'll do what you wish.

Ansar: See you soon. Wait for news and presents from my holiday.

Zhaniya: Bye.

В классе есть дети с разным уровнем обучения, как мы видим из опроса некоторым из них несложно составлять устные сообщения, поэтому здесь есть необходимость дифференцировать задания. Обучающиеся с высокой мотивацией получают такое задание, как просмотр видео и, используя введенные идиомы и фразовые глаголы, готовят устное сообщение по увиденному. Для остальных учеников дается похожее задание с опорой на вопросы, подобранное по их уровню обучения. Обучающиеся уровня А справились с заданием, для них такие задания не новы, имеется в виду просмотр видео и составление сообщения, только добавилось то, что нужно еще в сообщении идиомы и фразовые глаголы, а вот для обучающихся уровня В было трудно, было много вопросов, поэтому пришли к выводу, что в следующий раз такое задание будем давать в паре с сильным обучающимся.

Для обучающихся с высокой мотивацией перед заданием даются критерии для оценивания их выступления:

1. употребляет в речи 2-3 идиомы и 3 фразовых глагола;
2. речь должна быть связной, без опоры на запись в тетради;
3. выступление не менее 1,5 минут;

Text: Travel of my dream.

Travelling is always an exciting adventure that brings a lot of vivid emotions and new expressions. You face unusual situations, visit new places, get acquainted with other cultures, nature, people, cuisine. Every


person has their own idea of the perfect travel, and I want to share my thought on this. I travel often with my family. We rested by the sea many times, and also visited various European cities and saw the sights....

Questions:

1. What is travelling?
2. How do you like to travel?
3. What interesting do you see during the travelling?

В конце урока проводилась рефлексия: что получилось, с какими заданиями были трудности, какую форму работы предпочитают обучающиеся, индивидуально или в паре, либо в группе. Учитывая все плюсы и минусы, на следующем уроке пытались не допустить ошибки.

Диаграмма 3.



По завершению раздела был проведен повторный опрос среди обучающихся. Как мы видим, теперь 38% испытывают трудности при составлении устного сообщения. До начала использования метода флеш-карт, 63% обучающимся было сложно говорить на английском языке. Следовательно, метод флеш-карт дает результат и работает.

Для каждого урока составлялся определенный список с глаголами и идиомами по ситуациям и темам. К концу раздела получился набор флеш-карт. И если обучающиеся поедут в будущем за границу учиться или отдыхать, сейчас всем это доступно, то им уже будет не трудно сориентироваться по ситуации и заговорить на английском языке.

До начала использования метода, по результатам опроса мы видим трудности с навыком говорения. По завершению раздела обучающиеся писали самостоятельную работу, одним из заданий было говорение, и если сравнивать, как они отвечали раньше, как готовили сообщения, то можно увидеть существенную разницу, обучающиеся отвечают уверенно, употребляя в идиомы и фразовые глаголы.

Исходя из сказанного выше, изучение идиом и фразовых глаголов, является необходимым элементом в освоении английского языка, что усиливает его понимание, помогает погрузиться в национальную культуру, делает речь более образной и красочной.

Рекомендации по использованию данного метода:

1. Подборка и использование флеш-карт по определенной теме;
2. Задания должны соответствовать уровню подготовленности обучающихся;
3. Для оценивания составлять критерии к заданию;
4. Для обучающихся с низкой мотивацией должна быть опора на схемы, грамматические структуры.

Использованная литература:

1. Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях учебно-воспитательного процесса в организациях среднего образования РК в 2023-2024 учебном году». С. 29
2. Шайт, О.Ю. Трудности в обучении говорению на уроках английского языка в средней школе и пути их преодоления с учетом возрастных психолого-педагогических характеристик учащихся / О.Ю. Шайт. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2021. - № 13 (355). – С. 291-294
3. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
4. <https://lingvomania.kz/1024-vazhnost-anglijskogo-yazyka-dlya-sovremennogo-cheloveka>

**Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Тұрар Рысқұлов ауылы
"Жанкент" жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Нарбекова Жансулу Джанабаевна**



АКТ-НЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ

Қазіргі қоғамда ақпарат пен ғылыми білім шешуші рөл атқаратын ақпараттық қоғамға қарай эволюцияның бұлтартпас процесі байқалады. ХХІ ғасырдағы әлемдік қоғамдастықтың дамуын анықтайтын негізгі факторлардың бірі-ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың қарқынды дамуы. Осы тұрғыда қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану ажырамас қажеттілікке айналуда.

Ақпараттық технологиялар бізге практикалық дағдыларды жетілдіруге, өз бетінше тиімді жұмыс істеуге және оқу процесін дараландыруға кең мүмкіндіктер береді. Олар сонымен қатар пәндерге деген қызығушылықты арттырады және оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандырады.

Осы таңда біздің міндетіміз-балаларға білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушылардың өздерін білімді іздеуге және өз бетінше игеруге үйрету. Бүгінгі таңда ақпаратты өңдеу мүмкіндігі өте құнды байлық болып табылады. АКТ қазақ тілі мұғаліміне осы мақсатқа жетуге қалай көмектесе алады? АКТ дегеніміз не? Біріншіден, бұл әртүрлі көздерден, соның ішінде ғаламтордан ақпаратты іздеуге, өңдеуге және игеруге мүмкіндік беретін технологиялар. Екіншіден, бұл компьютердің өзін, әртүрлі бағдарламаларды пайдалану.

Ақпараттық технологиялар әр оқушының қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін дараландыруды қамтамасыз етеді. Арнайы бағдарламалық жасақтаманы, онлайн ресурстарды және интерактивті тапсырмаларды пайдалану арқылы мұғалім оқушылардың әртүрлі білім деңгейлері мен қызығушылықтарын ескере отырып, оқу материалдары мен тәсілдерін бейімдей алады. Сабақты мұндай жекелендіру қазақ тілі мен әдебиетін оқуға деген қызығушылықты арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ оқушылардың танымдық белсенділігін жандандырады.

Ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға да ықпал етеді. Сандық құралдар мен мультимедиялық ресурстардың көмегімен білім алушылар презентациялар, бейнелер, аудиожазбалар және т.б. қоса, өз жобаларын жасай алады. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, оқу процесіне қатысуды күшейтеді.

Сонымен қатар, ақпараттық технологиялар сабақтың сапасын жақсартуға ықпал етеді. Олар зерттелетін тақырыптардың көкжиегі мен тереңдігін кеңейте отырып, желіде қол жетімді әртүрлі оқу ресурстарын пайдалануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, интерактивті форматтарды, соның ішінде веб-квиздерді, ойындарды және білім беру қосымшаларын пайдалану сабақты оқушылар үшін тартымды әрі қызықты етеді.

АКТ оқушы үшін әртүрлі функцияларды орындайды: оқытушы, жұмыс құралы, оқу объектісі, ынтымақтастық ұжымы, ойын ортасы. Мұғалімнің қызметінде компьютер оқу ақпаратының көзі болып табылады (мұғалім мен кітапты ішінара немесе толығымен алмастырады); көрнекі құрал (мультимедиялық және телекоммуникациялық мүмкіндіктері бар сапалы жаңа деңгей); жеке ақпараттық кеңістік; жаттығу аппараттары; диагностика және бақылау құралдары.

Қазақ тілін оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану жаңа материалды визуализациялау және интерактивті түрде ұсыну үшін кең мүмкіндіктер ашады. Заманауи компьютерлер мәтіндерді, графиканы, дыбысты, анимацияны, бейнеклиптерді және жоғары сапалы фотосуреттерді бір бағдарламада біріктіруге мүмкіндік береді, бұл ақпараттың көрнекі және тартымды көрінісін қамтамасыз етеді.

Жаңа материалды ұсыну кезінде білімді визуализациялау үшін ақпараттық технологиялардың әртүрлі құралдарын қолдануға болады. Электрондық сөздіктер, энциклопедиялар және анықтамалықтар сияқты демонстрациялық энциклопедиялық бағдарламалар білім алушыларға әртүрлі тілдік және әдеби ресурстарға жылдам және оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді. Олар ақпаратты интерактивті және көрнекі түрде ұсынады, бұл тақырыпты тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Тапсырмалардың әртүрлілігі сабақты есте қаларлық, қызықты, динамикалық етуге деген ұмтылыспен түсіндіріледі. Көбінесе сабақтың тақырыбы, тілдік материал, мазмұнға, сондай-ақ қойылған міндеттер мен мақсаттарға барынша жауап беретін форманы іздеуді қажет етеді. Көптеген тапсырмалар суреттермен суреттелген, олардың қосылуы осы жас санатындағы балалардың психологиялық ерекшеліктерімен, сондай-ақ көптеген тапсырмалардың ойын-сауық формасымен негізделген. Көбінесе сурет оқушының алдына қойылған тапсырманы шешуге көмектеседі. Мұндай жұмыс түрлері оқушылардың ережелерді үйренуге деген ынтасын арттырады, зейінін, жылдамдығын, командада жұмыс істеу қабілетін дамытады. Оқушының нақты қабілеттерін жеке оқытуға ықпал етеді: зейін, есте сақтау, ойлау.

Оқушыларды мультимедиялық презентациялар арқылы сабақ өткізудің жаңашылдығы қызықтырады. Мұндай сабақтар кезінде сыныпта шынайы қарым-қатынас атмосферасы қалыптасады, онда оқушылар өз ойларын өз сөздерімен жеткізуге тырысады, олар тапсырмаларды ықыласпен орындайды, оқылатын материалға қызығушылық танытады, ал оқушылар қорқыныш сезімін жоғалтады. Оқушылар тақырып бойынша оқу, анықтамалық және басқа әдебиеттермен өз бетінше жұмыс істеуге үйренеді. Олар жоғары нәтиже алуға қызығушылық танытады, қосымша тапсырмаларды орындауға дайын және ынталы болады. Презентацияларды қолдану оқушылардың үлгерімін жақсартады. Практикалық әрекеттерді орындау кезінде өзін-өзі бақылау көрінеді.

Презентация арқылы оқу сабақтарын әсіресе қызықты етуге болады. Жазушылардың портреттері, олар өмір сүрген жерлер, шығармалардан жекелеген эпизодтарды сахналау, жоспар құру, сөздік жұмыстарды қолдану сабақты қызықты етеді.

Интерактивті оқыту – оқушылардың бірлескен іс-әрекеті формасында жүзеге асырылатын таным тәсілі. Оқушылардың бойында берік білім, білік, дағдыларды қалыптастыру – сабақтағы басты міндеттердің бірі. Оны шешуге оқушыларды оқытудың инновациялық және дәстүрлі әдістерін біріктіруге мүмкіндік беретін интерактивті тақтаның мүмкіндіктері ықпал етеді.

Интерактивті тақта – өзінің жаңашылдығымен оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, оятатын қуатты құрал. Мысалы, енді оқушылармен сабақта ғана емес, сонымен қатар үй тапсырмасын дайындау кезінде де жеке жұмыс жасауға болады.

Сол себепті заманауи мектеп тақтасы интерактивті болуы керек – мектептегі білім беру үдерісін ұйымдастыру мен ақпараттық қамтуға үнемі өсіп келе жатқан талаптарға тап болған әрбір адам осындай қорытындыға келеді. Практикада интерактивті тақталар дәстүрлі тақтаға немесе проекторларға қарағанда әлдеқайда тиімді. Материалдың интерактивті режимде берілуіне байланысты оқушылармен коммуникативті қарым-қатынас айтарлықтай жақсарады, бұл оларға ақпаратты тезірек және тиімдірек жеткізуге мүмкіндік береді. Сәйкесінше білім сапасы да артады.

Осылайша, қазіргі оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) білім беру сапасын арттыруға жәрдемдесетін ажырамас бөлікке айналады. Мұғалім оқушының негізгі құқықтарының бірі - сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету үшін жаңа оқу құралдарымен жұмыс істеу дағдыларына ие болуы керек. Бұл ретте ақпараттық-білім беру ресурстары педагогикалық әдістер мен әдістемелерді алмастыруға арналмағанын түсіну маңызды. Олар шығындарды оңтайландыру құралы ретінде қызмет етеді және жеке, шығармашылық жұмыстарға көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

ӨЗБЕК ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Функционалдық сауаттылық - адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол - ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда, функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Жалпы, функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

функционалдық сауаттылыққа мынадай деректер келтіруге болады. Ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Бұлар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен. Тіпті олар әр түрлі жағдайда кездескен іс- қағаздардың бланкісін толтыра алмай, ондағы ақпараттың мәнісін түсіне алмапты. Бір қызығы, олар теледидарда не айтылып жатқанын, жалпы айтқанда, күнделікті өмірдің есебін білмейтін болып шыққан. Соның салдарынан жұмыссыздық, өндірістегі апат, жазатайым оқиғалар жарақат алулар көбейіп кеткен. Қазақ маманы С. Раевтың ойынша, сауатсыздық дерті адамға кішкентай кезінен бастап жұғады екен. Әсіресе бүлдіршінді жазу мен оқуға баули бастаған 1-ден 3-сыныпқа дейінгі аралықта пайда болады. Яғни, үшінші сынып оқушысы ешқашан кітапханаға бармаса, оқулықтан басқа ешқандай кітап оқымас тағы бір ертеңгі сауатсыздың дүниеге келгені. Сол себепті келешек ұрпаққа жалаң білім беріп қана қоймай саналы, сапалы білім беру басты мақсатымыз.

Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі

Мектепте мемлекеттік тілді оқытудың түпкі нәтижесі ретінде қатысымдық, ақпараттық және проблемалардың шешімін табу құзіреттіліктерін қалыптастыруға қол жеткізудің басты тетігі - оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Өйткені функционалдық сауаттылық оқушының белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауына пайдалы білім, білік, дағдылардың бірлігінен құралады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру өзбек тілін оқытудың тұлғалық-әрекеттік бағдарын күшейту нәтижесінде жүзеге асады. Өйткені сауаттылыққа оқушы өз әрекетінің иесі - Субъект дәрежесіне көтерілгенде толық қол жеткізеді. Сонда ғана функционалдық сауаттылық оқушының өзбек тілін әлеуметтік сұранымға сай қолдану мүмкіндіктерін арттырады.

Мектептегі басты тұлға - мұғалім десек, бала өмірінде мұғалім ерекше роль атқарады. Оқушылардың білімді де, білікті, парасат пайымы мол, саналы да сабырлы азамат боп жетілуі, тәлім мен тәрбие беретін мұғалімге тікелей байланысты болмақ. Егер бала мұғалімді жақсы көрсе, онда ол оқуды

да, мектепті де жақсы көреді. Мұны мұғалімнің беделі деп түсінуіміз керек. Мұғалімге артылатын сенім жүгі соншалық ауыр дей отыра, сонымен қатар оның ұлағатты ұлы жол екенін естен шығарып алмаған жөн.

Демек, өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртінің жанына құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады.

Ұстаздардың келешектегі мақсаты - рухани жан дүниесі бай, жан-жақты жетіле дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Түркістан облысы, Төлеби ауданы
Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Кадирбаева Айгүл

ҚҰСТАР МЕН ЖӘНДІКТЕР

Пән: Қазақ тілі Т2		Бөлім: 6.Қоршаған ортаны қорғау		
Күні :		Педагогтің аты-жөні: Кадирбаева Айгүл		
Сынып: 4 «Д»		Қатысқан оқушылар: 11 Қатыспаған оқушылар : 0		
Сабақтың тақырыбы:		34. Құстар мен жәндіктер		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары		4.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру 4.4.1.1 шағын сюжетті комикс/буклет/ коллаж/жарнама/презентацияны сөйлемдермен толықтыру		
Сабақтың мақсаты :		Мәтіндегі негізгі ойды бейтаныс сөздер арқылы түсініп әңгімелейді, өмірмен байланыстыра отырып, өз көзқарасын білдіреді. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап, сөйлем құрастырады.		
Құндылықтыр		Патриотизм –ата-ананды құрметтей білуің		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	«Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру: Мақсаты: мейірімді болуға, қамқор болуға, қарапайым болуға баулу. «Ең жақсы» ойыны Қатысушылар екі топқа бөлінеді. Әр топқа мынадай нұсқау беріледі. Берілген мінездеме қай мамандыққа сай екендігін айту қажет. Ең ақшалы, ең жасыл, ең тәтті, ең күлкілі, ең ұсқынсыз, ең қарым - қатынасы күшті, ең жауапты, ең салмақты Үй жұмысын тексеру Сабақтың тақырыбын, мазмұнын суреттер арқылы болжайды.	Оқушылар берілген мінездемеге қай мамандыққа сай екендігін айту анықтап айтады. Ең ақшалы, ең жасыл, ең тәтті, ең күлкілі, ең ұсқынсыз, ең қарым - қатынасы күшті, ең жауапты, ең салмақты сөздері кімге байланысты екенін табыды. Оқушылар өзара дәптерлерін тексереді.	«Қол шапалақ»	Үлестірме қағаз
Сабақтың ортасы (6-37 минут)	1.Сөздікпен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстырады, оқушыларға қайталатады: Бозторғай Немқұрайды Шөлден Тарғыл Арамшөп Ойтүрткі. Айтылым	Тыңдалым,айтылым. Жаңа сөздерді жазады, сөз тіркестерін, сөйлем құрастырады.	«Табыс баспалдағы»	Оқулық сөздік

	Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Құстар мен жәндіктер». · Қандай құстарды білесіңдер? (тоқылдақ, бозторғай, аққу, бұлбұл, қарлығаш, үкі, жапалақ, сауысқан, үйрек, қаз) · Қандай жәндіктерді білесіңдер? (инеліктер, маса, шыбын, тарақандар, көбелектер, шегіртке, ара, қоңыз) Сөйлесейік 1-тапсырма Айтылым Табиғат ол анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз. -Бұл өлеңде не туралы айтылған? (табиғат) Ойланайық 2-тапсырма Сен білесің бе? • Бозторғайлар тек Антарктидада ғана кездеспейді. • Олар жәндіктермен және өсімдіктің дөнімен қоректенеді. • Бозторғай – тыныштықты сүйетін құс. Айтылым 1. Бозторғайды біз кейде қалай атаймыз? 2. Қазақстанда бозторғайдың неше түрі бар? 3. Бозторғай ұясын қайда салады? Сергіту сәті Сағаттың тіліндей, иіліп оңға бір Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір Сағатқа қарап ақ Жаттығу оңай- ақ Тыңдап және оқиық 3-тапсырма Жұптық жұмыс Жазылым «Адасқан сөздер» ойыны. Шарты: берілген сөздерден сөйлем құраймыз. 1. Қараторғай, кішкентай, да ,өте ,сүйкімді, құс 2. Күн, ұшып, қайта, келеді, жылығанда 3. ұясын, Ол, жанына, ауланың ,салады. 4. адамдарға, ойлайды, жақсылық,	Айтылым Суретте берілген құстар мен жәндіктерді атайды. Олардың пайдасы мен зияны туралы айтады.  Оқылым Айтылым <i>Жауапты жоғарыдағы суреттен тап.</i> «Тыңдайық және жауап берейік» айдарындағы тапсырмада оқушылар өлеңді қайталап тыңдап, болып кеткен іс-әрекетті және енді болатын іс-әрекетті білдіретін сөздерді табады, кестені толтырады. Тапсырманы жұпта орындайды Сергіту сәтін орындайды. Айтылым Мәтінді көршіңмен кезектесіп оқы. Жоқ мәліметті тыңдап, толықтыр. Стикерді қолдан. Жазылым Берілген сөздердің арасынан артық сөздерді табу, құстар аттары ғана артық болмайды. Көгершін, түйе, аққу Лақ, торғай, бүркіт Сиыр, қарлығаш, тырна Үкі, қой, қарға	Дескриптор: -құстарды атайды-1б; -жәндіктерді атайды-1б Дескриптор: -Өзінің отбасы мүшелерін әңгімелейді-2б «Қол шапалақ» Өзара бағалау: «Тамаша», «Жақсы», «Ойлан» Оқушылар бір-бірін «Басбармақ» әдісі арқылы бағалайды. Дескриптор: -мәтінді оқиды-1б; -мәліметтерді анықтайды-1б Дескриптор: -сөйлем құрайды-3б; -артық сөзді табады-3б	Құстар мен жәндіктер суреттері Оқулық Оқулық
--	--	---	--	---

	Жазылым Оқушы қажеттіктеріне қарай қолдау көрсетіп, қосымша түсіндіреді ЕББҚ (Зейін тапшылығы және гипербелсенділік синдромы (ЗТГС) жеке қолдау көрсетіледі Оқып және жауап берейік 4. Бозторғай қандай жерлерде мекен етеді? 5. Бозторғай немен қоректенеді?	Оқушылардың деңгейіне қарай тапсырма орындайды. <i>Тыңдап және жауап береді</i>		
Сабақтың соңы 3 минут	Үй тапсырмасын беру : 5- тапсырма			
	Кері байланыс «Түрлі- түсті смайликтер» Өз деңгейлерін анықтайды.			
Бағалау	Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды.			

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы
Қ.Сатпаев атындағы мектеп-лицейі
Ағылшын тілі пән мұғалімі
Джуманиязова Гулнур



АҒЫЛШЫН ТІЛІН БІЛУ - ҮЛКЕН МҮМКІНДІКТЕРДІҢ КІЛТІ

Қазіргі уақытта шет тілдерін үйрену заманауи адам өмірінің маңызды аспектісі болып табылады. Ол бізге өзге елдердің мәдениетімен, дәстүрлерімен танысуға мүмкіндік береді, ойлау, қиял, есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Ағылшын тілін білу мемлекеттердің өмірдің көптеген салаларында (ғылым, саясат, мәдениет, өнер және т.б.) бір-бірімен тиімді әрекеттесуі үшін қажет. Қазіргі таңда шет тілін білу – кәсіби құзыреттілік шарттарының бірі.

Халықаралық іскерлік байланыстардың және жаңа шетелдік технологиялардың дамуымен және шетелдік мамандармен кәсіби ынтымақтастықтың кеңеюімен Қазақстанның жекелеген аймақтарының шет тілдерін меңгерген мамандарға қажеттілігі артты.

Шет тілдерін, әсіресе халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде ағылшын тілін білу жақсы жұмыс тапқысы келетін, сыртқы әлеммен байланыс орнатқысы келетін және мәдени білімін жетілдіргісі келетін барлық қазақстандық жастар үшін өзекті.

Ағылшын тілінің қазіргі әлемдегі рөлін түсіну үшін ең алдымен оның қалыптасу тарихын білу қажет. Ең танымал және сұранысқа ие Оксфорд сөздігін жасаушы тілдің қалыптасуына әсер еткен 5 негізгі оқиғаны анықтады.

Жасыратыны жоқ, тілдің қалай қалыптасқанын білу мүмкін емес. Герман басқыншылары біздің заманымыздың V ғасырында Ұлыбританияға келіп қоныстанғаны белгілі. Олар герман тілінде сөйледі. Бұл кезең туралы мамандардың мәліметі аз. Себебі сол кездегі жазба мұрағаттар мен құжаттар табылмады. Диалектілердің қалыптасуы VII-IX ғасырлардағы деректермен расталады. Олардың барлығы IX ғасырда Ұлы Альфред ағылшын тілі деп атаған тілге жатады.

Кейбір сарапшылар ағылшын тілінің дамуына кельттердің ықпалы болды деп есептейді. IX ғасырдың ортасынан бастап Норвег басқыншылары Ұлыбританияға қоныстанды. Ағылшын тілінің дамуына скандинавиялықтардың сөзі күшті әсер етті деп есептеледі.

Норман жаулап алуынан кейін бірнеше ғасырлар ішінде ағылшын тілінде елеулі өзгерістер орын алды. Сол кезеңде қалыптасқан флективті жүйе бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді. Оның айтуынша, грамматикаға тән сөздердің жалпы жалғаулары ағылшын тілінде ешқашан қолданылмайды. Өзгерістер сөздік қорына да әсер етті. Басқа тілдерден алынған сөздер белгілі, олар ақырында жазбаша сөйлеуде пайда бола бастады.

Кейінгі ортағасырлық және жаңа кезеңде ағылшын тілін стандарттаудың тұрақты процестері орын алды. Жазбаша және ауызша тіл өзгере берді. Дауысты дыбыстардың үлкен ауысуы деп аталатын құбылыс болды. XVII ғасырдың басынан бастап ағылшын тілінің әсері бүкіл әлемде сезілді. Уақыт өте келе оны әртүрлі елдердің адамдары пайдалана бастады.

Қазіргі әлемде ағылшын тілінің маңыздылығы қазіргі уақытта өте зор. Бүгінде оның жұмыс табуда маңызды рөл атқаратыны ешкімге де жасырын емес. Беделді және жоғары жалақы алатын лауазымды тапқысы келетін адамдар ағылшын тілін жақсы білуі керек. Себебі ірі фирмалар жиі шетелдік серіктестермен ынтымақтасады. Бүгінгі таңда ағылшын тілі - халықаралық тіл. Шетелдік серіктестермен толық келіссөздер жүргізу және мәмілелер жасау үшін олар жеткілікті білікті болуы керек.

Ағылшын тілінде сөйлейтін елдерде саяхаттау тек шетел тілін білсек және түсінсек ғана мүмкін болады. Ағылшын тілін білудің арқасында осы тілде сөйлейтін ел азаматтарымен оңай сөйлесе аламыз. Әлемнің кез келген жерінде халықтың белгілі бір пайызы шетел тілін түсінеді. Сондай-ақ, ағылшын тілін саяхатшылар аудармашыға ақша үнемдеу үшін ғана емес, сонымен қатар әртүрлі күлкілі жағдайларды болдырмау үшін де үйренуі керек. Ағылшын тілін білу- сапардан әлдеқайда көп эмоциялар мен әсер алудың шынайы негізі.

Шетел тілін жетік білу – табысты адамдарды тәрбиелеудің таптырмас құрамдас бөлігі. Ұқсас тармақ қазір барлық дерлік мемлекеттік және коммерциялық мекемелердің кадр бөлімшелерінің түйіндемелерінде ана тілінен басқа кем дегенде бір өзге тілді білетіндер басқаларға жағымды әсер қалдырады. Бүгінгі таңда шетел тілін білу – жұмысқа орналасудың және бәсекелестік артықшылықтың негізгі критерийлерінің бірі. Сондықтан қазақстандықтар соңғы кездері бірнеше шет тілдерін меңгеруге ұмтылуда.

Лайықты білім алғысы келетін оқушылар үшін қазіргі әлемдегі ағылшын тілінің рөлі айқын. Оның білімі кез келген университетте оқуға мүмкіндік береді. Білім туралы алынған құжат барлық елдерде бағаланады, мысалы, Лондон университетінің дипломына ие болған түлек әлемнің кез келген жерінде беделді жұмысқа орналаса алады.

Әрбір дерлік ірі кітапханада ағылшын тілінде кітаптар кездеседі. Детективтерді, романдарды, поэмаларды және басқа да белгілі әлемдік шығармаларды шет тілін біле отырып, түпнұсқада оқудың өзіндік эмоциясы, ерекшелігі бар, тағы бір себебі кітаптардың аудармасы әрқашан дәл және сөзбе-сөз бола бермейді. Ағылшын тілін білудің арқасында, сондай-ақ қызықтыратын техниканы немесе жабдықты тереңірек зерттеп, меңгере аламыз.

Ағылшын тілін үйренудің өзектілігін технологияның қарқынды дамуымен де түсіндіруге болады. Жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен келген мамандар жаңа өнертабыстар жасайды. Оларға ағылшын тілінде жиі кездесетін атаулар беріледі. Бір ғажабы, бізге таныс қазірде күнделікті қолданысымызда жүрген біршама сөздер ағылшын тілінен енген кірме сөздер саналады.

Интернеттің қарқынды дамуының арқасында әртүрлі ұлт өкілдері интернетте тығыз қарым-қатынас жасай бастады. Бір-бірін түсіну үшін олар ағылшын тілін пайдаланады.

Ағылшын тілі жасөспірімдер мен жастардың өмірінде маңызды рөл атқарады. Ағылшын тіліндегі компьютерлік ойындар ойыншылар арасында өте танымал. Әдетте, жаңа шетелдік ойындардың басында орысша немесе қазақша аудармасы жоқ. Қазіргі уақытта ойыншыларға тек шет тілін білу ғана көмектесе алады. Осының арқасында ол жаңа өнімді ешқандай ыңғайсыздықты сезінбестен сынап көруге мүмкіндік алады. Ағылшын тілінде де пайдалы бағдарламалар бар. Шетел тілін білу тек ойындарды ғана емес, қолданбаларды да оңай пайдалануға мүмкіндік береді.

Жастардың сөйлеуінде ағылшын сөздерінің көп саны бар. Сарапшылар мұны жасөспірімдер қоғамында қалыптасқан стереотиптер мен идеалдарға байланысты деп санайды. Жастар Америкадағы

өмір сүру деңгейі бізден әлдеқайда жоғары екеніне сенімді. Осылайша ағылшын тілінен алынған сөздерді өз сөзінде қолдана отырып, олар белгілі бір жолмен өздерінің идеалына жақындайды.

Тағы да бір айт кететін жайт, ағылшын тілінен қазақ немесе орыс тіліне аудармашы - жылдан жылға танымал және сұранысқа ие мамандық. Оны көбіне шет тілін жақсы білетін тұлғалар таңдайды.

Мамандық ежелгі дәуірде пайда болған. Оның қалыптасуы елдер арасындағы экономикалық қатынастардың пайда болуымен байланысты. КСРО-ның ыдырауы кезінде кәсіп онша танымал болмады, өйткені мұндай жұмысшылардың жұмысы аз ақы төленетін. Бүгінгі таңда ағылшын тілінен өз ана тілімізге аудармашы жоғары және тұрақты табысымен ерекшеленеді. Әдетте, мұндай мамандар ірі және ықпалды компанияларда жұмыс істейді.

Аудармашы мамандар келесідей қасиеттер мен қабілеттерге ие келеді:

- шет тілдеріне бейімділік;
- жақсы есте сақтау;
- жақсы дикция;
- табандылық;
- коммуникативті дағдылар;
- дипломатиялық қасиеттер, сондай-ақ дамыған құлағы бар және еліктеуді біледі.

Ағылшын тілі бүгінде қазақ тілін дамытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Кірме сөздер – лексикалық құрамды толықтыру көздерінің бірі. Олар әртүрлі тілдік топтардың өкілдері арасындағы этникалық, әлеуметтік, мәдени және экономикалық байланыстардың фактілерін көрсетеді. Бұл құбылыс бірқатар себептерге байланысты:

- жаңа заттар мен құбылыстарды атау қажеттілігі;
- қазақ тіліндегі баламалардың болмауы;
- ең дәл атаудың болмауы;
- стильдік әсерді қамтамасыз ету.

Қазақ тіліндегі кірме сөздер санының өсуі өткен ғасырдың аяғында байқалды. Бұл КСРО-ның ыдырауы мен қоғамның барлық салаларындағы өзгерістерге байланысты. Көптеген лингвистер англицизмдердің феноменальды кеңеюі келесі салаларда байқалады деп айтады:

- билік және саясат;
- экономика және бизнес;
- ғылым мен технология;
- спорт.

Ағылшын тілінің ең үлкен әсері жарнамаларда байқалады. Жыл сайын көбірек фирмалар, тауарлар мен дүкендер шетелдік сөздермен аталады. Одан бөлек барлық дерлік халықаралық конференциялар, спорттық жарыстар, танымал шоулар ағылшын тілінде өтеді. Барлық ғылыми басылымдардың көпшілігі ағылшын тілінде. Тілді біле отырып, ағылшын тіліндегі газеттер мен журналдар болсын, The Times, The Economist немесе BBC, CNN арналары болсын, кез келген ақпаратқа оңай қол жеткізе аламыз.

Қазіргі әлемде ағылшын тілінің рөлі айқын. Бұл - халықаралық деңгейдегі ең маңызды коммуникациялық құрал. Белгілі бір тілдік білімі жоқ заманауи адам өркениеттің соңғы игілігін пайдалана алмайды. Біздің өміріміздің барлық салалары қандай да бір түрде ағылшын тілін білуді талап етеді.

Ағылшын тілін үйрену жылдан жылға танымал болып келеді. Кез келген заманауи адам оны кем дегенде бастапқы деңгейде иеленуі керек.

Бүгінде ағылшын тілі мектепке дейінгі жастан бастап оқытыла бастайды. Барлық дерлік ата-аналар шет тілін білу өте маңызды екенін түсінеді, сондықтан олар бұл жолда баласымен бірге аянбай еңбек етуде. Мектеп оқушысын немесе мектеп жасына дейінгі баланы оқыту үшін олар тәрбиеші жалдайды немесе арнайы курстарға жібереді.

Ағылшын тілі біздің өмірімізде маңызды рөл атқарады. Оның білімі барлық жастағы адамдарға қажет. Ағылшын тілі өмірдің барлық салаларымен байланысты. Беделді, нәтижелі білім алғысы келетіндер немесе жақсы жалақы алатын жұмыс тапқысы келетіндер ағылшын тілінсіз оған қол жеткізе алмайды. Қорыта келгенде, жоғарыда аталған барлық артықшылықтар ағылшын тілінің меңгеру қажеттілігін көрсетеді. «Бір тіл білген – бір адам, екі тіл білген – екі адам» деген халық даналығы да бар. Шетел тілін білу ғана сол елдің мәдениетін толық түсінуге, сол елдің азаматы секілді сияқты ойлауға, сезінуге мүмкіндік береді. Бір ауыз сөзбен айтар болсақ, ағылшын тілін білу – үлкен мүмкіндіктер кілті.

Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы
Тайпақ жалпы орта білім беретін мектебінің
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші
Есенғалиева Гүлсім Кенесовна



«ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ»

Бүгінгі таңда жер жүзінде білім саласындағы саясаткерлер мен мұғалімдер үшін ең маңызды болып отырғаны-«XXI ғасырда нені оқыту керек және XXI ғасырға оқушыларды қалай дайындайды?» деген мәселе.

Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі - оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Сондықтан да қазір жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты қажетті құрал – білім.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60 жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік,

дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Сондықтан білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ендеше, еліміздің болашағы – жас ұрпақты оқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзіреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындау, оны мектеп тәжірибесіне ендіру уақыт талабына сай келеді.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын

қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады, яғни оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдермен қаруланған біршама ұстаздар қауымы өз мамандығына деген сүйіспеншілігі арта түсіп, жаңа нәтижелерге жетуде, шәкірттерінің жаңа белестерді меңгеруіне жол ашуда. Соның бірі функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім мазмұнының жаңғыруы – сындарлы оқыту теориясына негізделгендігі.

Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Сондай-ақ, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі басты назарға алынады. Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті керек етеді, яғни дәстүрлі оқулардағы оқытушы мен шәкірт арасындағы көп жағдайлар оқушы көңілін қанаттандыра бермейтін қалыптасқан заңдылықтар ұстаз бен шәкірт арасындағы серіктестік қарым-қатынасқа ауысады. Сонымен қатар оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру тетіктері.

PISA зерттеулері бойынша көш басында тұрған елдердің (Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея және т.б.) нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың функциялық сауаттылығын дамытуға мынадай факторлар әсер етеді:

- 1) білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);
- 2) оқыту нысандары мен әдістері;
- 3) білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі; 4) мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;
- 5) мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);
- 6) барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;
- 7) ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

Оқушы бойында функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізі болып табылады. Қазақстанда кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте алғаш рет 2012-2016 жылдарға арналған функционалдық сауаттылықты дамытудың Ұлттық іс-қимыл жоспары дайындалды.

Ұлттық жоспардың мақсаты - Қазақстанда білім сапасын жетілдірудегі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс-шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету болып табылады. Осыған орай, Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың төрт негізгі механизмін бөліп көрсетеді:

Оның бірінші механизмі - оқыту әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту /МЖБС - мемлекеттік стандарт/. Ол үшін мұғалім оқушының бойына әлеуметтік ортаға бейімделуіне, алған білімін практикалық жағдайда тиімді пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек.

Олар: -басқарушылық /проблеманы шешу қабілеті/;

ақпараттық /өз бетінше ақпараттар көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау/;

-коммуникативтік /қазақ, орыс, ағылшын тілінде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау/;

-әлеуметтік /қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті/; -тұлғалық /өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақта өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу/;

-азаматтық /қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, діні мен тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп - өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсіну/;

-технологиялық/ ақпараттық технологияларды, білім беру технологиялары сауатты пайдалану/;

Оқушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді/ әр пәннің мазмұны арқылы/ меңгеруі тиіс.

Ұлттық жоспарда көрсетілген функционалдық сауаттылықтың екінші механизмі - оқу нәтижелерінің бағалау жүйесін өзгерту. Бағалау жүйесі функционалдық сауаттылықта сырттай бағалау және іштей бағалау болып бөлінеді. Іштей бағалау - оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау. Ал сырттай бағалау - әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелері

/ҰБТ,ББЖМ \білім алушылардың білім жетістіктері мониторинг\ -ВОУД/. Сондай-ақ халықаралық /TIMSS, PISA және PIRLS/ зерттеулерге қатысуы.

Халықаралық PISA, TIMSS зерттеулерінің нәтижесі біздің еліміз бойынша төмен нәтижелер көрсетіп тұр. Әлемдегі өзгерістерге сәйкес құндылықтар мен білім маңызын қайта қарауды қажет етеді. Осы мәселелерді шешу үшін мұғалімдердің жұмыс жүйесіне өзгерістер енгізу керектігі туындап отыр. Әлем елдеріндегі білімнің азығы – Сингапур, Жапония, Финляндия елдерінің білім жүйесіндегі ерекшеліктерін бір-бірімен салыстырар болсақ, білім сапасын көтеру мәселесі қарастырылатынын көруге болады. Соңғы кезде ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40%-ы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Бұлар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен. Тіпті олар әртүрлі жағдайда кездескен бланкіні толтыра алмай, ондағы ақпараттың мәнісін түсіне алмапты. Бір қызығы, олар теледидарда не айтылып жатқанын, жалпы айтқанда, күнделікті өмірдің есебін білмейтін болып шыққан. Соның салдарынан жұмыссыздық, өндіріс тегі апат, жазатайым оқиғалар, жарақат алулар көбейіп кеткен. Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша адамдардың сауатсыздық деңгейінің төмендеуі, оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпеуден болған көрінеді. Сақтанбау, ұқыпсыздық, байқаусыздық, апаттар: мұның бәрі ережені дұрыс оқымағандықтан, түсінбегендіктен, санаға сіңірмегендіктен орын алып отыр.

Функционалдық сауаттылықтың үшінші механизмі - ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Ата-ананың борышы - бала бойына жас кезінен адами құндылықтарын дарытып, саналы өмір сүруге баулу. Ата-ана баласының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мұғалімдерімен тығыз байланыс жасау керек. Ата-ана баласының ерекше қасиетін тану, түсініп қол үшін беру, олардың қабілетін дамыту, бойына рухани құндылықтарды қалыптастыру, жағымсыз мінез-құлық, әдеттерден арылтуға көмек беруі керек. Ата-ананың бойында да функционалдық сауаттылық болуы тиіс. Бұл үшін мемлекет жаңа әдістемені әзірлеуге кірісті. Осы әдістеменің негізінде ата-аналарға арналған семинарлар мен тренингтер өткізіледі.

Төртінші механизм – қосымша білім беру жүйесін дамыту. Ұлттық жоспарда оқушылар сарайы, музыка мектептері, жастехниктер мен натуралистер станциялары жұмыстарын түбегейлі өзгерту қарастырылған. Қазақстанның тарихында алғаш рет аталған ұйымдардың материалдық техникалық базасы жаңартылатын болады. Оқытудың жаңа технологиялары мен интерактивтік, инновациялық формалары енгізілетін болады. Олар: балалар интерактивті парктері (ғылыми қалалар), технопарктер, балалар мұражайлары, ғылыми үйірмелер жәнет.б. Бұл – шығармашылық пен инновацияға деген қызығушылықты арттырады. Мұндай оқыту жүйесі баланың санасына әлеуметтік тұрмысына, төңіректегі әлемге терең көзбен қарап үйреніп, жолығатын қиын мәселелерді оңай шешетін болады. Бұрынғыдай мектептен шыққан соң бала үйренген білімін ұмытып қалмайды, қайта өмірде пайдаланатын болады.

Қазақ маманы С.Раевтың ойынша, сауатсыздық дерті адамға кішкентай кезінен бастап жұғады екен. Әсіресе, бүлдіршінді жазу мен оқуға баули бастаған 1-ден 3-сыныпқа дейінгі аралықта пайда болады, яғни үшінші сынып оқушысы ешқашан кітапханаға бармаса, оқулықтан басқа ешқандай кітап

оқымаса тағы бір ертеңгі сауатсыздың дүниеге келгені. Ғалымдардың айтуынша, 8-сыныптан бастап оқушылардың 60 пайызының өз бетімен жазып-оқуға деген ынтасы жоғалады екен. Тіпті түлектердің үштен бірінің оқуға мүлдем құлқы болмайтын көрінеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану - әдебиет пәнінің басты мақсаты болып есептелсе, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету -қазақ тілінің басты міндеті болып танылады.

Мұғалімнің міндеті оқушының өзі түсініп, ізденіп оқуына, пәнді терең білуге бағыттау білімнің қажеттілігін түйсік арқылы саналы қабылдау. «Мектептің тірегі де, тілеуі де оқыта білетін мұғалім» - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жас ұрпаққа заман талабына сай жан-жақты білім беру мүмкін емес, себебі қазіргі білім саласындағы талаптарды орындауға қазақстанда әлі де жағдай жасалмаған.

Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасымен сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген оқушы, қоғамның кез келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады. Жалпы білім беретін орта мектептегі оқушыны жеке тұлға ретінде және оның ұлттық сана-сезімін, өзіндік, дүниетанымын, азаматтық ұстанымын, рухани құндылықтарын қалыптастыруға негіз болатын әлемдегі аса бай, мазмұнды, көркемдік деңгейі жоғары әдебиеттердің қатарындағы қазақ әдебиеті пәнін жүргізудің өзіндік қыры сан қилы. Әдебиет - оқушыға беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал. Әдебиет арқылы біз оқушыларға ұлттық болмысымызды, асыл қасиеттерімізді танытамыз. Адамға тәрбие беруші әуелі, ата-ана, сонан соң ұстаз, мектеп, қоршаған орта екені баршамызға белгілі. Өнер, ғылым бар жұртта өскелең ұрпақ тәрбиені ата-анадан да, мектептен де, араласатын ортасынан да, өздері оқып жүрген қазақ әдебиетіндегі түрлі аңыз-ертегілерден де аларына ешкім шүбә келтірмейді. Әдебиет адамға өмірді танытып қана қоймайды, ол адамды тәрбиелейді. Адамның өмірге көзқарасын танытады, мінез-құлқына ықпал етеді, күллі тіршілігіне әсер етеді. Қазақ әдебиетіндегі көркем туындыларды оқыған сайын өмір сырын, Отан, ерлік, елдік, жақсылық, жамандық, секілді ұғымдардың мәнін оқушы терең аңғарады. Олар өнерді сүйетін, одан рухани ләззат ала білетін, көркемдік талғамы бар, адамгершілікті, нәзік сезімді болып өседі. Дөрекілікке, бойкүйездікке, жамандыққа аяқ баспайды.

Әдебиет арқылы оқушы бойында өмір туралы дұрыс талғам, түсінік қалыптастырамыз. Қазақ әдебиетіндегі көркем туындылар арқылы қалаған мамандықты игеріп, өмірден өз орнын табуларына, қалаулы азамат болып өсулеріне тигізетін әсері көп. Ұрпақ бойында ұлттық ұғымдарды сіңіру үшін, біз оқушыға өткен тарихымызды танытуымыз керек.

Жалпы тіл пәндері бойынша оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдарманы ұсынуға болады:

1. Оқушыларды бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу;
2. Оқушылардың алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрету;
3. Мемлекеттік тілде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау;
4. Әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алуға үйрету;
5. Оқушыларды өзгермелі өмірге бейімделуіне үйрету;
6. Оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытуы;
7. Оқушылардың әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамытуы;
8. Қазақ халқының салт – дәстүрі, мәдениеті, тарихын түсіну және құрметтеуге баулу;

Білім беру жүйесі жыл сайын әр түрлі өзгерістерге ұшырап отыр. Бұл өзгерістердің басты мақсаты - өсіп келе жатқан ұрпақты жан-жақты дамыған, құзыретті азаматтар етіп тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуге функционалдық сауаттылық көмектеседі. Жаттанды білім жарға жығады. Егер бойындағы білімнің күнделікті өмірде қажетіне жарамаса, ол білімнің керегі не? Осы орайда мұғалімнің үйретері мен берері мол. Ал шәкіртіне білімін күнделікті өмірде кәдеге асыруды үйреткен мұғалімдер саны артса, нұр үстіне нұр болар еді.

Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бесқоспа ауылы
«Бесқоспа орта мектебі» КММ
Биология пәні мұғалімі
Альмухамбетова Айдана Сериковна



БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӘДІСТЕРІ

Білім берудің ақпараттық технологиясы – ақпаратпен жұмыс істеу үшін арнайы әдістерді, бағдарламалық және техникалық құралдарды (кино, аудио және бейне, компьютерлер, телекоммуникация желілері) қолданатын педагогикалық технология.

Оқыту процесінде қолданылатын барлық әдіс-тәсілдер сияқты оқыту құралдары да негізінен кез келген пәндік білім беруде өзгеріссіз қалады және дидактикалық функциялардың үштігін орындайды: цифрлық технологияларды, білім беру ресурстары (ББР) және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) әдістерін пайдалануды ескере отырып, оқыту, дамыту, пәндік іс-әрекеттер аясында тәрбиелеу..

Биология сабағында АКТ-ны қолдану пәнді оқытудың сапасын арттырады, нақтырақ айтар болсақ, көрнекілік принципін жүзеге асыра отырып, әртүрлі объектілердің маңызды жақтарын көрсетуде, зерттелетін объектілер мен табиғат құбылыстарының ең негізгі сипаттамаларын бірінші орынға шығаруда маңызды рөл атқарады.

Мектепте биологияны оқыту курсты демонстрациялық экспериментпен үнемі қолдауды білдіреді. Дегенмен, қазіргі заманғы мектепте пән бойынша эксперименттік жұмыстарды жүргізу көбінесе оқу уақытының аздығынан және заманауи материалдық-техникалық жабдықтың жетіспеушілігінен қиынға соғады. Зертхана қажетті құралдармен және материалдармен толық жабдықталған кезде де, нақты эксперимент дайындауға да, өткізуге де, жұмыс нәтижелерін талдауға да әлдеқайда көп уақытты қажет етеді. Сонымен бірге, өзінің ерекшелігіне байланысты нақты эксперимент өзінің негізгі мақсатын – білім көзі қызметін атқаруды жиі жүзеге асырмайды.

Көптеген биологиялық процестер күрделілігімен ерекшеленеді. Бейнелі ойлау қабілеті бар балалар абстрактылы жалпылауды меңгеруде қиналады, суретсіз олар процесті түсіне алмайды, құбылысты зерттей алмайды. Олардың абстрактілі ойлауының дамуы бейнелер арқылы жүзеге асады. Мультимедиялық анимациялық модельдер оқушы санасында биологиялық процестің толық бейнесін қалыптастыруға, интерактивті модельдер процесті өз бетінше «жобалауға», қателерін түзетуге, өздігінен білім алуға мүмкіндік береді.

Оқытуда мультимедиялық технологияны қолданудың бір артықшылығы – іс-әрекеттің жаңашылдығы, компьютермен жұмыс істеуге деген қызығушылығының арқасында білім сапасын арттыру. Сабақта компьютерді пайдалану оқушылардың белсенді және мазмұнды жұмысын ұйымдастырудың, сабақты көрнекі және қызықты етудің жаңа әдісі болды.

Мен АКТ технологияларын сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолданамын:

1) экрандағы мультимедиялық проектордың көмегімен демонстрацияланған интерактивті иллюстрация ретінде (түрлі-түсті сызбалар мен фотосуреттер, слайд-шоулар, бейнеклиптер, 3D сызбалар мен модельдер, қысқа анимациялар, сюжеттік анимациялар, интерактивті модельдер, интерактивті сызбалар, көмекші материал) жаңа материалды түсіндіру кезінде (қазіргі уақытта бұл мұғалімде әрқашан кестелер мен диаграммалардың болмауына байланысты өзекті болып табылады);

2) зерттелетін тақырып бойынша қорытынды жасай отырып, оқытушы белгілеген шарттар бойынша (жұмыс парақтары немесе компьютерлік тестілеу түрінде) оқушылар оқу материалын аудиторияда өз бетінше меңгерген жағдайда;

3) компьютерлік және нақты экспериментпен ұштастыра отырып зертханалық жұмыс түріндегі ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру кезінде.

Сонымен бірге, компьютерді пайдалану кезінде білім алушы нақты зертханалық жұмыстармен салыстырғанда тәжірибелерді өз бетінше жоспарлауға, оларды жүзеге асыруға және нәтижелерді талдауға әлдеқайда көп мүмкіндіктерге ие болатынын атап өткен жөн.

4) қайталау, бекіту (жауап таңдауы бар тапсырмалар, пернетақтадан сандық немесе ауызша жауапты енгізу қажеттілігі бар тапсырмалар, тапсырмалардың тақырыптық жинақтары, фотосуреттерді, бейнелерді және анимацияларды пайдаланатын тапсырмалар, жауапқа реакциясы бар тапсырмалар, көмекші материал) және алынған білімді тексеру кезінде (автоматты тексеру, бақылау және диагностикалық тестілері бар тест тапсырмаларының тақырыптық жинақтары). Оқушылар сабақтың осы кезеңдерінде виртуалды зертханалық жұмыстар мен тәжірибелерді орындаған кезде оқушылардың ынтасы артады – алған білімдерінің өмірде қаншалықты пайдалы болатынын көреді.

АКТ қолдану формалары.

Цифрлық білім беру ресурстары. Цифрлық білім беру ресурстарын (ЦБР) дайын электронды өнім ретінде пайдалану мұғалім мен оқушының іс-әрекетін белсендіруге мүмкіндік береді, пәнді оқытудың сапасын арттырады, биологиялық объектілердің маңызды аспектілерін көрсетеді.

Мультимедиялық презентациялар. Мультимедиялық презентацияларды пайдалану оқу материалын алгоритмдік түрде жан-жақты құрылымдық ақпаратпен толтырылған көрнекі анықтамалық бейнелер жүйесі ретінде ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда қабылдаудың әртүрлі арналары қатысады, бұл ақпаратты тек фактографиялық емес, сонымен қатар оқушылардың ұзақ мерзімді жадында ассоциативті түрде орналастыруға мүмкіндік береді.

Презентация – слайдтар түріндегі материалды көрсету формасы, онда кестелер, диаграммалар, суреттер, иллюстрациялар, аудио және бейне материалдар ұсынылуы мүмкін.

Презентация мүмкіндіктері:

- фильмдерді көрсету, анимация
- белгілеу (қажетті аумақты);
- гиперсілтемелер;
- қадамдардың реттілігі;
- интерактивтілік;
- объектілердің қозғалысы;
- модельдеу.

Презентацияны құру үшін сабақтың тақырыбы мен қорытындысын тұжырымдау, презентацияның сабақтағы орнын анықтау қажет.

Бейне және аудио материалдар. Бейне ойнатқыш арқылы сабақ өткізу оқушының пәнге деген қызығушылығын тудырады. National Geographic, Discovery және т.б. сияқты ғылыми-көпшілік деректі фильмдердің шетелдік продюсерлерінде биология сабақтарында көрсетуге болатын көптеген оқиғалар бар. 6-7 сыныптарда жануарлар мен өсімдіктердің алуан түрлілігі туралы сабақтарда бауырымен жорғалаушылардың, қосмекенділердің, сүтқоректілердің, балықтардың, құстардың, жәндіктер мен өсімдіктердің тіршілігі туралы баяндайтын «Life» фильмдерін пайдаланамын.

Мектептегі білім берудің қазіргі даму кезеңінде компьютерлік технологияны сабақта пайдалану мәселесінің маңызы зор. Ақпараттық технология оқушыны ғана емес, мұғалімді де дамытудың бірегей мүмкіндігін береді. Компьютер мұғалімнің жанды сөзін алмастыра алмайды, бірақ жаңа ресурстар қазіргі мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оны қызықты, нәтижелі етеді, оқушылардың биология пәніне деген ынтасын арттырады.

Бейнетүсірілімдердің озық технологиялары және арнайы әзірленген компьютерлік графиканы қолдану организмдердің жұмысын «іштен» бақылауға, олардың ерекшеліктері мен құпияларын ашуға мүмкіндік береді. Бұл үлкен эмоционалдық серпіліс тудырады және материалды игеру деңгейін арттырады, бастаманы және шығармашылық ойлауды ынталандырады.

Сонымен, биологияны оқыту процесінде АКТ-ны қолдану оның тиімділігін, білім сапасын арттырады, мектеп оқушыларының әртүрлі жалпы білім беру дағдыларын дамытуға ықпал етеді және пән мұғалімінің жұмысын жеңілдетеді.

Биология сабағында АКТ-ны қолдану маған мұғалім ретінде педагогика ғылымының даму тенденцияларынан хабардар болуға, кәсіби деңгейді көтеруге, ой-өрісін кеңейтуге, ең бастысы, оқуды нәтижеге бағыттай отырып, оқушы мен компьютер арасындағы белсенді диалог арқылы оқушының оқуға деген ынтасын арттыруға, биологиядан бастапқы білімдерді меңгеру, оларды жүйелеуге, оқулықпен және қосымша әдебиеттермен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. АКТ-ны қолдану арқылы ақпарат көзі мұғалім ғана емес, оқушының өзі де болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Сосновский Ю.В., Соколова Т.О. Технология використання компьютерных моделей при вивченні медичної біологічної фізики // [Електронний ресурс].

**Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ақжар ауылы
Саға мектеп-балабақшасы
Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
Амирова Анаргүл Куанышевна**



ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ ИГРА-КОНКУРС «ЗНАНИЕ – СИЛА»

Цель: Развитие познавательной активности учащихся.

Задачи:

- создать условия для развития познавательного интереса к предметам;
- развивать интерес к предметам;
- расширять кругозор учащихся;
- развивать внимание, память, логическое мышление, творческое воображение учеников.

Ход занятия.

- Добрый день, дорогие ребята! Я вас приветствую на интеллектуально-развлекательной игре «Знание - сила». Сегодня вам предстоит помериться силами знаний. Сильным будет считаться тот, кто больше знает.

I тур «Да – нет».

Вопросы:

1. Летучая мышь видит ушами. (Да. Нет.)
2. Бурый медведь – самый крупный из всех медведей. (Да. Нет.) (Белый)
3. Лапти – это обувь, сплетённая из бумаги. (Да. Нет.) (Из коры деревьев)
4. У паука 6 ног. (Да. Нет.) (8)
5. Бор – это сосновый лес. (Да. Нет.)
6. Манную крупу готовят из пшеницы. (Да. Нет.)

7. В озере Байкал солёная вода. (Да. Нет.)(Пресная)
8. У комаров есть зубы. (Да. Нет.) (22 зуба)
9. Северные олени едят грибы. (Да. Нет.)
10. Суффикс стоит после корня. (Да. Нет.)
11. Дед Мазай в половодье спасал щенят. (Да. Нет.) (Зайцев)
12. У треугольника все углы прямые. (Да. Нет.)
13. Чтобы найти периметр прямоугольника, нужно ширину умножить на длину. (Да. Нет.) (Сложить все стороны)
14. Имя прилагательное – это часть речи, которая обозначает признак предмета. (Да. Нет.)
15. Если на снежную бабу надеть шубу, то она растает. (Да. Нет.) (Шуба не даёт тепло)

II тур «Выбери ответ». Вопросы:

1. Какой породы был пёс Артемон в сказке «Приключения Буратино»?
1) Лайка 2) Пудель 3) Такса 4) Дворняжка
2. Зачем змее язык?
1) Чувствовать запахи 2) Дразниться 3) Жалить 4) Ловить комаров
3. Какая птица кричит громче всех?
1) Курица 2) Ворона 3) Голубь 4) Павлин
4. В какой стране корова является священным животным?
1) В Индии 2) В России 3) Во Франции 4) В Англии
5. Кто ходит на охоту в львиной семье?
1) Лев 2) Львица 3) Львята 4) Всё семейство
6. Какая рыба в природе не существует?
1) Рыба-игла 2) Рыба –меч 3) Рыба-ножницы 4) Рыба-нож
7. Куда деваются из скворечника скорлупки разбитых яиц?
1) Выталкивают 2) Съедают 3) Раздавливают 4) Выносят
8. У каких птиц самцы красные, а самки зеленоватые?
1) У снегирей 2) У клестов 3) У синиц 4) У щеглов
9. Какой гриб использовали врачи во время Великой Отечественной войны в медицине?
1) Мухомор 2) Опята 3) Трутовик 4) Белый гриб
10. В деревне есть часы такие, не мёртвые, а живые, ходят без завода, они птичьего рода.
1) Скворец 2) Петух 3) Будильник 4) Часы

III тур «Выбери тему».

Предлагаются 4 тем на выбор:

1. Спорт
2. Сказки
3. Явления природы
4. Вселенная

Вопрос к теме «Спорт»

Этот вид спорта развивался из кулачного боя, существовавшего как спортивное единоборство более 5 тысяч лет назад. (Бокс)

Вопрос к теме «Сказки»

Трое пытались поймать того, кто оставил без пищи двух стариков. Но этот тип трижды уходил от них. А четвёртый преследователь, прикинувшись глухим, поймал... Кого? (Колобка)

Вопрос к теме «Явления природы»

Это явление природы похоже на лёгкую дымку в воздухе, а иногда на белую, непрозрачную стену. Если утром дымка рассеется, то на траве обязательно будет роса. Что это? (Туман)

Вопрос к теме «Вселенная»

Звёзд на небе очень много, поэтому запомнить все трудно. Тогда люди разделили их на группы и нанесли эти группы на карты, соединив звёзды каждой чёрточкой. Как называются эти группы звёзд? (Созвездия)

Итог занятия.

- Наша интеллектуальная игра подошла к концу. Все вы были молодцы, показали свои знания, свою смекалку. Но всё же некоторые ребята отличились и победили. (Награждение победителей)
- Желаю вам дальнейших творческих успехов и прощаюсь с вами до следующей встречи на новой игре.



ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Аннотация: Проектная деятельность в образовательном процессе становится все более популярной, особенно на уроках русского языка и литературы. Данная статья рассматривает основные аспекты проектной деятельности, ее преимущества и методы реализации в учебном процессе. Мы обсуждаем, как проекты могут способствовать развитию критического мышления, творческих способностей и навыков работы в команде у учащихся. Также рассматриваются примеры успешных проектов и рекомендации по их внедрению в образовательную практику.

Введение

Проектная деятельность представляет собой метод обучения, основанный на выполнении учащимися исследовательских, творческих или практических заданий. В контексте уроков русского языка и литературы проектная деятельность позволяет не только углубить знания по предмету, но и развить навыки, которые будут полезны в жизни.

Преимущества проектной деятельности

1. Развитие критического мышления: Учащиеся учатся анализировать информацию, формулировать свои мысли и аргументировать позиции.
2. Творческий подход: Проекты стимулируют креативность, позволяя учащимся выражать свои идеи и находить нестандартные решения.
3. Навыки работы в команде: Совместная работа над проектом способствует развитию коммуникационных навыков и умения работать в группе.
4. Практическое применение знаний: Проекты помогают связать теорию с практикой, что делает процесс обучения более осмысленным.

Методы реализации проектной деятельности

1. Исследовательские проекты: Учащиеся выбирают тему, проводят исследование, собирают информацию и представляют результаты.
2. Творческие проекты: Создание литературных произведений, театральных постановок, художественных работ и др.
3. Социальные проекты: Участие в общественных инициативах, волонтерских программах, направленных на решение актуальных проблем.

Примеры успешных проектов

1. Литературный клуб: Создание клуба, где учащиеся обсуждают книги, пишут рецензии и организуют встречи с авторами.
2. Проект "Книга в подарок": Сбор книг для детских домов с последующим проведением литературных мероприятий.

3. Театральные постановки: Адаптация произведений русской литературы для сценического исполнения.

Рекомендации по внедрению проектной деятельности

1. Определение тематики: Выбор актуальных и интересных тем для проектов, соответствующих возрасту и уровню знаний учащихся.

2. Планирование: Разработка четкого плана проекта с указанием сроков выполнения и необходимых ресурсов.

3. Оценка результатов: Установление критериев оценки проектов, что позволит объективно оценить работу учащихся.

Заключение

Проектная деятельность на уроках русского языка и литературы является эффективным инструментом, способствующим развитию различных навыков у учащихся. Внедрение проектов в образовательный процесс помогает сделать обучение более увлекательным и значимым.

Использованная литература

1. Бакшеева, И. В. (2019). *Проектная деятельность в образовании: теория и практика*. Москва: Издательство "Просвещение".

2. Кузнецова, Н. А. (2020). *Методы активного обучения в школе*. Санкт-Петербург: Питер.

3. Соловьева, Т. В. (2021). *Творческие подходы к обучению русскому языку и литературе*. Казань: Казанский университет.

4. Фролова, Е. П. (2018). *Проектная деятельность как способ формирования ключевых компетенций у школьников*. Журнал "Современное образование", 3(2), 45-50.

Алматы облысы, Қарасай ауданы

Алмалыбақ ауылындағы орта мектеп-гимназиясының математика пәні мұғалімі

Майкельдиева Айдана Жомартовна



ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА

Оқушынының математикалық сауаттылығын, танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейімділігін арттыру, логикалық ойлауын қалыптастыру болып табылады.

- Математиканы үйренуге ынтасын арттыру, оқушыларды қызықтыру әрекеттерін қалыптастыру.
- Ойын дәлелді жеткізе білуге жаттықтыру.
- Математикалық сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту.
- Шығармашылық ізденіске жетелеу.
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша өзгертіп шығаруға жаттықтыру.
- Талдау, жинақтау, ұқсастықты табу, ерекшелікті ажырату әрекетін дамыту.
- Өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

«Қызықты математика» тапсырманы әр түрлі тәсілдермен шешуге, логикалық ойлауға, оның тереңдігі мен икемділігін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Әртүрлі жолдармен есеп шығарудың негізін

әзірлейді, тұлғалық –бағыттық тәсілді жүзеге асыруға ықпал етеді. Түрлі жолдармен есепті шешу оқушының өз бетінше айналысуына қосымша мүмкіндік туғызады, күнделікті өмірдегі кездейсоқ жағдаяттардан жол табу қабілеттерінің дамуын қалыптастыратын әрекеттерді дамыту бағытын ұстанады.

- Терең ойлау, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- Өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- Ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшелеп, оның ішінен керектісін таңдап алу;
- Ақпаратты жан-жақты талдау;
- Өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- Оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік позиция (көзқарас, дүниетаным) ұстану;
- Пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- Басқа да балама пікірлерді ескеру;
- Шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;
- Ортақ жұмысқа жұмыла білу;
- Басқалармен тиімді қарым-қатынас құру, өзара әрекеттесу;
- Үйренушілер ұжымына ортақ бірлесе жұмыс жасаудың рухани және моральдық ережелерін қабылдау;
- Оқушылар тобын ұжым ретінде қабылдау.

Бұл біліктер тұлғаның тұрақты қасиеттеріне айналып, тек сабақ кезінде ғана орын алып қоймай, сонымен қатар өмірдің басқа да жақтарынан тиянақты түрде көрінеді. Осы біліктер жинақтала келе мақсат етіп алған оқушының негізгі құзырлылықтарының қалыптасуына ықпал етуі сөзсіз. Өз іс-тәжірибемізде күнделікті сабақта, ашық сабақтар, сыныптан тыс шараларды өткізуде төмендегідей белсенді әдістерді қолдану арқылы оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру жүзеге асуда:

- Бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл сынып болып)
- Жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары
- Оқу, рөлдік және өндірістік (іскерлік) ойындар
- Пікірталастар
- Ақпараттың әр түрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай)
- Шығармашылық жұмыстар
- Жағдаяттар (ситуациялар) арқылы үйрену: нақты ситуацияларды талдау, кейс-стади
- Презентациялар
- Тренингтер, т.б.
- Математика сабағында белсенді әдістерді қолдану нәтижесінде оқушылар әрқашанда белсенді болып, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді. Мұндай сабақтарда бір ғана дұрыс жауап болмайды, өйткені басты мәселе дұрыс жауапты табуда емес, керісінше үйренушінің жеке тәрбиесіне негізделген іздену процесінің өзі болып табылады. Соңғы үш жылдағы білім сапасы және үлгерімі мониторингісін саралай келе, білім сапасының өскенін және әр сабақтан кейінгі оқушылардан алынатын кері байланыс парақтары, рефлексия кезеңіндегі жауаптары, арнайы жүргізілген сауалнама нәтижесі негізінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артқанын ескере отырып, математика сабағында белсенді оқыту .


«Қызықты математика» әр түрлі тәсілдермен шешуге, логикалық ойлауға, оның тереңдігі мен икемділігін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Әртүрлі жолдармен есеп шығарудың негізін әзірлейді, тұлғалық –бағыттық тәсілді жүзеге асыруға ықпал етеді. Түрлі жолдармен есепті шешу оқушының өз бетінше айналысуына қосымша мүмкіндік туғызады, күнделікті өмірдегі кездейсоқ жағдаяттардан жол табу қабілеттерінің дамуын қалыптастыратын әрекеттерді дамыту бағыталады.

Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
"Қ.Бекжанов атындағы №10 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Математика пәні мұғалімі
Төлекенова Тойған Жақыпқызы



МӘТІНДІ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ

Бөлім:		Қысқаша көбейту формулалары																			
Педагогтің Аты, Тегі; Әкесінің аты :		Төлекенова Тойған Жақыпқызы																			
Пән/Сынып:		7 «А» сынып. Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:																	
Күні:																					
Сабақтың тақырыбы:		Мәтінді есептерді шығару																			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		7.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру; 7.4.2.2 мәтінді есептерді теңдеулер және теңсіздіктер құру арқылы шығару;																			
Сабақтың мақсаттары:		– есеп шарты бойынша математикалық модель құрады; – мәтінді есептерді теңдеулер және теңсіздіктер құру арқылы шығарады,																			
Сабақ барысы:																					
Уақыты	Кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар																
5 минут	Ұйымдастыру	Сәлеметсіздерме! Бүгін, Мәтінді есептерді шығару тақырыбын қарастырамыз. Бүгінгі сабақта меңгеретініміз: – алгебралық өрнектерді көбейткіштерге жіктеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану жолы; 1) алгебралық өрнектерді көбейткіштерге жіктеу үшін ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару, -топтау, қысқаша көбейту формулаларын қолдану сияқты түрлі әдістің комбинацияларын қолдану жолы Қысқаша көбейту формуласын қайталау. «Tarsia» ойыны.	Амандасады, сабаққа дайындалады. 	«Бағдаршам» арқылы қалыптастырушы бағалау	Оқулық; оқу құралдары; тақта;																
5 мин	Жаңа сабақ.	Есептің берілген 1 есеп (теңдеу құруға): Егер қабырғасы x см шаршыға 3см-ге арттырса, онда пайда болған шаршының ауданы шаршының ауданынан 39см ² -ге артық болады. Кіші шаршының периметрін анықтаңыздар. Шешуі: Бірінші шаршының қабырғасы x см болсын. <table border="1"><thead><tr><th></th><th>Ұзындығы</th><th>Ені</th><th>Ауданы</th><th>Периметр</th></tr></thead><tbody><tr><td>Бастапқыда</td><td>x</td><td>x</td><td>x²</td><td>4x</td></tr><tr><td>Болды</td><td>(x+3)</td><td>(x+3)</td><td>(x+3)²</td><td>4(x+3)</td></tr></tbody></table> (x+3) ² өрнегі x ² -тан 39 см ² -ге артық екені белгілі. Теңдеу: (x + 3) ² – x ² = 39 x ² + 6x + 9 – x ² = 39			Ұзындығы	Ені	Ауданы	Периметр	Бастапқыда	x	x	x ²	4x	Болды	(x+3)	(x+3)	(x+3) ²	4(x+3)		«Бағдаршам» арқылы қалыптастырушы бағалау	Оқулық; оқу құралдары; тақта; QR 7 сыныпқа арналған оқулық
	Ұзындығы	Ені	Ауданы	Периметр																	
Бастапқыда	x	x	x ²	4x																	
Болды	(x+3)	(x+3)	(x+3) ²	4(x+3)																	

		$6x = 30 \quad x = 5 \quad 5 \text{ см} - \text{бірінші шаршының қабырғасы,}$ $5+3 = 8 \text{ см} - \text{екінші шаршының қабырғасы}$ $P=4*5=20 \text{ см.}$ Жауабы: кіші шаршыны периметрі 20 см.																								
10 минут	Бекіту тапсырмасы	2) Есеп шығару арқылы білім бекіту. 1. Екі есепті жұппен талқылау, есептің шешу жолдарын көрсету. 2 есеп: (теңсіздік құруға) Шаршының қабырғасын 4см-ге арттырды. Пайда болған шаршының ауданы бастапқы шаршының ауданынан 32см²-ге артық болатындай бастапқы шаршының қабырғасының ұзындығы қанша болуы керек? Шешуі: Бірінші шаршының қабырғасы x см болсын. <table><tr><td></td><td>Ұзындығы</td><td>Ені</td><td>Ауданы</td></tr><tr><td>Бастапқыда</td><td>x</td><td>x</td><td>x²</td></tr><tr><td>Болды</td><td>(x+4)</td><td>(x+4)</td><td>(x+4)²</td></tr></table> (x+4)² өрнегі x²-тан 32 см²-ге артық екені белгілі. Теңсіздік: $(x + 4)^2 - x^2 > 32$ $x^2 + 8x + 16 - x^2 > 32 \quad 8x > 16 \quad x > 2$ Жауабы: бірінші шаршының қабырғасы 2см-ден артық болуы тиіс. 3.Тізбектес екі натурал сандардың квадраттарының айырмасы 5-ке тең. Осы сандардың квадраттарының қосындысын табындар. Шешуі: Бірінші сан n болсын. <table><tr><td></td><td>Сан</td><td>Квадрат</td></tr><tr><td>1</td><td>n</td><td>n²</td></tr><tr><td>2</td><td>n+1</td><td>(n+1)²</td></tr></table> Теңдеу: $(n + 1)^2 - n^2 = 5 \quad n^2 + 2n + 1 - n^2 = 5$ $2n = 4 \quad n = 2$ Бірінші сан – 2, екінші сан – 3. Квадраттарының қосындысы: 4+9=13 Жауабы: 13 1) Тізбектес екі натурал сандардың квадраттарының айырмасы 5-ке тең. Осы сандардың квадраттарының қосындысын табындар. 2) Квадраттарының (үлкені мен кішісінің) айырмасы 7-ден кіші болатындай, тізбектес екі натурал сандар қандай болуы керек? 3) Қаладағы кинотеатрда екі кинозал бар. Екеуі де шаршы түрінде, қатардағы орындармен бағандары орындар сәйкес келеді. Алайда бір залға екінші залға қарағанда 1/3 адам артық сыйды, себебі қатар саны мен қатардағы орын 5-ке артық. Кинотеатрға бір мезгілге екі кинозалға да қанша көрермен қатыса алады? Геометриялық есеп Тікбұрышты параллелепипедтің ұзындығы енінен 5см-ге артық және биіктігінен 5см-ге кіші. Бүбір бетінің ауданы 244см². Параллелепипедтің өлшемдерін табыңыздар. 		Ұзындығы	Ені	Ауданы	Бастапқыда	x	x	x ²	Болды	(x+4)	(x+4)	(x+4) ²		Сан	Квадрат	1	n	n ²	2	n+1	(n+1) ²	Оқушылар дескрипторға сәйкес тапсырмаларды орындайды. QR тапсырмалары  Жазылуы бойынша формулаларды жалғастырады (1) ҚКФ ажырата алады (1) Формулань ауызша тұжырымдай алады Оқулықтан есептерді шығарады.	Дескриптор: -қысқаша көбейту формуларынд ы біледі; -қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулер ді біледі.	Оқулық; оқу құралдары; такта; Карточкала р;7 сыныпқа арналған оқулық
	Ұзындығы	Ені	Ауданы																							
Бастапқыда	x	x	x ²																							
Болды	(x+4)	(x+4)	(x+4) ²																							
	Сан	Квадрат																								
1	n	n ²																								
2	n+1	(n+1) ²																								
20 мин	Оқулық пен жұмыс	Бас дәрігердің жалақысы 158 000 теңге. Медбикенің жалақысы қарапайым дәрігердің жалақысынан 34000 теңгеге кем. Үшеуінің жалақысының мөлшері 284 000 мыңнан артық емес. Әрқайсысы ең көп дегенде қанша жалақы алады? Жауабы: Бас дәрігер тг. Дәрігер тг. Медбике тг. Саламат картончасының құпия кодын ұмытып қалды. Бірақ кодтың 1822 мен 1827 сандарының аралығында орналасқаны және 4-ке еселі болатыны есінде қалған. Саламаттың картончасының құпия кодын тап. Жауабы: .	Тапсырманы орындайды	Оқушының тақтадағы белсенділігіне байланысты ауызша бағалау																						

5 минут	Бүгінгі сабақта: – алгебралық өрнектерді көбейткіштерге жіктеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану; – алгебралық өрнектерді көбейткіштерге жіктеу үшін түрлі әдістердің комбинацияларын қолдану. - Кері байланыс. Сабақта шығарылған тапсырмалар бойынша әр оқушы өзін – өзі бағалайды: «Білім үшбұрышы» Үй жұмысы. №4 /есептер жинағы/	Тақырыпты меңгергенін анықтау 	Оқулық; оқу құралдары; Кері байланыс
---------	--	---	--

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы
“№30 жалпы білім беретін мектеп” КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
Копбаева Света Мухамбеткалиевна



ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

(Әдістемелік құрал)

Кіріспе

Жыраулар поэзиясының көркемдік ерекшеліктері .

Қазақстанның бай тайпалары туғызған рухани қазынасы мол, сарқылмас мұра, сап алтындай қазынасы-ауыз әдебиетінің арқасында жеткен мұрасы жыраулар поэзиясы. Біздің дәуірімізге, негізінен ауызша жетті. Көне ,ортақ арнадан бөлініп, қазақ халқының төл мәдениеті өркен жая бастады. Жыраулық поэзия қазіргі Қазақстан жерін қоныстанған ежелгі тайпалар туғызған бай рухани қазынадан нәр алды, ежелгі дәстүрлері дамыту, тың тақырыптар игеру, жаңа мазмұны қалыптастыру нәтижесіндегі кемелденді. Қоғам, дін, этика, адамгершілік, қарыз бен парыз, ерлік пен ездік, байлық пен кедейлік, дүние мен дүние жайлы сан-салалы ойлар тоғысқан философиялық туындылар. Жыраулық поэзияның терең дүниетанымдық сипатын аңғартады.

Жыраулар поэзиясы – дербес мемлекеттік дәрежеде өмір сүрген . Қазақ хандығы атты дәуірдің әдеби мұрасы. М,Мағауиннің айтуынша «Қазақ халқының жалпы түркілік ортақ этнос құрамынан бөлініп, дербес Орда құрған хандық заманы төрт ғасырға жуық ұзақ дәуірге созылды.» Ол тағы бірде «15-18 ғасырларда жасалған әдебиет ел мүддесін, жұрт мұратын бірінші орынға қойды.» Өзіндік түр тауып, айқын ұлттық сипатта қалыптасты. Алаштың жайсаң жанын , өр рухын бедерлей таңбалап , келер ұрпақ ешқашан ескірмес үлгілер тудырды. Көркемдік танымның асқар биігіне көтеріліп, әлемдік өредегі ұлы шығармалар қалдырды. Яғни, жыраулар поэзиясы - қазақ сөз өнерінің әлемдік классикалық шығармалар шоғырына қосылатын біздің ұлттық рухани қазынамыз.

Жыраулар поэзиясының даму кезеңдері үш кезеңге бөлініп қарастырылады:

1 кезең. 11-14 ғасырлар жыраулық дәстүрдің негізін қалаған кезеңі: Кетбұғы, Сыпыра жыраулардың, Қодан тайшының бізге жеткен мұралары.

2 кезең. 15-16 ғасырлар жыраулық поэзиясының қалыптасуы кезеңі:

Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз жыраулардың шығармашылығы.

3 кезең. 17-18 ғасырлар жыраулық поэзияның неғұрлым кемелденген кезеңі :

Жиембет, Тәтіқара, Үмбетей, Ақтамберді. Бұқар жырау толғаулары.

Жыраулар поэзиясының жариялану, зерттелу жайы.

Жыраулар поэзиясы-қазақ мәдениетіне ғана тән бірегей тарихи –мәдени құбылыс. Бірегей құбылыс болатын себебі-дүние жұртының арғы-бергі тарихында қазақ жыраулары мен олардың жыр-толғауларына дәлме-дәл сәйкес келетін әдеби шығармашылық иелері де , шығармалар да кезікпейді. Ал жыраулар поэзиясының өзімен дәуірлес өзге елдер әдебиетіндегі үлгілерден бөлек арна түзеп, өзіне ғана тән мазмұнымен және өзіне ғана тән пішінімен тарих сахнасына шығуының сыры оның қазақ топырағында тарихи оқиғалармен, тарихи жағдайлармен орайласа тууында жатыр. Жыраулар поэзиясының 15-18 ғасырларда қанат жая дамуының ең негізгі себебі –жыраулардың дербес елде өмір сүріп, өз елінің тағдырына, болашағына қатысты ойларын ашық айтуға мүмкіндік алуында жатыр. Осы тұрғыдан келгенде ,жырауларды өз елінің арман-аңсарын, мақсат-мұратын жырлаған, Халқының өмір салтын, тіршілік-тынысын боямасыз бейнелейтін еркін ойлы шығармашылық иелері ретінде тану абзал.

Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулық поэзиясында ерлік тақырыбының басымдық алып, өз мемлекетінің тәуелсіздігі мен оның даңқын арттыру жолында күрескен батырлардың ержүректілігі мен қайтпас қайсарлығын жырлау ең өзекті мәселе болды. Жыраулар билеушілердің және адамдар жоқшылық дегенді білмей , молшылықта өмір сүретін қоғамның мінсіз бейнелерін жасайды. Олар өздерінің поэтикалық монолог-толғауларында маңызды мемлекеттік мәселелермен қатар, әдеп пен мораль, ар-намыс, қадір-қасиет мәселесін де қозғаған. Өмір мен өлім туралы, дүниенің құбылмалылығы мен жалғандығы туралы өз ойларын толғады.

15-18 ғасырларда өмір сүрген жыраулар мен ақындардың көпшілігі сарай маңында көрінді. Мұндай сипатты Шығыс, Орта Азия елдерінің ақындары өмірінен байқаймыз. 17 ғасырда патша сарайында ертекші, әңгімешілер ұстаған. Сөз өтімді, халыққа беделді мұндай адамдарды ел билеушілер тірек етпеуі, өз маңында ұстамауы мүмкін емес.

Жырау –өлең сөзді қару еткен өнер адамы, халықтың қамын ойлай білетін парасаты мол ел ағасы, қысылғанда жол табар ақылшысы, уақыт, оқиға сырын, замана бағыт-бағдарын ақыл таразысына салыпсынай, салмақтай білетін, болжағаны болып , айтқаны келетін тапқыр да көреген дана абыз. Жырау ел тағдырын шешер ірі оқиғалар, аса мәнді, көкейтесті мәселелер турасында толғанады. Халық қайғырғанда демеп, қуанғанда қанат бітіріп, ақыл қосатын асыл сөз иесі-жырауларды өзгелерге қарағанда аса қадір тұтқан. Жыраулық поэзияның алғашқы өкілдері, кезінде бүкіл Дешті Қыпшаққа даңқы жеткен Қодан Тайшы, Сыпыра жырау, Асан Қайғы, Қазтуған жыраулар жаңа әдебиеттің ізшарлары ғана емес, көне мұраны жалғастыраушылар деп саналады.

Жыраулар әлеуметтік мәні зор, ірі, келелі мәселелерді жырласа, ақындарын өмірімен қоян-қолттық, бетпе- бет келіп сан қилы тақырыпта өлеңдер шығарады. Бұл сипаттарда Тәтіқара, Көтеш, Шал шығармаларынан, 20 ғасырдағы ақындардан мұрасынан айқын аңғарылады.

Ордада ханның қасында әр уақытта ақылшы жыраулар болған. Жыраулар – халық поэзиясын жасаған ақылгөй даналар. Олар заманның өздері куә болған елеулі оқиғаларын, тарихи кезеңдерді жырға қосқан. Жыраулар поэзиясына дейінгі әдебиет халық жасаған деп аталады. Жыраулар поэзиясы Қазақ хандығы құрылғанан бастап өріс алды.

Жырауларды халық қадір тұтқан. Ел толқыған кезде, бүлікшілік шыққанда немесе ел шетіне жау келген кездерде ақыл-кеңес сұрайтын болған. Мұндай кезде жырау жұртшылықты абыржымауға шақырып, оларға күш-қуат берген, дем беріп қолдаған, істің немен тынатыны жайлы болжамдар айтып отырған.

Жырау деген атау «жыр » сөзінен шыққан. Жыршы деп көптеген эпостық жырларды жатқа білетін, дайын репертуары бар айтқыштарды таныған. Жыраулар өз шығармаларын ақыл-кеңес, нақыл, өсиет түрінде айтқан. Олардың толғауларының негізгі тақырыбы –туған жерді, елді сүю, Отанды қорғау, елді бірлікке шақыру, адамгершілік қасиетті насиқаттау.

Жыраулар поэзиясының көркемдік-идеялық ерекшеліктері.

